

М.М.Алиев

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ**

Астана 2006

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің ғылыми-әдістемелік
кеңесімен келісілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігі
бағдарламасы бойынша басылған

Баспаға Қазақ гуманитарлық-заң Университетінің қылмыстық құқық және
криминология кафедрасы ұсынған.

Заң ғылымдарының докторы, профессор М.С.Нәрікбаевтың жалпы
редакциясымен

Пікір білдіргендер:

Оразалинов С.Ш. – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Құқықтық насихат, мемлекеттік тілді дамыту және жұртшылықпен байланыс
департаментінің директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, профессор, академик.

Әбдірахманов С.И. – ҚР Жоғарғы соты қадағалау алқасының судьясы,
Жоғарғы соттың тәртіптік-біліктілік алқасының төрағасы, 1 біліктілік дәрежедегі
судья.

Алиев М.М.

**Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары: Оқу
құралы.. М.М. Алиев, Астана, 2006 ж..**

Ұсынылып отырған оқу құралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл
комитетінің бағдарламасына және құқықтану мамандығы бойынша мамандарды
мемлекеттік тілде оқытып, дайындаумен айналысатын жоғары оқу орындарының
бағдарламасына сәйкес дайындалды. Автор Қазақстан Республикасында сот-
құқықтық реформа жүргізу барысында заң актілеріне енгізілген өзгерістер мен
толықтыруларды ескере отырып, оқу пәнінің мәселелерін қамтыған. Оқу
құралының негізі ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері,
“Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы”
Конституциялық заңның нормалары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
нормативтік қаулылары, сондай-ақ республика соттарының жұмыс тәжірибесінен
материалдар алынған.

Оқулық жоғары оқу орындарының мемлекеттік тілде білім алатын
студенттеріне, ғалымдарға, тәжірибеден өтіп жүрген заңгерлерге, сот,
прокуратура, ішкі істер органдарының, ҰҚК және басқа да құқық қорғау
органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ оқырман қауымға ұсынылады.

АЛҒЫСӨЗ

Осы оқу құралы “ҚР құқық қорғау органдары” атты оқу пәнінің үлгілік бағдарламасына сәйкес заңгерлік кәсіп мамандарын дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары үшін әзірленді. Оқу құралында Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы”, “Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы” Жарлықтарын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстерінің, сондай-ақ Республиканың Жоғарғы Соты Төрағасының қолданыстағы бұйрықтары мен нұсқаулықтарының нормаларына түсініктемелер мен жан-жақты талдау қамтылған. Сот билігі органдарының практикалық қызметін жинақтау материалдарының негізінде дайындалуы оның маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған оқу құралының көкейкестілігі, ғылыми және практикалық пайдалылығы екі маңызды объективті факторлармен байланысты. Біріншіден, “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Конституциялық заңның қабылдануына байланысты демократиялық үрдістерді дамытуда, құқықтық мемлекет құруда соттар мен судьялардың ролі арта түсті. Судьялардың III съезінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев атап өткендей “Адамдардың сотқа сенуі және қорғау үшін, судьяларға, өркениетті елдердегідей жиі жүгіне бастауы - сот-құқықтық реформаның басты нәтижесі болды”. Екіншіден, оқу құралы сот билігін реформалауға толық және жүйелі талдау жүргізілген және ел Тәуелсіздігінің 10-шы жылында сот жүйесінің жай-күйі туралы толық мағлұмат беретін алғашқы отандық жұмыстардың бірі болып табылады. Жүргізілген сот-құқықтық реформасына байланысты сот органдарының қызметі сот төрелігін жүзеге асырудың барлық бағыттарында сапасына әсер еткен маңызды өзгерістерді бастан кешті.

Осы оқу құралы – сот жүйесі қызметінің қағидаттары мен сипаттарын тұжырымды түрде өзгерткен жаңа заңдарды қолдану мәселелері бойынша жемісті талдау жұмысы. Сонымен қатар, оқу құралында сот билігін жүзеге асырудың өзекті мәселелері бойынша нақты айқындалған әрі негізделген ұстанымдар мен болжаулар қамтылған. Автор құқық қолдану практикасының қазіргі жай-күйін талдай келе, жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді шеберлікпен көрсетіп, осы қателіктерді жоюдың мүмкін жолдарын ұсынады.

Оқу құралы мазмұны бойынша бірегей әрі құқық қорғау органдары жүйесінде және сот жүйесі органдары саласында көптеген жылдар бойы қызмет атқарған автор дайындағандықтан, аса ғылыми, практикалық құнды болып табылады.

Оқулық ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру мәселелері қызықтыратын оқырмандарға арналған.

**ҚазМЗУ ректоры,
заң ғылымдарының докторы,
профессор
М.С. Нәрікбаев**

Бірінші бөлім ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ

1-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІ: ТАРИХЫ, ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

1. Қазақстанда би және қазы соттарының пайда болуының тарихи алғышарттары

Қазақ даласында сот органдарының пайда болу және қалыптасу тарихы – қазақ қоғамының жылнамасындағы ерекше беттер. Қазақстандық сот билігін қалыптастыру мен бекітудің негізгі өлшемдерін түсініп ұғыну үшін қазақ даласындағы қарапайым құқық тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған құқық нормаларының, заңдар мен салт-дәстүрлердің тарихы мен оның дамуын терең игеру қажет.¹

Қазақ халқының тарихындағы сот төрелігі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіне терең тамырын жайған. Билерге тиесілі сот билігінің қазақ қоғамында ерекше маңызы бар, ол басқару жүйесінде биліктің жетекші нысанына айналды. Көшпелі ұжымдарда басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде де, рулар мен олардың қарауындағылардың да даулары мен талаптарын талқылаудан тұрды. Судьялар нормаларды, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ осы шешімдерді орындауға келтіру әдістері мен нысандарын айқындауда едәуір құқықтарға ие болды.

Билердің қызметі тек сот төрелігін жүзеге асырумен шектелмей, олар қоғам өмірінің басқа да салаларына белсене қатысты: біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз ретінде сөз сөйледі. Олардың салмақты пікірлерімен тіпті, жоғары шонжарлар – сұлтандар мен хандар да санасты. Билердің көшпенді ұжымдардың басында да тұруы да аз емес. Демек, сол кездің өзінде соттар аса құрметті және тәуелсіз орган болған.

Өзінің көнелілігі мен ескілігіне қарамастан, қазақ халқының дағдылы құқығы феодал тап өкілдерінің де, билердің де құқықтарын жақсы қорғаған. Биді сөзбен жәбірлеу, сот талқылауы кезінде билерге қарсы сөз айту, оларға зақым келтіру және т.б. адат бойынша қатаң жазаланды. Дағдылы құқық сондай-ақ билердің мүліктік, жеке және отбасы мүдделерін де қызғанышпен қорғады.

Билердің қоғамдық жағдайының тағы бір ерекшелігін де еске сала кеткен жөн. Олар сұлтандар сияқты қазақ руларынан шет болған жоқ. Олар қауым қорынан шықты, олардың мүшелері болып, сұлтандарға қарағанда халыққа жақын тұрды. Әрбір ру тайпасында ұжымның ішкі және сыртқы істерінен хабардар бір не бірнеше билер болды.

¹ Нарикбаев. М.С. Казахстан: Судебно-правовая реформа и дальнейшие пути ее совершенствования // Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. Астана, 1998, 7-бет

Үстем идеология барлық ру мүшелері мүдделерінің біртұтастығын, билер мен қатардағы көшпенділер арасындағы айырмашылықты көрсетті. Билер туралы елес халық қолдаушысы-судья ретінде әлі толығымен жоғалған жоқ. Мұның барлығы билердің қоғамда аса берік орын алғандығына саяды. Кейбір зерттеушілер әлденені сөз қылып жатады. Олар үшін билер – жай ғана ірі феодал. Осылайша билердің ерекшелігін белгілі бір феодал тобы деп қана баға береді де, орындалуы өз кезегінде осы топ өкілдерінің баю көзі болып табылатын оның қоғамдық қызметтері деп көзге ілмей, шек келтіреді².

Дауларды қазақ құқығының атақты білгірлерінің арасынан мүдделі тараптар таңдап алған билер шешті. Қазақ халқының тарихында әділдігімен, тапқырлығымен атағы жайылған көптеген билердің есімдері белгілі. Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлы – міне осылар үздік билер болды. Олардың жігерлерімен, білімдерімен және данагөйлігімен “Жеті жарғы” дағдылы құқық нормаларының жинағы жасалды. Бұл қазақ қоғамы мен жалпы қазақ мемлекеттілігінің құрылысын сала бастаған кірпішке айналды.³

Кеңес билігі құрыла бастағаннан сол құрылыстың көшбасшысы болған жаңа сот органдары құрыла бастады.

Қазақстанда, оның ішінде оңтүстік облыстарда дағдылы құқықтарға негізделген би соттарымен қоса, ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Құран нормаларын басшылыққа алатын қазылардың соттары өмір сүрді. Бұл Қазақстанды мекен еткен халықтардың ислам дінін қабылдауымен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға өтіп, жаңа құқықтық жүйе – мұсылмандық немесе шарифаттың бекітілуімен байланысты болды. Шарифат – бұл заң нормаларының, адамгершілік қағидаттарының және өзін-өзі ұстау ережелерінің жиынтығы. Құқықтың негізгі көздері Құран мен Сүрелер – Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен нақыл сөздері туралы әңгімелер – хадистерде баяндалған қасиетті әңгімелер. Бұл соттарда ауыр істерді талқылауды жүзеге асыратын молдалар судьялар болып табылды.

ХХ жүзжылдықтың басында көптеген облыстар мен уездерде көбінесе шешендер қазылар сотының сақталуын, ал қазылар соты жоқ жерлерде оларды құруды сөз еткен жиналыстар мен съездер болып жатты. Мәселен, қазақ буржуазиялық тобының Торғай облыстық съезі жұмыс істеп жүрген қазылар мен билер соты сақталады және халық соты ретінде бұрынғы негіздерде қызмет етеді деп шешім қабылдады; би-судьялардың төтенше съезін одан әрі шақыруды Уақытша үкіметтің уездік комиссары жүзеге асыруға тиіс болды.

² Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в., - Алма-Ата, 1958. – 193-201-беттер

³ Нарикбаев М.С. Казахстан: Судебно-правовая реформа и дальнейшие пути ее совершенствования// Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998. - 9,10-беттер

1917 жылғы 19-22 сәуірлерде Орал облыстық съезі істерді Құран негізінде шешетін, яғни шарифат нормаларын басшылыққа алатын қазылар сотын құру туралы шешім қабылдады⁴.

1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында алашордашылардың бүкілқырғыздық съезі “Алаш” партиясын құру туралы қаулы қабылдады. Осы съездің сот ісін жүргізу бойынша шешімінде былай делінді:

қазіргі халық соттары өздерінің жағдайларын сақтап қалады және бұрынғы негіздерде жұмыс істейді;

қазақтардың діни мәселелерін орынборлық дін мекемесі шешеді. Дін мекемесінің жанынан қазақ бөлімі ашылып, қазақтардың істерін татар судьялар мен мүфтилер бірігіп шешеді;

әр облыстан бір-бірден дін судьясы таңдап алынады.

Осы съезде бес судья -қазыларға жоғары ақшалай жалақы белгіленді.

“Алаш” партиясының 1917 жылдың 20-25 тамызында Ақтөбе қаласында өткен екінші Торғай облыстық съезінің шешімімен былайша қаулы етілді: “Далада бұрынғы халық соты жұмыс істеуі тиіс”.⁵ Алашордашылардың осы ұстанымын сол кездің басқа да ойшылдары, сондай-ақ кеңес билігінің алғашқы жылдарында осы идеяны белсенді қорғаған әрі насихаттаған судьялар қолдады. Өз ұсыныстарының әділдігін дәлелдеу үшін мақала авторлары Германия мен Англияның сот тәжірибесіне сүйенді. Олардың пікірінше, Англияда сот ісін жүргізу әділ, өйткені оның ұзақ уақыт қолданылып келген заң ережелері халықтың салт-дәстүріне айналған сияқты. Ал дәстүрге айналғандар сот тәжірибесінде де тұрақты негізге ие болады.

Кеңес кезеңінде Коммунистік партия мен үкімет Қазақстанның кеңестік сот органдарына адат пен шарифат нысандарын қолдануға тыйым салған жоқ. Үкімет бұл орайда нақты тарихи жағдайды көпшілік халықтың мәдениетінің деңгейі мен танымын, Қазақстан халықтарының тұрмыстық ерекшеліктерін ескерді.

Соттарда адат пен шарифаттың кейбір нормаларын қолдану Кеңес үкіметі осы құқық нормаларына қарсы күрес жүргізген жоқ дегенді білдірмейді. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру Қазан төңкерісіне дейін үстемдік құрған шарифат пен адат нормаларында бекітілген патриархтық-феодалдық қатынастарда қазақтардың тұрмыстық ерекшеліктерін қорғауға соттың бейімделгенін білдірмейді. Керісінше, еңбекшілердің мүдделерін қорғаған соттың ролі олардың реакцияшыл элементтердің қолындағы қаруы болып табылған қалдықтармен белсенді күресте айқындалды. Сондықтан социалистік қоғамның тұрмыстық өмірінде негізгі бастамаларымен сыйысқан жоқ.

Егер жұмысшы-шаруа үкіметінің заңдары мен декреттеріне қайшы келмеген жағдайларда ғана, кеңес соттарының өз қызметінде шарифат пен адат нормаларының пайдалануына жол берілді.

⁴ Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. Алма-Ата. Издательство “Казахстан”. 1966, 40-б

⁵ Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. Алма-Ата. Издательство “Казахстан”. 1966, 40-б

Мәселен, 1920 жылдың 8 шілдесінде Торғай Кеңесінің съезі судьяның баяндамасы бойынша былайша қаулы етті:

“Егер дағдылы құқық әйел болсын, ер адам болсын оның жеке өміріне нұқсан келтірмейтін болған жағдайларда, және егер ол құқықтық қатынаста да еңбекшілердің көпшілігін шынайы босатуды қорғайтын Кеңес билігінің декреттеріне қайшы келмейтін болса, халық сотының дағдылы құқықты қолдануын құптайды, ал олай болмаған жағдайларда халық соты революциялық сана сезімді басшылыққа алуы керек”.

Дағдылы құқық пен шарифат нормаларының көпшілігі революциядан кейін жалпы сотта қолдануға мүмкін болмады. “Мысал ретінде келтіре кетейік: біріншіден, қазақ дағдылы құқығының нормалары бойынша кісі өлтіру, зақым келтіру, бұзақылық, тонау, ұрлық және т.б. сияқты қылмыстар жасағаны үшін кінәлі адам жәбір көрген немесе оның туыстарына құн (мүліктік қалпына келтіру) немесе айып (айыппұл) төлеуге тартылуы тиіс, бірақ бұл ереже кеңестік құрылыс жағдайында ешқандай тиімді болған жоқ. Екіншіден, отбасылық-неке қатынастарын реттейтін қазақтың дағдылы құқық нормалары айқын рулық тұрмыстың қалдықтары еді, отбасы қожайынының шексіз билігін және әйелдер мен балалардың құқықсыздығын бекітті. Ол еңбекшілердің мүддесіне, Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің саясатына қайшылық келтірді.

Шарифат пен адат нормаларын негізінде билер мен қазылар соты өз қызметінде қолданды. Бұл нормалар билер мен қазылардың ұсақ істерді қарау кезінде және әдетте, қазақтардың арасындағы немесе қазақтар мен өзбектердің (қырғыздардың) арасындағы дауларды шешу кезінде қолданылды.

Кеңестік халық соттары істерді қарау кезінде адат пен шарифаттың нормаларын жиі қолданған жоқ, оларды тек біреуді ренжіту немесе аса көп емес материалдық шығын келтірген жағдайларда ғана қолданды. Кеңес сотында дағдылы құқық нормаларын қолдану судьялар мен халық заседательдерінің революциялық санасы мен революциялық құқықты білуіне қарай болды. Неғұрлым күрделі істер (контрреволюциялық қылмыстар, алыпсатарлық, социалистік меншікті тонау туралы) дағдылы құқық пен шарифаттың нормаларын қолдануға рұқсат берілетін халық соттарында емес, революциялық трибуналдарда талданды.

Билер мен қазы соттары революциялық комитеттер мен жергілікті кеңестердің бақылауында болғандығын атап өту қажет. Қазы не би сотының шешімімен келіспеген кез келген тараптар жергілікті халық сотына жүгіне алатын болды.⁶

Қарастырылып отырған кезеңде көшпелі қазақ ауылында кеңестік соттармен қатар аралық соттар түрлері бойынша сот төрелігі функциясын жүзеге асыратын “ақсақалдар соты” жұмыс істеді. Ақсақалдар соты мағынасы жағынан билер мен қазылар сотынан ешбір айырмашылығы болған жоқ.

⁶ Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. Алма-Ата. Издательство “Казахстан”. 1966, 61-62-б

Билер, қазылар және ақсақалдар соттары Кеңес үкіметінің қатаң тыйымдарына қарамастан Қазақстан аумағында 30 жылдарға дейін өмір сүрді. Билер, қазылар және ақсақалдар соттарының сот істерін қарау фактілеріне қарсы күрес мәселелері Қазақ АКСР ӘХК-де (Қазақ АКСР Әділет халық комиссариатында) бірнеше рет талқыланды. Нәтижесінде 1920 жылдың басында республиканың Әділет халық комиссариаты “Аралық соттарды тарату туралы” өкім шығарды, онда қазақ ауылындағы ақсақалдар соты туралы сөз болды. Партиялық, кеңестік органдардың пәрменді қадамдарына қарамастан қазылар, билер және ақсақалдар соты республиканың көптеген аймақтарында өз істерін жалғастыра берді. Мәселен, Сырдария облысында мұндай соттардың 1922 жылы – 27-сі, 1923 жылы – 14-і, 1924 жылы 2-еуі және 1925 жылы – 1-еуі тіркелген.

Біз статистикалық мәліметтер жергілікті жерлердегі істердің нақты жағдайларын көрсететін объективті пікірі болып табылмайтын сол тоталитарлық режимнің, кеңес кезеңінің мемлекеттік статистикасының ресми мәліметтерін келтірдік. Партиялық-кеңестік органдар көбінесе қажет нәрсені ғана берді. Сондықтан қазылар, билер және ақсақалдар соттары Қазақстан аумағында, әсіресе, оның шалғай аудандарында көпке дейін қызметін жалғастырды. Қазақ АССР-нің 1924 жылғы 22 тамыздағы өкімінде ең далаларда аралық соттардың бір түрі - ақсақалдар соты жұмысын жалғастыруда деп көрсетілген. Олардың ерекшелігі - тек Кеңес билігінің қандай да бір регламентациясына ғана емес, дағдылы құқық нормаларынан да толық тәуелсіз болды. Қазақ АКСР-нің Әділет халық комиссары өкімнің қорытынды бөлігінде сот әділдігін заңсыз жүзеге асыратындарды РСФСР ҚК-нің 10-91 бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуды көрсетті.⁷

Қазақстан аумағында билер, қазылар сотының, сондай-ақ ақсақалдар сотының тоқтатылғанына қарамастан, олар Кеңестік Қазақстанның халықтық, облыстық және Жоғарғы соттарын қалыптастыру мен дамытуда маңызды роль атқарды. Билер, қазылар және ақсақалдар соттарының қызметі туралы мұрағаттық жәдігерлер Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің дамуының қазіргі кезеңінде де маңызды ролге ие. Қоғамымызда сот-құқықтық реформалаудың жүргізілуіне байланысты осы соттарды құру және даму тәжірибесі айрықша маңызды. Осы соттарды ұйымдастыру мен оның қызметінің көптеген ережелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырыстарында бірнеше рет жобасы талқыланған “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын жасау кезінде зерделеніп, барынша қолданылды. Осы заң жобасын әзірлеу кезінде судьялар ғана емес, Президент Әкімшілігінің, Бас Прокуратураның, Әділет министрлігінің жауапты қызметкерлері, ғалымдар және заңгерлер қауымы қатысты.⁸

⁷ Сапарғалиев М. История народных судов Казахстана. Алма-Ата. Издательство “Казахстан”. 1966, 66-б

⁸ М.М. Алиев. “Деятельность суда биев и казиев в Казахстане”. Сборник “Суды и их роль в укреплении государственной независимости”. Астана, 2001, С. 279-284

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында билер сотын құрудың перспективалары. Статистика мәліметтері көрсеткендей, соттардың қараған және шағым берілмеген істерінің негізгі саны – бұл азаматтық-құқықтық және әкімшілік сипаттағы ұсақ даулар санаты. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: осындай санаттағы істерді билер сотының (бітімгерлік судьяларға) қарауына беруге бола ма?

Билер сотын құру қажеттігі, біздің пайымдауымызша, мынадай мән-жайларға:

халықтың және өзін-өзі басқару институтының құқықтық сауаттылығын арттыруға, белсенді азаматтық ұстанымды дайындауға, сот төрелігін атқару бойынша қызметке азаматтарды тартуға;

қазақ сот төрелігінің ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескеруге, қылмыстық-түзету сипатындағы (күн, айып, көпшілік алдында кешірім сұрау, көпшілік соты) шараларды қолданбастан туындаған дауларды шешу мүмкіндігіне;

жекелеген этникалық топтардың туыстық байланыстармен тұру жиынтығына, ортақ менталитетті білдіретін, оның ішінде кінәлілерді жазалау мәселелерінде діни және дәстүрлік байланыстардың ортақтығына;

заңды бұзушыға моральдық-этикалық және адамгершілік императивті ықпал етуді бір мезгілде күшейте отырып, азаматтардың арасындағы қатынастарға мемлекеттің құқықтық әсер ету саласын азайтуға;

билер соты шешімінің орындалуын мәжбүрлеп орындату арқылы емес, ұжымдық әсер ету және талқылау арқылы қамтамасыз етуге байланысты.

Жазылғандарға байланысты би болуға үміткерлерге қандай талаптар қойылады деген сұрақтар туындайды?

Би болуға үміткерлерге қойылатын жалпы талаптар мынадай болуы мүмкін:

- оны құрметтейтінін растап, сот учаскесіндегі халықтың сайлауы және таңдауы;

- сайлау мерзімі 2 жылдан 5 жылға дейін;

- биге үміткердің жасы кемінде 30 жас;

- Қазақстан Республикасының азаматтығы;

- заңгерлік білімінің болуы (жекелеген жағдайларда жұмыс тәжірибесінің және осы талаптан бас тартудың мүмкіндігі ретінде сайлаушылар дауысының пайызы жоғары болуы).

Би институтын енгізу дауларды неғұрлым тиімді әрі жедел шешуге мүмкіндік береді, азаматтардың өзін-өзі басқаруы мен олардың құқықтық танымын арттыруға ықпал етеді, аудандық соттарды ұсақ істерден босатады және аса күрделі санаттағы дауларды қарауға мүмкіндік береді, қолданыстағы сот жүйесі шеңберінде дәстүрлі сот төрелігінің дамуына мүмкіндік береді.

Осы институтты қабылдауға таяу шетелдердің, атап айтқанда ақсақалдар (билер) соты жұмыс істейтін Қырғыз Республикасының тәжірибесін ескеріп, жақындау керек⁹.

2. Сот билігі ұғымы және белгілері

Сот билігі 1995 жылғы ҚР Конституциясы бойынша заң шығару және атқарушылық биліктен бөлінген және мемлекеттік биліктің дербес тармағын білдіреді.

«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан бастап соттарға кез келген құқықтық мемлекетке тән өкілеттіктерді толық беру қажеттігі туындады.

Сондықтан, соңғы жылдары сот билігінің проблемалары көптеген ғылыми жұмыстардың, әсіресе Ресей Федерациясы ғалымдарының зерттеу тақырыбына айналды. Осы ұғымның кейбір қырларын қазақстандық ғалымдар да өз жұмыстарында қарастырды. Алайда соңғы кезге дейін отандық ғылымда осы проблемаға тиісті көңіл аударылған жоқ. К.Х. Халықовтың¹⁰, Г.Ж.Сүлейменованың¹¹ жұмыстары сот билігі проблемаларын зерттеуге арналған. Тек 2001 жылы сот билігі құбылысын зерделеуде Қазақстан ғылымының олқылықтарын толықтырған Қ.Ә.Мәмидің¹² монографиялық зерттеуі жарық көрді.

Бұл мән-жайлар «сот билігі» ұғымының құқық ғылымында жаңа санат болып табылуына және жақында – 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың басында зерттеле басталуына байланысты. Сонымен бірге кеңес мемлекетінде мемлекеттік саясат шеңберінде теориялық тұжырым қалыптасқан, яғни соған сәйкес елде біртұтас бөлінбейтін мемлекеттік билік жұмыс істейді. Сондықтан сот билігі мәселесі мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде туындаған емес. Сот төрелігіне байланысты проблемаларға арналған ғылыми зерттеулерде сот - құқық қорғау органы жүйесінің бөлігі ретінде қарастырылды¹³.

Құқықтық мемлекет қоғамындағы биліктерлі бөлу теориясын мойындау сот билігінің мәнін зерттеуді бастауға негіз болды. Бұл ретте ғалымдар арасында

⁹ Нарикбаев М.С. Основные этапы становления судебной системы суверенного Казахстана. Жинақта: Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. – 161-бет

¹⁰ Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в РК. – Алматы, 1995.

¹¹ Сүлейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –236-бет.

¹² Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001.

¹³ Сүлейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –8-бет.

ортақ пікір болмаған сот билігі ұғымын айқындау туралы мәселе маңызды болды¹⁴. Мәселен, М.В.Баглай сотты адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, заңдылықты орнықтыруға арналған мемлекеттік биліктің тәуелсіз буыны ретінде ролін көрсете отырып, «Тәуелсіз сот билігі құқықтық мемлекеттің және конституционизм¹⁵нің, халық бостандығының басты кепілі бола бастады» деп атап көрсетті. Осы көзқарасты В.И.Раученко, В.П.Кашенов, К.Ф.Гуценко және В.М. Ковалев және т.б. бөліседі¹⁶.

Кейбір авторлар сот билігінің ұғымы мен мақсатын тек сот төрелігін жүзеге асырумен байланыстырады. Мәселен, У.Жекебаев және В.К.Бобров, сот билігі сот төрелігінде іске асырылады деп пайымдайды. К.Х.Халықов, сот төрелігі ұғымын зерттеп, оны соңғысын сот билігі ретінде жеке (тар) және кең мағынада қарастырады.

Сот билігінің мәні соттың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде көрінеді. Алайда сот қызметін осы биліктің тек бір нысанын іске асыру болып табылатын бір сот төрелігін жүзеге асырумен ғана шектеуге болмайды. Алайда Қ.Ә. Мәми дұрыс ажыратқандай «сот билігі ұғымының мәнін және мазмұнын неғұрлым толық және айқын ашу үшін оның барлық белгілерін яғни мемлекет тетігінде оның ролі мен орнын, биліктің басқа тармақтарынан айырмашылығын көрсететін ерекшеліктері мен қырларын анықтау қажет»¹⁷. «Сот билігін, - дейді В.М.Савицкий, - құқықтық мемлекеттің негізгі құрылымдарының бірі ретінде азаматтық немесе құқықтық нормаларда көзделген нақты істерді қараумен шектеуге болмайды. Мұндай көзқарас өзін жояды. ... Қазіргі сот билігі бұрын әдетте құқық төрелігі деп аталғаннан бөлек, соттың сапалы жана функцияларға ие болуы нәтижесінде туындауы мүмкін»¹⁸.

Сот төрелігі саласынан басқа сот билігі соттың басқа да функцияларды жүзеге асыруы кезінде іске асырылады, атап айтқанда:

анықтау, алдын ала тергеу органдарының және прокурордың қабылдаған шешімдері мен іс-әрекеттерінде заңдылықтың бақылау;

азаматтардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы өтініштерді, сондай-ақ бұзылған құқықтарға және бостандықтарын бұзған іс-әрекеттер мен шешімдерге шағымдарды қарау;

соттардың заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдану тәжірибесін зерделеу және жинақтау;

жеке қаулылармен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шараларды келтіру;

¹⁴ Комментарий к Федеральному конституционному закону «О судебной системе РФ» / В.И. Радченконың редакциялығымен, - М., 1998.- 6-бет.

¹⁵ Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации. – М., 1998. - 612-613-бет.

¹⁶ Гуценко К.Ф. , Ковалев М.А. Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 1997. – 27-бет

¹⁷ Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001.

¹⁸ Савицкий В.М. Организация судебной власти в РФ. – М., 1997. – 20-бет.

республика Жоғарғы Сотының жалпы отырысында сот тәжірибесі мәселелері бойынша нормативтік қаулыларды қабылдау;

жоғары тұған соттардың төменгі тұрған соттардың іс жүргізу әрекеттеріне сот қадағалауын жүзеге асыруы және т.б.¹⁹.

Сот билігі істі қарау кезінде кімге тиесілі - нақты судьяға ма (немесе сот алқаларына) немесе сот мекемесіне ме деген сұрақ талқыға түсті. Б.А.Страшун және Л.А.Мишин «сот билігі құқық қоғамдық қатынастарға ықпал ету құралы ретінде барлық сот органдарының жиынтығына жүктелген, әрбір сот органы сот билігін ұстанушылар болып табылады»- деп есептейді.²⁰ В.Е.Чиркиннің пікірінше, «сот билігі сот мекемесіне емес, сот рәсімінде белгіленген талаптарға сәйкес істі қарайтын сот алқасына (немесе тек судьяға) тиесілі»²¹. Осындай пікірді С.А. Пашин де айтады, яғни «сот билігі құқық қолдану және өз құзыреті шегінде істерді қарайтын органдарды білдіруші, заңдарды қолдану мәселелері бойынша басшылыққа алынатын түсіндірмелер беруші және істің соттылығын өзгерту туралы мәселелені шешуші құқық ретінде соттарға тиесілі. Жеке судья, егер ол соттың атынан әрекет жасай отырып, белгіленген іс жүргізу тәртібімен істі қараса немесе жекелеген мәселелерді шешсе, сот билігінің өкілеттігін іске асырады»²².

2000 жылы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық Заңының, 1-бабында «Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі», деп айқындап. . көрсетілген талқылауларға нүкте қойды. Заң шығарушы сотты істі алқалық немесе жеке қарайтын сот билігі органы деп санайтынын көрсеткен жөн (ҚІЖК-нің 7-бабының 1-тармағы). Заңда белгіленген тәртіппен судья лауазымына тағайындалған немесе сайланған, тиісті сотта жұмыс істейтін және өз өкілеттігін кәсіпқой негізде жүзеге асыратын адам судья болып табылады. Жоғарғы Соттың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен тұрақты судьялар, Жоғарғы Соттың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың сот алқаларының төрағалары, сот учаскелерінің аға судьялары судьялар болып табылады.

Соттардың заң шығарушы билік органдарынан айырмашылығы заң шығармайды. Алайда олардың қызметі заңға тәуелді: сот Конституция мен заңның талаптарына (олардың нормаларын қолдануға және оларды басшылыққа алуға) бағынуға тиіс. Бұл ретте сот заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолданумен қатар, олардың Конституцияға, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық қағидаттар мен нормаларға сәйкестігі тұрғысынан да баға

¹⁹ Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –9-бет.

²⁰ Конституционное (государственное) право зарубежных стран // Б.А. Страшунның редакциялығымен. – М., 1996. – 296, 299-беттер

²¹ Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. – М., 1997. 195, 196-беттер.

²² Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М. Закон о статусе судей в РФ. – М., 1994. 3-бет.

беруге тиіс. Олардың ҚР Конституциясына сәйкессіздігі жағдайында сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға және Конституциялық Кеңеске осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен жүгінуге міндетті; осы арқылы соттар заң шығару процесіне белгілі бір әсерін тигізеді.

Өз кезегінде, заң шығарушылық билік органдары (соттарды ұйымдастыру және олардың қызметін регламенттейтін заңдарды қабылдаумен қатар) ҚР Парламенті Сенатының атынан:

- ҚР Жоғарғы Сотының судьялар корпусын қалыптастырады;
- судьяларды осы соттың лауазымынан босату туралы мәселені шешеді;
- ҚР Конституциясының 55-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайларда судьяларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім береді және т.б.

Соттар мемлекеттік биліктің атқарушы органдар тармағынан айырмашылығы ұйымдастырушылық және атқарушылық-өкімгерлік қызметпен айналыспайды. Сонымен бірге соттарға атқарушылық билік органдарын, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарын осы органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау арқылы бақылау құқығы берілген. Өз кезегінде, атқарушы билік тармағының органы ретіндегі әділет министрлігі Конституциялық заңның 31-бабына сәйкес аудандық соттың төарағсы мен судьясына үміткерлерді Президентке ұсыну арқылы аудандық соттардың қызметін кадрлық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс. Сонымен бірге, Әділет министрлігі мен оның басқармасы кез келген буындағы соттарға қатысты сот төрелігін жүзеге асыру бойынша олардың қызметін басқаратын және бақылайтын орган болып табылмайды. Олар судьялардың тәуелсіздігі және тек Конституция мен заңға бағыну әрі сот төрелігін атқару бойынша олардың қызметіне араласпау қағидатын қатаң сақтау жағдайында заңмен берілген функцияларды жүзеге асырады.

Осылайша, сот билігі ҚР Конституциясында соттарға берілген билік ету өкілеттіктеріне байланысты тепе-теңдік пен ара салмақтар жүйесі арқылы олармен өзара іс-қимыл жасай отырып, заң шығарушылық және атқарушы биліктің шешімдеріне әсерін тигізеді. Осындай мәртебемен сотқа құқық мәселелері мен фактілерді шешуде көлемді құзырет берілген²³.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сүйене отырып, Қ.Ә. Мәми сот билігінің мынадай негізгі белгілерін бөліп көрсетеді:

Бірінші белгі – бұл билік конституциялық бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің тармағы болып табылады. Осыған байланысты оны мемлекеттік қызметтің түрі деп толық айқындауға болмайды, не көптеген мемлекеттік органдар билік тармағының (мысалы, Конституциялық Кеңес, прокуратура) табиғатына келе бермейтін қызметтерді орындайды.

²³

Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –10-11-беттер.

Екінші белгі – сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі.

Үшінші белгі –оны өз кезегінде Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын арнайы мемлекеттік органдарда құруда; сот алдында жеке міндеттері мен мақсаттарын қоюда және оларды жеке құзыреттерімен бөлуде, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен жеке қаржыландыруда көрінетін ұйымдастырушылық, функционалдық және қаржылық дербестікте ұсынатын сот билігінің тәуелсіздігі.

Осы биліктің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерін тек сот күші жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді (2.2-ден толығырақ жазылған).

Төртінші белгі – бұл мемлекеттің атынан сот билігін жүзеге асыруы: Қазақстан Республикасының атынан үкімдер мен соттардың өзге де шешімдерін жария ету (Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 1-тармағы).

Бесінші белгі – сот төрелігін, яғни құқықтық даулар мен істерді қарауға байланысты жүзеге асыру.

Алтыншы белгі – осы билікті Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, республиканың халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолдану. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарды қарамайды және шешпейді.

Жетінші белгі – осы билікте оның қызметіне тән іс жүргізу (талап арыз ісін жүргізу, процесте айыптауға және қорғауға қатысу),

Сегізінші белгі – осы биліктің құқық қорғау сипаты, қызметінде осыған байланысты екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның жалпы үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау.

Тоғызыншы белгі – оның шешімдерін мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ету.

Жазылғандарды ескере отырып, сот билігін Қ.Ә. Мәми азаматтардың, мемлекет пен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында құқықтық даулар мен істерді шешу және оларға жүктелген басқа да міндеттерді орындау бойынша заңмен берілген өкілеттікпен Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын, ерекше іс жүргізу нысандарында жұмыс істейтін және мемлекеттің барлық аумағында міндетті сипаттағы шешімдерді шығару құқығы бар, оны мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ететін арнайы мемлекеттік орган ретінде мемлекеттің атынан іске асыратын,

Конституцияда белгіленген біртұтас мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармағы ретінде айқындайды²⁴.

Мәселен, В.И.Швецов сот билігінің мынадай белгілерін көрсетеді: 1) оны арнайы мемлекеттік органдардың жүзеге асыруы; 2) оның біртұтас сот жүйесін құрайтын соттарға тиесілігі; 3) қоғамда тиісті құқықтық режимді қамтамасыз ету; 4) оны түрлі құқықтық нысандармен жүзеге асыру; 5) оны іс жүргізу заңдарының негізінде және қатаң жүзеге асыру; 6) құқық қорғау органы болып табылатын соттың тәуелсіздігі, дербестігі және оқшаулығы; 7) айрықшалығы; 8) сот өкілеттігінің биліктік сипаты; 9) сот талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және оның шешімдерін мемлекеттің күшімен орындау²⁵.

Басқа зерттеушілер сот билігінің ұйымдастырушылық, әмбебаптық және мәндік сипаттағы, сондай-ақ оны жүзеге асыратын лауазымды адамдарының жоғары біліктілігі сияқты белгілерді атайды.

Осылайша, тәуелсіз және кәсіпқой сот билігі қылмыстық, азаматтық және заңмен белгіленген барлық істер мен құқық және фактілер туралы дауларды қарауға және шешуге бағытталған сот ісін жүргізу нысандары саласында соттың биліктік өкілеттігі мен мүмкіндігін білдіреді²⁶. Оның үстіне, соңғы уақытта сот қызметі мен дербестігін ұйымдастыруда көп нәрсе жасалды және жасалуда. Олардың материалдық базасы нығаюда, материалдық ынталандыру айтарлықтай өсті²⁷.

Қазақстан Республикасында сот билігі шындыққа айналды. Бұл біздің мемлекеттілігімізді дамуындағы басты жетістіктердің бірі. Бүгінде сот билігі мемлекеттік биліктің барлық қажетті атрибуттарына ие. Ол оны мемлекетт тұрақтандырушы күшке айналырды, қоғамды әлеуметтік тартыстардан қорғайды. Оған басқа органдар мен адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңға сәйкестігін тексеріп қана қоймай, сол нормативтік актілердің құқықтық мазмұнына да бақылауды жүзеге асыру құқығы берілген. Норманы бақылауды жүзеге асыру – соттардың заң шығарушы және атқарушы биліктің іс-әрекеттері мен шешімдеріне белсенді әсер етудің, оларды «тендестірудің» заңдық мүмкіндігін білдіретін сот билігі өкілеттіктерінің тұжырымды жаңа түрі²⁸.

3. Сот төрелігі - сот билігін іске асырудың жаңа нысаны ретінде

Конституция мен соттар туралы Конституциялық Заңда сот билігін іске асырудың негізгі және маңызды нысаны сот төрелігін жүзеге асыру болып табылатыны айқындалған. Ғылыми әдебиетте сот төрелігі ұғымы оның түрлі

²⁴ Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001.

²⁵ Судостроительство и правоохранительные органы в Российской Федерации / В.И. Швецовтың жалпы редакциялығымен, - М., 1997. – 27-33-беттер.

²⁶ Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –10-11-беттер.

²⁷ Кальсин И. Свобода слова и правосудие. Жинақта: Журналист у судебного барьера. – Алматы, 2001.- 28-бет.

²⁸ Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. Жинақта: Правовое развитие Казахстана за 10 лет государственной независимости. – Астана, 2002. – 30-бет.

қырларында ашылады. Авторлардың көпшілігі сот төрелігін сот отырыстарында іс жүргізу тәртібімен жасалатын арнайы мемлекеттік органдардың материалдық нормаларын қолдана отырып, азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарау және шешу жөніндегі қызметі ретінде айқындайды²⁹. Осы анықтама, сондай-ақ ҚР Конституциясының 75 және 78-баптары мен соттар туралы Конституциялық Заңның нормаларын талдау сот төрелігінің мәнін, мазмұнын және мағынасын ашатын негізгі спецификалық белгілерін бөлуге мүмкіндік береді. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

1. *Сот төрелігін мемлекеттің атынан арнайы мемлекеттік орган – сот жүзеге асырады.* Соттардың толық тізбесі ҚР Конституциясында және сот жүйесі туралы Конституциялық заңда айқындалған. Соттардың мәртебесінің өзгешелігі олардың ұйымдастырылуының ерекшелігіне байланысты. Аудандық (қалалық) соттарды сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 6-бабына сәйкес уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

2. *Сот төрелігі іс жүргізу заңнамасында (ҚІЖК, АІЖК) белгіленген тәртіппен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді қарау (істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында дәлелдемелерді зерттеу арқылы) және шешу (қаулыларды, үкімдерді және басқа да сот актілерін шығару арқылы) арқылы жүзеге асырылады;*

3. *Істер айыптау және қорғау тараптарының, сондай-ақ дәлелдемелерді зерттеуге белсенді қатысу құқығы берілген процестің басқа да қатысушыларының міндетті қатысуымен сот отырыстары нысанында қаралады.* Бұл ретте сот қорғау немесе айыптау жағына шықпайды. Ол сот отырысында қаралған дәлелдемелерді зерттеуге және бағалауға әрі заңның талаптарына сай келетін шешім шығаруға тиіс;

4. *Соттың үкімдері, қаулылары, ұйғарымдары және шешімдері олар заңды күшіне енген сәттен бастап заң күшіне ие болады, сондықтан да республиканың барлық аумағындағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.* Заңды күшіне енген сот актісін орындаудан жалтару заңнамада белгіленген жауапкершікке әкеп соғады. Сот актілерін тек жоғары тұрған соттар және тек іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен өзгертуі немесе күшін жоюы мүмкін;

5. *Сот төрелігі Конституцияда, сот жүйесі туралы Конституциялық заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген идеяларды*

²⁹ Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. – М., 1996.- 55-бет. Судоустройство и правоохранительные органы Российской Федерации / В.И.Швецовтың редакциялығымен, - М., 1997. – 38-бет. Латин Б.Н. Принципы и тенденции реформирования судебно-правовых систем в СНГ // Российская юстиция. – 1997. - № 2. 67-бет және басқалары.

*басшылыққа алатын, сот төрелігін және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сот қызметін ұйымдастыру мен тәртібінің мәнін және мазмұнын айқындайтын негізгі ережелерден тұрады*³⁰.

Негізгі қағидаттар ҚР Конституциясында бекітілген, сондықтан оның бір уақытта қылмыстық, азаматтық және өзге істер бойынша сот төрелігін атқару саласындағы мәселелерді реттейтін салалы заңдарды қабылдау кезінде негіз бола отырып, жоғары заңдық күші бар, сондай-ақ тек соттың (судьяның) ғана емес: барлық азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың сақтауы және орындауы үшін міндетті болып табылады.

ҚР Конституциясының 75-бабында және «ҚР сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңының 1-бабында аталғандай, «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады». Сот төрелігіне ғана нақты адамды қылмыс жасауға кінәлі деп тануда және оған жазалау, не заңда белгіленген әсер ету шарасын тағайындауда, сондай-ақ заңсыз және негізсіз жауапкершілікке тартылғандарды ақтау кезінде шешуші сөз оған тиесілі.

Сот төрелігі – адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың аса маңызды құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы.

Оның міндеттеріне басқа да құқық қорғау функцияларын да орындау бағындырылған. Мысалы, қылмыстық іс бойынша сот төрелігі, егер осы іс алдын ала құзыретті органдар жан-жақты және толық тергемесе, егер олар барлық қажетті дәлелдемелерді анықтамаса және т.б. заңды, негізді және әділ жүзеге асырылмаған болар еді. Сондықтан, сот төрелігі – құқық қорғау қызметінің тұтастай алғанда жүрегі³¹ болып табылады.

Процесте немесе сот төрелігін атқару қорытындысы бойынша қабылданатын, заң әдебиеттерінде сот төрелігі актілері деп аталатын сот шешімдеріне (қылмыстық істер бойынша үкімдер, азаматтық істер бойынша шешімдер және т.б.) заңнамаға сәйкес ерекше сипаттар беріледі. Олардың бірі – жалпыға міндеттілік. Ол, атап айтқанда, заңды күшіне енген үкім, ұйғарым немесе істі қараған кезде сот шығарған қаулының барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындауға жататынын білдіреді. Сот шешімін орындамау немесе орындауға кедергі келтіру осыған кінәлі адамдарға қатысты түрлі тектегі санкцияларды қолдануға әкеледі. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау айыппұл салуға не қоғамдық жұмыстарға тартуға, не қамауға алуға әкеп соқтырады.

³⁰ Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –17-18-беттер.

³¹ Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы Республики Казахстан. – Алматы: Дөнекер, 2000. – 11-бет.

Қаралып жатқан сипаттан басқа да бір қыры – сот төрелігінің бірқатар басқа да өзгешелік белгілеріне тән сот шешімдерін орындаудың жалпыға міндеттілігі.

Олардың қатарына, ең алдымен, заң бойынша мемлекеттік қызметтің осы түрін қандай да бір лауазымды адамдардың немесе органдардың қарауы бойынша еркін емес, тек нақты тәсілдермен жүзеге асырылуын жатқызуға болады. Және бұл тәсілдер заңмен нақты айқындалып белгіленеді. Сот жүйесі туралы 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңның 1-бабында: «Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады» деп айқындалған. Осы ереже, сот төрелігінің – негізінен, екі санаттағы азаматтық және қылмыстық істерді қарауды білдіреді. Біріншісі жеке адамдардың (ҚР азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың), кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың мүліктік және кейбір мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты ауқымды әрі көпқырды даулар шеңбері мен құқық бұзушылықтарды қамтиды. Істердің екінші санаты (қылмыстық істер) құқық бұзушылықтардың шектелген тобына, атап айтқанда заң бойынша қылмыс деп есептелетіндерге, яғни «қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекетке» (ҚР ҚК-нің 9-бабы) қатысты.

Істердің тағы бір екінші санаты - әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер. Осы құқық бұзушылықтарға жауапкершілік әкімшілік заңнамамен белгіленеді. Ведомстволық бағынысты соттардың істер шеңбері әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада айқындалған. Осындай құқық бұзушылыққа кінәлі адамға тағайындалған жазалау шарасы әдетте, қылмысқа қатысты қолданылатын (айыппұл, әкімшілік қамау және т.б.) жазадан қатаң емес.

Сот төрелігінің басқа да айырмашылық белгісі, мемлекеттік қызметтің осы түрі заңда (ҚІЖК, АІЖК) егжей-тегжейлі регламенттелетін қатаң тәртіпті (рәсімді) сақтау арқылы жүзеге асырылады. Айырмашылық белгілерге, ең соңында, тек ерекше орган – сот (судья) жүзеге асыратыны жатады. «Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ» («Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 1-бабы).

Аталған айырмашылық белгілерді ескере отырып, сот төрелігін *соттың сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін, әділдігін және жалпыға міндеттілігін қамтамасыз ететін заңның талаптары мен онымен белгіленген тәртібін бұлжытпай сақтау кезінде азаматтық, қылмыстық және өзге де заңмен белгіленген сот ісін жүргізу нысандарын қарау бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асыру ретінде айқындауға болады.*

4. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің құқықтық негіздері

Еліміздің сот жүйесі туралы жаңа Конституциялық заңында заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарының функциялары айқын жазылып қоймай, құқық қорғау жүйесін реформалаудың мәселелерді де шешімін тапқан³².

ҚР Конституциясының 75-бабына және «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының сот жүйесін сот билігін жүзеге асыру бойынша өзара белгіленген заңдармен өзара қарым-қатынаста байланысты республиканың Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар құрайды. Қандай да бір атаулармен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңмен республикада алқабилер институты белгіленді. Бастапқы кезеңде жасалғаны үшін қылмыстық заңмен өлім жазасы түріндегі жаза көзделген аса ауыр қылмыстар туралы істер алқабилерінің қарауында болады³³. Одан әрі алқабилерінің соттылығына қылмыстық әрекеттердің басқа да санатары жөніндегі істерді жатқызу жоспарлануда. Мұндай институтты отандық сот-құқықтық жүйесін реформалау кезеңдерінің бірі ретінде енгізу қажеттігі күмән тудырмайды, сот қорғаушылары қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік негіздерді ынталандыруға, судьялардың, прокурорлардың, адвокаттардың кәсіптік дағдыларын арттыруға ықпал етіп, ақырында сот төрелігінің сапасын жақсартуға және сот билігінің беделін арттыруға әкеледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, сондай-ақ жаңа сот төрелігін тұжырымды түрде құруға бағытталған бір топ қабылданған заң актілері сот жүйесін жетілдіруге елеулі әсер етті. Қылмыстық сот ісін жүргізуде соттың орны мен ролі өзгерді. Сот алғаш рет заңнамалық деңгейде айыптауды дәлелдеу міндеттерінен босатылды. Айыптаушы, жазалаушы соттан адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай³⁴тын органға айнала бастады.

Қазақстан Республикасының соттары біртұтас жүйені құрайды. Сот жүйесінің *бірлігі* мынаны білдіреді:

1) сот жүйесі ҚР Конституциясында, сот жүйесі туралы Конституциялық заңда белгіленген сот төрелігінің жалпы қағидаттарымен құрылып, әрі жұмыс істейді;

2) барлық соттар заңмен белгіленген барлық соттар үшін бірдей қылмыстық, азаматтық және сот ісін жүргізудің өзге нысандары арқылы қылмыстық, азаматтық және өзге істерді қарайды әрі шешеді;

³² Нарикбаев М.С. Судебная система Республики Казахстан: опыт и перспективы // Тураби. – 1999. - № 5. – 3-бет.

³³ ҚР сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы. (жоба) // Юридическая газета. – 200. –8 тамыз. – 3-бет.

³⁴ Нарикбаев М.С. Судебная власть – равная ветвь в системе государственной власти. Жинақта: Правовое развитие Казахстана за 10 лет государственной независимости. – Астана, 2002. – 63-бет.

3) сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тек Конституция мен Республиканың заңдары басшылыққа алынады;

4) заңнамада барлық соттарды қалыптастырудың бірыңғай тәртібі белгіленген – ҚР Жоғарғы Сотының сот корпусын сайлау және жалпы заң құзырындағы соттардың судьяларын тағайындау.

5) заң күшіне енген сот қаулылары, шешімдер, сондай-ақ заңды өкімдер, талаптар және соттың басқа да актілері республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың (меншік нысанына қарамастан), лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Оларды орындамау, сақтамау, сондай-ақ соттың құрметтемеудің өзге көрінісі әкімшілік және қылмыстық заңнаманың нормаларында көзделген заң бойынша жауапкершікке әкеп соқтырады.

б) барлық соттарды қаржыландыру тек республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін құрайтын соттар бір-бірінен өз құрылымы мен құзыретінің көлемі бойынша ажыратылады. Сот билігін жүзеге асыру бойынша бірдей құрылымы мен құзыреті бар соттар сот жүйесінің буындарын құрайды. Әдетте, әрбір әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауданда, қалада, облыста) тиісті буындар құрылады. ҚР Қарулы Күштерінің құрылымына және ұйымдастырылуына жақын құралатын әскери соттар өзгеше болады. Осыған сәйкес республиканың *сот жүйесі* үш буыннан тұрады:

1) жоғары буын – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;

2) орта буын – облыстық және оларға теңестірілген соттар (республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот – Қазақстан Республикасы әскерлерінің Әскери соты және басқалары);

3) негізгі буын – аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – гарнизонның әскери соты және басқалары).

Негізгі және орта буындағы соттар жергілікті соттар немесе жалпы заң құзырындағы соттар деп аталады. Әрбір буын құзыретінің көлемі мен мазмұны әртүрлі.

Бүгінгі қызметті фрагментарлық зерделеу Қазақстанның кейбір жерлерінде, қазақтар тұратын елді мекендерде би немесе ақсақал соттары болғанын көрсетеді³⁵.

Соттың құзыреті тиісті буындағы соттар үшін бірыңғай сот саясаты айқындайтын міндеттер мен функцияларға байланысты олардың қызметінің мәселелерін шешуде заңдармен белгіленген өкілеттіктер жиынтығын білдіреді. Айталық, сот жүйесінің әрбір буыны заңмен оның қарауына жатқызылған істерді

³⁵

Сапарғалиев Г. Участие общественности – ключ к успеху. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998. 45-бет.

ғана қарауға құқылы. *Соттылық* – сол немесе өзге сот қарауы мүмкін істер белгілерінің жиынтығы. Қылмыстық және азаматтық істердің соттылығы әрбір буынның соттарына қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарымен айқындалған. Мысалы, облыстық соттың қарауына ауырлататын мән-жайларда қасақана кісі өлтірген туралы, мемлекеттік опасыздық, терроризм, жаппай тәртіпсіздік және толық тізбесі ҚР ҚІЖК-нің 291-бабының 2-бөлігінде белгіленген басқа да қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады. ҚР Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында: «Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды» делінген. Осы конституциялық ережеге сәйкес төмен тұрған соттың қарауындағы істі жоғары тұрған соттың өзіне іс жүргізуге қабылдау, сондай-ақ істі соттылықты өзгертуге әкеп соқтыратын сол деңгейдегі басқа сотқа беру сотта ісі қаралып жатқан адамның келісімімен ғана мүмкін болады.

Іс жүргізу заңдарында сондай-ақ соттардың шешімдердің, үкімдердің және апелляциялық әрі қадағалау тәртібіндегі өзге де сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру жөніндегі құзыреті айқындалған.

Сондықтан, соттарды буындарға бөлумен қатар, оларды белгілі бір сот функцияларын орындауға байланысты *сот сатыларына* бөлу заңнамалық деңгейде көзделді.

Әрбір сот ісі бір-бірінен көлемімен және істерді сотта қарау бойынша өкілеттіктерінің сипатымен, құзыретімен ажыратылатын бірнеше соттарда (немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінде) заңнамада көзделген кезекпен қаралуы мүмкін. Сондықтан барлық соттар: бірінші сатыдағы, апелляциялық және қадағалау сатысындағы соттарға бөлінеді³⁶. «Кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 ҚР Заңында қолданыстағы ҚР Қылмыстық-іс жүргізу және Азаматтық-іс жүргізу кодекстеріне бірінші кезекте кассациялық іс жүргізуді жоюға бағытталған елеулі өзгерістер енгізілді. Бүгінгі таңда Қазақстанның іс жүргізу заңдары заңды күшіне енбеген сот актілерін тек апелляциялық тәртіппен шағым беруді көздейді. Бұрынғы қолданастағы төрт деңгейлі іс жүргізумен (мәні бойынша қарау – апелляциялық – кассациялық – қадағалаушылық іс жүргізу) салыстырғанда, бүгінде үш буынды іс жүргізу қолданылады (мәні бойынша қарау – апелляциялық - қадағалау). Мұндай шешімді қабылдау, әрине, сот-құқықтық реформалаудың қажеттігіне байланысты, сондықтан оны бағаламау қиын. Алайда осы идеяның негізін қалаушылардың арасында «кассацияны жақтаушылар» да болды, - яғни кейбіреулері апелляциялық іс жүргізуді жойып, кассациялықты қалдыруды (ресей сот жүйесіне ұқсас) жақтады. Осылардың қайсысы қазақстандық сот жүйесіне аса тиімді екенін басып айту қиын. Сондықтан қылмыстық істер бойынша апелляциялық сатыдағы соттардың кассациялық сатыдағы соттардан *негізгі айырмашылықтарын* көрсетумен шектелеміз:

³⁶

Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. –43-44-беттер.

1) ҚР ҚІЖК-нің 291-бабының 3-бөлігіне сәйкес апелляциялық тәртіппен алдын ала тергеу анықтау және сот ісін қарау нысанда қысқаша тәртіппен жүзеге асырылған істер қаралады. Азаматтық-іс жүргізу заңдары бойынша апелляциялық сатыда талап қою бағасы 5 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кезде тараптары заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар болып табылатын мүліктік дауларды қарау кезінде аудандық және оларға теңестірілген соттардың шығарған шешімдеріне шағымдар, наразылықтар қаралды (АІЖК-нің 333-бабы).

2) сотта апелляциялық сатыда іс жүргізу бірінші сатыдағы сота іс жүргізу ережелері бойынша жүргізіледі және мәні бойынша тиісті сот қаулысын, соның ішінде үкім шығара отырып, қайтадан, жаңадан іс қаралады. Істі кассациялық сатыда қарау нәтижесінде бірінші сатыдағы сот шығарған сот қаулысына берілген шағымдар мен наразылықтар қанағаттандырылған жағдайда тек күшін жоюы немесе өзгертілуі мүмкін.

3) кассациялық сатыдағы сот істі қарай отырып, сотталғанға жазаны күшейтуге немесе оған аса ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқығы жоқ болды. Істі апелляциялық сатыдағы сотта қарау нәтижесінде кез келген, соның ішінде сотталғанның (ақталғанның) жағдайын нашарлататын шешім қабылдана алады.

4) апелляциялық сатыдағы соттың үкімдері мен қаулылары бірден күшіне енбейді. Оларға ҚР ҚІЖК-нің 421-бабында (АІЖК-нің 368-бабында) көзделген жағдайларды қоспағанда, кассациялық сатыдағы сотқа шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін. Кассациялық сатыдағы қаулылар оларды жария еткен сәттен бастап заңды күшіне енеді және сот қадағалауы тәртібімен наразылық немесе шағым берілуі мүмкін.

5) облыстық соттың қылмыстық (азаматтық) істер жөніндегі сот алқасы ғана апелляциялық саты болып табылады. Аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттар – облыстық және оларға теңестіріліген соттардың сот алқалары, республиканың Жоғарғы Соттың сот алақалары мен Төралқасын қоспағанда, барлық соттар кассациялық саты болып табылады³⁷.

Қазіргі кезде апелляциялық іс жүргізудің ережесі мен тәртібі бұрынғы қолданылғандардан белгілі бір айырмашылығы бар және кассацияның кейбір ерекшеліктерін қамтиды.

Сот сатылары мынадай түрде құрылған: әрбір кейінгі саты іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен төменгі тұрған соттың үкімдерін, қаулылары, ұйғарымдары мен шешімдерін қарауға құқылы, яғни сот қадағалау функциясын, бірақ істерді қарау және шешу бойынша тек төмен сатыдағы соттың қызметіне байланысты жүзеге асыруға құқылы.

Сот істерін жасалған құқық бұзушылықтардың мән-жайын анықтау мақсатында дәлелдемелерді зерттеу арқылы қарауға және оларды мәні бойынша

³⁷

азаматтық істер бойынша тиісті шешім, қылмыстық істер бойынша үкім, қаулы шығару арқылы шешуге өкілетті соттар *бірінші сатыдағы соттар* болып табылады.

Істі мәні бойынша шешу мынаны білдіреді: а) қылмыстық істер бойынша – адамды қылмыс жасауға кінәлі деп тану және оған жаза тағайындау (немесе жазадан босату); заңда көзделген мән-жайлар мен негіздер олған кезде қылмыстық істі тоқтату; егер сотта адамның кінәсі дәлелденбесе, оны ақтау; б) азаматтық істер бойынша – мәлімделген азаматтық талап арызды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығару.

Республикада барлық соттар, Жоғарғы Сотты қоса алғанда, соттылығы қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарымен айқындалған бірінші сатыдағы соттар болып табылады³⁸.

Бірінші сатыдағы сот шығарған сот актілері заңды күшіне енеді, яғни бірден емес, үкім немесе шешім жария етілген сәттен бастап саналатын заңмен белгіленген апелляция мерзімі – 10 тәулік өткеннен кейін (азаматтық істер бойынша – 15 күн), ал қамаудағы адамдар үшін – оған үкімнің көшірмесін тапсырған сәттен бастап орындауға келтіріледі. Бұл мерзім тараптарға сот шығарған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігі туралы мәселе бойынша жоғары тұрған сот сатысына шағым және наразылық білдіру үшін беріледі.

Сот актілерінің негізсіздігі мен заңсыздығы туралы істің нақты мән-жайын дұрыс анықтамау және материалдық (қылмыстық немесе азаматтық заң) құқықты қолданбау, іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық, азаматтық-іс жүргізу заңдарының нормаларын сақтамау, бірінші сатыдағы соттың қолындағы іс және қосымша ұсынылған материалдар бойынша үкімінің немесе қаулысының (шешімінің) заңсыздығы әрі негізсіздігі сияқты істі бұзу жөнінде іс жүргізу кезінде жіберілетін олқылықтарды айғақтайды.

«Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіппен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады»³⁹.

Соттардың заң күшіне енбеген сот қаулыларының заңдылығы мен негізділігіне шағымдар мен наразылықтарды тексеруге өкілеттік берілген соттар *апелляциялық сатыдағы соттар* деп аталады.

Заңды күшіне енбеген сот актілеріне апелляциялық тәртіппен шағым беру құқығы сотталғанға, ақталғанға, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдеріне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерше және олардың өкілдеріне жатады. Прокурор әрбір заңсыз және негізсіз сот актісіне наразылық білдіруге құқылы.

³⁸ Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. – Алматы, 1994. – 44-бет.

³⁹ «Прокуратура туралы» ҚР Заңы, Жинақта: ҚР прокуратура туралы нормативтік құқықтық актілердің жинағы. – Алматы, 1997. – 31-бет.

Істерді апелляциялық тәртіппен қарау нәтижесінде сот өз қаулысымен апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды қарау кезінде зерттелегн қосымша материалдардың жинақтап, бірінші сатыдағы сот зерттеген дәлелдемелерге негізделген мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) үкімді (шешімді), қаулыны өзгеріссіз қалдырады, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырмайды; 2) үкімді (шешімді) толық немесе ішінара күшін жояды (не арызды АІЖК-нің 247 және 249-баптарында көзделген негіздер бойынша қараусыз қалдырады); 3) үкімді, қаулыны (шешімді) өзгертеді; 4) үкімнің (қаулының) күшін жояды, ал азаматтық істер бойынша – бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертеді және жаңа шешім шығарады; 5) үкімді (қаулыны) өзгертеді және істі ҚР ҚІЖК-нің 303-бабында (АІЖК-нің 364-бабында) көрсетілген негіздер бойынша қосымша тергеуге (жаңадан қарауға) жібереді; 6) ҚІЖК-нің 387-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталған кезде жеке қаулы шығарады.

Заңды күшіне енген сот қаулылары жалпыға міндетті болады және орындауға жіберіледі. Алайда олар істі тергеу немесе сот қарауы кезінде жіберілген азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу не 1) кінәліні соттауға; 2) ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға айыпты адамға қатысты айыптау үкімін негізсіз шығаруға немесе істі тоқтатуға, 3) жәбірленушінің соттың қорғау құқығынан айыруға; 4) сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның жеке басына сәйкессіздігіне; 5) азаматтық талап арызды дұрыс шешпеуге; 6) істі жаңа сот қарауына заңсыз жіберуге әкелген заңды дұрыс қолданбау салдарынан заңсыз немесе негізсіз болуы мүмкін. Заңды күшіне енген сот шешімдері, егер 1) істі қайта қарау кезінде ҚІЖК-нің 446-бабының талаптары сақталмаса; 2) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі негізінде сот шешімі шығарылған актіні конституциялық емес деп таныса; 3) адам өлім жазасына кесілген үкім апелляциялық қараудың мәні болмаса, қайта қаралуы мүмкін. Азаматтық-іс жүргізу заңнамасы бойынша бұл ережелер басқаша жазылады. ҚР АІЖК-нің 387-бабына сәйкес: 1) материалдық нормалардың не іс жүргізу құқығының едәуір бұзылуы; 2) оларды шығаруда негізге алынған акт конституциялық емес деп танылуы соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болып табылады. Сондықтан заң шығарушы қателерге жол бермеу мақсатында апелляциялық шағым беруге құқығы бар тиісті прокурорлардың наразылықтары, қылмыстық (азаматтық) процеске қатысушылардың шағымдары бойынша *сот қадағалау* тәртібімен заңды күшіне енген сот істерін қайта қараудың ерекше рәсімін көздеді⁴⁰.

Үкімдерді, қаулылары, шешімдерді қадағалай тәртібімен қайта ақарау институтының маңызы ең алдымен, ол сот төрелігін заңға сәйкес нақты

жүргізудің маңызды кепілі болып табылады, өз кезегінде заңсыз және негізсіз сот актілерінің орындалуын болдырмайды. Заңды күшіне енген үкімдерді (шешімдерді) тексеру және қайта қараудың процессуалды тәртібі әлемденің барлық дерлік өркениетті елдерінде қолданылатынын атап өткен жөн. Әрине, ол барлық жерде осы тектес істі қозғауға уәкілеттік берілген адамдардың тобын, мерзімдерін айтуда бірдей емес, алайда оның мәні қадағалау ісін жүргізу, соңғы сот сатысы ретінде процестің жекелеген қатысушыларының да, кез келген азаматтың да заңды құқықтары мен мүдделерінің маңызды кепілі болады.

Қадағалау сатысы соттарының өкілеттіктеріне мыналар ие: 1) облыстық және оларға теңестірілген соттардың алқасы; 2) Жоғарғы Соттың азаматтық (қылмыстық) істер жөніндегі алқасы; 3) республика Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы.

Сот актілеріне шағым беру, наразылық келтіру мүмкіндігі белгіленген мерзіммен шектелген апелляциялық сатыдан айырмашылығы - қадағалау ісін жүргізу тәртібінің өз ерекшелігінің болуы. Сотталушының кінәсіздігі себебі бойынша, сондай-ақ жазаның қатандығы үшін онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты немесе сотталғанның жағдайын нашарлатуға әкеп соқтыратын өзге де негіздер бойынша айыптау үкімін қадағалау тәртібімен қайта қарау мерзімдермен шектелмеген. Істі тоқтату туралы сот қаулысын, жазаның жеңілдігі үшін аса ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі себебі бойынша немесе сотталғанның жағдайын нашарлатуға әкеп соқтыратын өзге де негіздер бойынша айыптау үкімін, сондай-ақ ақтау үкімін не істі тоқтату туралы сот қаулысына қадағалау тәртібімен шағым беруге, наразылық келтіруге олар заңды күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде жол беріледі. Азаматтық істер бойынша – қадағалау шағымдары, наразылықтар сот шешімі, ұйғарымы, қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде беріле алады. Бұл ережелер АІЖК-нің 387-бабының 4-бөлігінде көзделген негіздер бойынша республика Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын сот шешімдерін, ұйғарымдарды, қаулыларды қайта қарау жағдайларына қолданылмайды.

Қарау нәтижелері бойынша қадағалау сатысының соты төмен сатыдағы со шығарған сот қаулысының күшін жоя немесе өзгерте алады, не шағымды немесе наразалықты қанағаттандырмайды. Қадағалау тәртібімен істерді қарау нәтижесінде сот мына шешімдердің бірін қабылдайды: 1) шағымды (наразылықты) қанағаттандырмайды; 2) апелляциялық және қадағалау сатысының үкімі мен қаулысын өзгертеді; 3) үкімнің және барлық кейінгі шешімдердің күшін жояды және істі жаңа сот қарауына жібереді; 5) со үкімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдырып, апелляциялық және қадағалау тәртібімен шығарылған қаулының күшін жояды; 6) апелляциялық сатының үкімін және қаулысын өзгеріссіз қалдырып, қадағалау сатысының шешімінің күшін жояды.

Қадағалау сатысындағы сот та азаматтық істер бойынша осындай шешімдер шығарады.

Осы сот сатылары жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізу тәртібімен қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген сот үкімдерінің және өзге шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген шешімдерге келсек, олардың жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша заңдылығы мен негізділігін тексерілетін шешімдерді шығарған сол соттар тексере алады. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгерілген немесе жаңа шешім шығарылған ұйғарымдарды, шешімдерді, қаулыларды қайта қарауды шешімді өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған сот жүргізеді.

Сот билігінің жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша актілерді қайта қарауы – істі қарау сәтінде кездескен және оны шешу үшін елеулі маңызы бар жаңадан ашылған мән-жайлар аясында заңды күшіне енген сот қаулысының заңдылығы мен негізділігі тексерілетін сот процесінің айрықша сатысы.

Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері: 1) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған жәбірленушінің немесе куәгердің айғақтарының, сарапшы қорытындысының көрінеу жалғандығы, сондай-ақ заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заттай айғақтардың, тергеу және сот іс-әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көрінеу бұрыс жасалуы; 2) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық іс-әрекеттері; 3) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған, қылмыстық іс-әрекеттері; 4) осы Кодекстің 474-бабында көзделген тәртіппен тексеру немесе тергеу арқылы анықталған және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім шығару кезінде сотқа беймәлім болған өзге де мән-жайлар сотталушының айыпсыздығы туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыс жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның айыптылығын өз алдына немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге айғақтайтын ұйғарымдар; 5) өзіне қатысты ҚІЖК-нің 315-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында белгіленген тәртіппен іс қаралған сотталушының, ол қылмыстық процесті жүргізуші органға келген жағдайда ерік білдіруі болып табылады.

Азаматтық істер бойынша шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін: 1) арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар; 2) заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан, куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы; 3) заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің

қылмысты әрекеттері немесе судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмысты әрекеттері; 4) белгілі бір шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің немесе қаулысының не өзге де орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады.

ҚР ҚІЖК-нің 473-бабына сәйкес «айыптау үкімін жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты сотталушының пайдасына қайта қарау ешқандай мерзіммен шектелмейді». Бұл жерде қылмыстық сот ісін жүргізудің «жаман жаққа бұрудың мүмкін еместігі» сияқты, яғни шағым немесе наразылық жазу нәтижесінде үкім шығарған кезде бұрын ақталған сотталғанның жағдайын қиындатуға жол бермеу қағидатының қажеттігі байқалады. Бұл тек сот төрелігінің мүддесіне ғана ықпал етіп қоймай, заңсыз және негізсіз үкімдердің орындалу мүмкіндігін жоятындықтан, үкімді қайта қарау нәтижесінде өз жағдайын нашарлату қаупі осы адамның сотқа жүгінуден бас тартуына мәжбүр ететін шағым беруге сотталғанның (ақталғанның) құқығының маңызды кепілі болып табылады. Әрі сотталғанның қайтыс болуы ақтау мақсатында жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді жаңадан бастауға кедергі болып табылмайды.

Ақтау үкімін, істі тоқтату туралы қаулыны қайта қарауға, сондай-ақ жазаның жеңілдігі немесе сотталғанға аса ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі себебі бойынша айыптау үкімін қайта қарауға ҚР Кодексінің 69-бабында белгіленген қылмыстық жауапкершілікке тартудың талап мерзімінің ішінде ғана және жаңа мән-жайлар ашылған күннен бастап 1 жылдан кешіктірілмей жол беріледі.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасы жаңадан ашылған мән-жайларға орай сот шешімдерін қайта қарау үшін өзге мерзімдерді көздейді. АІЖК-нің 406-бабына сәйкес қайта қарау туралы арызды іске қатысушы адамдар қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады.

Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы прокурордың қорытындысын қарап, сот:

1) сот үкімінің немесе қаулысының күшін жою және істі жаңадан тергеу немесе жаңадан сот талқылауын жүргізуге беру туралы; 2) сот үкімінің немесе қаулысының күшін жою туралы және іс бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін жаңадан тергеу немесе соттың талқылауы қажет болмағанда, істі тоқтату туралы; 3) прокурордың қорытындысын қабылдамай тастау туралы қаулылардың бірін шығарады.

ҚР АІЖК-нің 409-бабының 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес «сот жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды қарай келіп, не арызды қанағаттандырады және шешімнің, ұйғарымның немесе қаулының күшін жояды, не қайта қараудан бас тартады. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды қанағаттандыру туралы сот ұйғарымы шағым берілуге, наразылық келтіруге жатпайды. Шешімнің, ұйғарымның немесе

қаулының күші жойылған жағдайда сот істі осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша қарайды.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін тексеру және қайта қарау институты қадағалау ісін жүргізу сияқты барлық дамыған елдерде кездеседі. Бұлар - сапалы әрі әділ сот төрелігінен тұтастай барлық сот билігінің беделі байланысты болатындықтан, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуді жүзеге асыруға қажетті сатылар. Сондықтан да осы мән-жай бойынша еліміздегі заңдылықтың жай-күйін айтуға және мемлекетіміз демократиялық әрі құқықтық мемлекет болып табылады ма деген сұраққа жауап беруге болады.

5. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 2001.
2. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // Казахстанская правда. – 2000. – 30 желтоқсан.
3. ҚР Қылмыстық кодексі. – Алматы, 1998.
4. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, Жеті жарғы, 1998
5. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998
6. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета - 2001. – 8 тамыз.
7. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісі жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 Заңы // Казахстанская правда. – 2001. – 17 июля; Юридическая газета. – 2001. – 25 июля.
8. Гражданское процессуальное право России: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық/ М.С.Шакаранның редакциялығымен. – И.: Былина, 1998.
9. Гражданский процесс: ЖОО оқулығы/ М.К.Треушникованың редакциялығымен. – М.: Спарк, 1998.
10. Уголовный процесс: Оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 1998.
11. Нарикбаев М. Дорога к правосудию (запечатленные мгновения). – Алматы, 1997.
12. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999.
13. Стецовский Ю.И. Судебная власть. – М., Дело, 1999.
14. Пашин С.А. Судебная реформа и суд присяжных. – М., 1995.
15. Бернам У. Суд присяжных заседателей. – М., 1996.
16. Борисова Е.А. Апелляция в гражданском и арбитражном процессе. – М., 1997.
17. Скворцов О.Ю. Кассационная инстанция в арбитражных судах. – М., 1998.
18. Скитович В.В. Судебная власть как системное образование // Правоведение. – 1997.- № 1.
19. Сапарғалиев Г.С. Возникновение и развитие судебной системы советского Казахстана: 1917-1967 гг. – Алма-ата, 1971.
20. Жуйков В.М. Статус суда, его полномочия, судебная система и виды судопроизводства как условия обеспечения права на судебную защиту // Судебная реформа: итоги, приоритеты, перспективы. – М., 1997.
21. Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана. – 2001. – 15-16 наурыз.

22. *Нарикбаев М.С.* Основные этапы становления судебной системы суверенного Казахстана. Жинақта: Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. – 157-163-беттер
23. *Сапарғалиев Г.* Участие общественности – ключ к успеху. Жинақта: Проблемы реализации судебно- правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
24. «Прокуратура туралы» ҚР Заңы.
25. *Мухамбетов К.М.* Газета «Казах» и духовное наследие народа. Жинақта: Актуальные проблемы правовой реформы в Республике Казахстан. - Алматы: Казахский государственный юридический институт, 1995. – 28-бет.
26. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 18, 12 қор, 11 парақ.
27. *Сапарғалиев М.* История народных судов Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1966. – 61-бет.
28. *Сулейменова Г.Ж.* Суд и судебная власть в Казахстане. 1-б. Алматы, 1999.
29. *Сулайменова Х.С.* К истории организации советских судов в Узбекистане. – Ташкент, 1950. – 25-бет.
30. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 92 қор, 1 тізімдеме, 9 іс, 18 парақ
31. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.- 43-бет.
32. *Нарикбаев М.С.* Суд биев некоторые называют возвращением в средневековье // Перо фемиды. – 2001. - № 1-2. - 1-2-беттер.
33. *Алиев М.* Деятельность суда биев и казиев в Казахстане. Қараңыз: Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана, 2001. – 279-бет.
34. *Сапарғалиев Г.С.* Конституционное право РК. – Алматы: Жеті жарғы, 1998;
Рогов И.И. Конституция Республики казахстан. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
35. *Халиков К.Х.* Проблемы судебной власти в Республике Казахстан: Автореферат дис. – Алматы, 1998.
36. *Джекебаев У.* Место и роль суда в системе органов государственной власти. Жинақта: Проблемы реализации судебно- правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
37. *Савицкий В.М.* Презумпция невиновности. – М., 1997. – 59-60 бет.
38. Конституционное (государственное) право зарубежных стран / Б.А.Страшунның редакциялығымен. – М., 1995. 610-бет.
39. *Чиркин В.Е.* Конституционное право зарубежных стран. – М., 1997. – 296-бет.
40. *Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М.* Закон о статусе судей в Российской Федерации: Научно-практический комментарий. – М., 1994. 14-16-беттер.
41. *Сапарғалиев Г.С.* Возникновение и развитие судебной системы советского Казахстана: 1917-1967 гг. – Алма- Ата, 1971.
42. *Нарикбаев М.С.* Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. Астана 1998. 1,10-беттер
43. *Зиманов С.З.* Общественный строй казахов первой половины XIX в.. Алма-Ата. 1958.
44. *Мами К.А.* Становление и развитие судебной власти в Республике казахстан. – Астана: Елорда, 2001.
45. *Баглай М.В.* Конституционное право Российской Федерации. – М., 1998. 612-613-беттер

2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ ТӨРЕЛІГІН АТҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Сот төрелігі ұғымы және қағидаттарының мағынасы

Сот төрелігінің қағидаттары – мемлекеттік қызметтің осы түрінің елеулі жақтарын айқындайтын жалпы, басшылыққа алынатын, негізгі ережелер. Бұл ережелер сот төрелігін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың барлық мәселелерін шешу, қоғамның мемлекеттік тетігі мен саяси жүйесінде оның ролі мен орнын айқындауда негізгі болып табылады.

«Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру тек сот қана емес, сонымен бірге мемлекеттік биліктің басқа да құқық қорғау институттары кіретін барлық әділет жүйесін түбегейлі реформалауды талап ететінін даусыз»⁴¹.

Қағидаттардың жиынтығынан соттардың қызметін реттейтін барлық құқықтық алғышарттардың негізі құралады. Бұл алғышарттар қағидаттарға қайшы келе алмайды, соңғысы жоғары заңгерлік күші бар заңдар мен нормативтік құқықтық актілерде – ҚР Конституциясында, Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, конвенцияларда және басқа да халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген.

Нақты заңнамалық алғы шарттардан айырмашылығы қағидаттар онда қамтылатын ережелер заңдылықтың сақталуын қорғауда азаматтар, лауазымды адамдар мен органдар үшін ғана міндетті болып табылмайды, сонымен бірге заң органдары заңдарды жасай және оны түзете отырып, сол немесе өзге саладағы, атап айтқанда соттарды ұйымдастыру және оның қызметі саласындағы қолданылатын қағидаттармен немесе дәстүрлермен санасуы тиіс.

Қағидаттардың елеулі ерекшелігі олардың тұрақтылығына қатысты болып табылады. Олар нақты құқықтық алғышарттардан, соның ішінде заңдарда белгіленгеннен гөрі аз шамада конъюнктурлық, мерзімді ағымға ұшырайды. Ол қағидаттардың халықаралық-құқықтық актілерде және мемлекеттің Негізгі заңдарында қалыптасатындығымен түсіндіріледі. Ал осы санаттағы актілерді соттардың қызметін реттейтін, соның ішінде конституциялық заңдарға қарағанда өзгерту, толықтыру немесе басқаша түзету күрделірек. Сот төрелігінің қағидаттары деп аталатын құқықтық ережелердің тұрақтылығы – құқық қорғау қызметінің осы бағыттарын тұрақты ететін негізгі фактор, белгілі шамада оны кездейсоқ және терең ойластырымаған іс-әрекеттерден қорғайды.

Сот төрелігі қағидаттарының мағынасы:

⁴¹ Нарикбаев М.С. Реформирование судебно-правовой реформы Казахстана. Жинақта: Правовое развитие и становление государственности Казахстана. – Алматы, 1999. –8-бет.

- сот төрелігінің негізгі қырларын айқындайды, сондықтан барлық басқа да сот төрелігі туралы нормалар оларға сай келуге тиіс;

- оны жүзеге асыруға қатысатын органдар мен адамдар үшін ғана емес, сондай-ақ сот төрелігі саласында нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыруда және шығаруда заң шығарушылар үшін де міндетті;

- нақты нормаларға қарағанда тұрақты және өзгерістерге анағұрлым жиі ұшырайды, сондықтан олар сот төрелігі саласындағы тұрақтылық пен сабақтастықты айқындайды;

- нақты құқықтық актінің мақсаттары мен нағыз бағыттары туралы ақпаратты қамтитындықтан, сот төрелігі туралы басқа да нормаларды дұрыс түсіндіру үшін зор маңызға ие.

Сот төрелігі Конституцияда, сот жүйесі туралы Конституциялық заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген негізгі ережелерді, идеяларды басшылыққа алатын, мәні айқындалатын және сот төрелігі мен өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сот қызметін ұйымдастыру мен тәртібінің мазмұнын білдіретін *қағидаттарға* негізделеді.

Негізгі қағидаттар ҚР конституциясында бекітілген, сондықтан да қылмыстық, азаматтық және өзгі де істер бойынша сот төрелігін атқару саласындағы мәселелерді реттейтін салалық заңнаманы қабылдау кезінде негізгі бола отырып, олардың жоғары заңдық күші бар, сондай-ақ соттардың (судьялардың) ғана емес, сонымен бірге барлық азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың сақтауы әрі орындауы үшін де міндетті болып табылады.

2. Соттардың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруда сот төрелігі конституциялық қағидаттарының мағынасы

Қазақстан Республикасының Конституциясында заңды қолданған кезде судья басшылыққа алуға тиіс сот төрелігінің қағидаттары белгіленген (77-бап).

1. *Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.* Бұл қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін қылмыскер болып саналмайтынын білдіреді. Бұл – демократиялық мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында танылған кінәсіздік презумпциясы.

Кінәсіздік презумпциясы оның мазмұнын, ережелерін айқындайтын мыналармен сипатталады: 1) азаматты қылмыс жасауда кінәлі деп тану үшін оның кінәсін сөзсіз толық дәлелдеу қажет; 2) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, айыпты дәлелдеу міндеті айыптаушыға жүктеледі; 3) кінәсі тек заңнамада белгіленген тәртіппен дәлелденуге тиіс; 4) егер оны жоюдың барлық мүмкіндіктері аяқталса, адамның кінәлілігіне кез келген күдік айыпталушының (сотталушының) пайдасына қарастырылады; 5) адам қылмыс жасауға оның өзі мойындауының негізінде ғана соттала алмайды; 6) адамды қылмыс жасады деп тек сот ерекше процессуалды актімен – үкіммен таниды; 7) айыптау үкімі

болжамдармен шығарылмайды және шынайы дәлелдемелердің жектілікті жиналуына негізделуге тиіс; 8) адам үкім заңды күшіне енгеннен кейін кінәлі деп танылады. Конституцияда мұндай қағидат, әдетте, бекітілмейді. 1993 жылғы және 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституцияларында осы қағидаттарға нұсқау кеңес билігі тұсында кінәсіздік презумпциясы қылмыстық заңда танылса да, іс жүзінде іске асырылған жоқ, сөйтіп адамдардың өмірі қайғыға душар болуымен түсіндіріледі.

2. *Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.* Осы қағидат барлық құқыққа қарсы әрекеттерге қолданылады. Егер адам қылмыс жасаса, сот тек бір жаза тағайындай алады. Сондай-ақ бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін тек бір әкімшілік жаза қолданыла алады. Бұл қағидаттың «тарихи түбірі» бар. Нағыз және жорамал қылмыстары үшін адамдар өткен кезеңдерде бірнеше мәрте жазаланып, өмірінің соңына дейін қуғынға ұшырап отырды.

3. *Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.* Бұл қағидат қолданыстағы қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізеді. Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде екінші сатыдағы соттың бірінші сатыдағы сот үкімді екі рет өзгерткен істі өзіне қарауға ала алмайтын ережелер болды. Конституция осы ережеге сотталушының пайдасына елеулі түзету енгізеді. Соттылықты өзгерту сотқа тартылған адамның тілегіне байланысты.

4. *Сотта әркім өз сөзінің тыңдалуына құқылы.* Бұл демократиялық сот төрелігінің жалпы танылған қағидаты. Сот – жазалаушы орган емес, кінәсін анықтап, мәселені әділ шешуге арналған орган. Ал бұл, егер сот процесіне әрбір қатысушының толық көлемде айтуға мүкіндігі болса, мүмкін болады. Бұл сот процесіне қатысушының конституциялық құқығы.

5. *Конституция белгілі бір жағдайларда заңдардың кері күші болмайтынын белгілейді.* а) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін; б) азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін; в) азаматтардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Бұл қағидат қиынды шегіне дейін жеткізіледі. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілdestілсе, жаңа заң қолданылады.

6. *Айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.* Бұл қағидат кінәсіздік презумпциясынан туындайды. Егер адам заңдық жауапкершілікке тартылса, оның кінәсі болуын тиісті орган дәлелдеуге тиіс. Бірақ бұл адамның өз өміріне селсоқ қарауын білдірмейді. Ол өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, бірақ барлық заңды тәсілдермен дәлелдеуге құқығы бар.

7. *Адамның өзіне өзі қарсы айғақ бермеуге байланысты қағидат өте ізгілікті болып табылады.* Орта ғасырларда, тіпті кеңес уақытында сотталушының өзіне қарсы айғағы дәлелдемелердің төресі болады. Сондықтан мұндай айғақтар кез келген, тіпті қатал тәсілдермен алынды. Енді адам өз кінәсін ерікті түрде мойындай алады, бірақ өзіне қарсы айғақ беруге міндетті емес. Осы қағидаттың

кепілі жазалау үшін бір рет мойындаудың жеткіліксіздігі туралы конституциялық ереже болып табылады. Жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес туралы конституциялық ереже ізгі болып табылады. Ата-анасына, ерлі-зайыптыларға және басқа да туысқандарына қарсы айғақ беру көтермеленген уақыттар да есте бар, мұндай әрекеттер тіпті батырлық деп есептелді. Конституция дін қызметшілерінің өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті еместігін де көздейді.

8. *Адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылатын сот тәрілігінің маңызды қағидаты болып табылады.* Бұл қағидат айыпталушының кінәсін дәлелдеуге жеткілікті дәлелдері болмастан, оның үстіне күдіктіні сотқа беруге ұмтылатын және соттауға тырысатын тергеу акциясына қарсы бағытталған. Сот адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік оның пайдасына қарастырғанға дейін әлі де уақытты қажет етеді.

9. *Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмауы конституциялық қағидат болып табылады.* Дәлелдерді алудың басты заңсыз тәсілдері Конституцияда көрсетілген. 17-бапта «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны» жазылған. Адамның қадір-қасиетін қорлау арқылы алынған дәлелдемелер заңсыз болып табылады. Ешкім де азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа қатал азаптауларға ұшырауға тиіс емес. Егер оларды жинау және бекіту кезінде Конституцияда кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары, сондай-ақ іс жүргізу заңнамаларында белгіленген оларды жинау, бекіту тәртібі бұзылса, егер мұндай іс-әрекеттер тиісінше жасалмаса, дәлелдемелер заңды бұзылып алынған деп танылуға тиіс.

10. *Конституция қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол бермейді.* Бұл, егер заңда адам жасаған әрекет қылмыс деп саналмаса, онда осы әрекетке сыртқы жағынан ұқсас әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік көздеуді қолдануға болмайтындығымен түсіндіріледі. Қысқаша айтқанда, егер ол заңда көзделмесе, қылмыс жоқ⁴² деп есептелінеді.

3. Сот қызметінің қағидаттар жүйесі

3.1. Заңдылық

Заңдылық – мемлекеттік және отандық тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларында қоланылатын барлық құқық саларының жетекші қағидаты. Жалпы әмбебап құқық қағидаты бола отырып, заңдылық азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың ҚР Конституциясы мен оның тиісті заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қатаң және бұлжытпай орындауды әрі сақтауды білдіреді. Сот төрелігі саласында бұл қағидат мынаны білдіреді:

⁴²

Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: жетіжарғы, 1998. 288-290 беттер.

- сот төрелігін Конституцияда және заңда көзделген тәртіппен құрылған және өкілеттік берілген соттар ғана жүзеге асырады;
- сот төрелігін атқару кезінде судьялар тәуелсіз және тек конституция мен заңға бағынады;
- сот төрелігін атқару кезінде судьялар азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға тиіс;
- соттар ҚР Конституциясын, заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, республиканың халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс;
- сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар сот істері бойынша іс жүргізу тәртібі туралы процессуалдық заңнаманың талаптарын қатаң орындауға тиіс.

ҚР Конституциясының 4-бабының 2-тармағында «конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деген ереже бекітілген. Осыған байланысты соттың басты міндеттерінің бірі тек Конституцияны сақтау ғана емес, сонымен бірге оның тікелей қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл заң немесе заңға тәуелді акт Конституцияға сәйкес келмеген немесе онда конституцияда қамтылған нормалар болмаған жағдайда, сот тікелей қолданылатын акт ретінде Конституцияны қолдануы тиіс екендігін білдіреді, өйткені конституциялық нормалар заңдар мен өзге де нормативтік актілердің адына үстемдікке ие.

Сот төрелігі саласында заңдылық қағидаты заңда белгіленген кепілдік жүйесімен қамтамасыз етіледі, мысалы, соттың сот қаулыларына олардың заңсыздығы мен негіздігі себептері бойынша; сот қадағалауларына шағым беру; материалдық және іс жүргізу заңдарының нормалары бұзылған жағдайларда сот шешімдерін міндетті өзгерту құқығы.

Сот істерін қарау кезінде заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт ҚР Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасау фактілері анықталған жағдайда, сот Конституциялық Кеңеске осы актіні конституциялық емес деп тану және осыған байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұсыныммен жүгінуге құқылы⁴³.

3.2. Соттың сот төрелігін атқаруы

Сот төрелігі – бұл сот отырыстарында заңда белгіленген тәртіппен азаматтық, қылмыстық және өзге істерді заңдылық пен құқық тәртібін жан-жақты нығайту мақсатында қарау және шешу арқылы жүзеге асырылатын соттардың

⁴³

Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999. – 19-бет.

қызметі. Бұл қағидат мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу, оның бірі сот билігі болып табылатыны туралы конституциялық ережеден бастау алады⁴⁴.

ҚР Конституциясының 75-бабында және сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 1-бабында Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асыратыны көзделеді. Оларда соттардың толық тізбелері де көзделген: ҚР Жоғарғы соты және жергілікті соттар.

Сот төрелігі сот билігін жүзеге асырудың негізгі нысаны бола отырып, сот отырыстарында судьялардың (соттардың) қылмыстық, азаматтық және өзге заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді сот ісін жүргізу нысанында қарауын және шешуін білдіреді.

Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыру қағидатының саяси-құқықтық зор маңызы бар. Ешқандай басқа органдар мен лауазымды адамдардың соттың құзырына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарауға, шешуге немесе бақылауға алуға құқығы жоқ. Осыған сәйкес заңнамада қандай да бір атаулармен арнайы және төтенше соттар құруға жол берілмейтіндігі көзделген.

Тек сот қана сот отырысында адамды қылмыс жасауға кінәлі немесе кінәлі емес деп тануға және осыған байланысты тиісті айыптау немесе ақтау үкімін шығаруға, қаралған талап бойынша шешім қабылдауға құқылы. Тек соттың сот істері бойынша жаза және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге шарасын тағайындауға айрықша құқығы бар.

Соттың сот қаулыларын тек жоғары тұрған сот апелляциялық тәртіппен, сондай-ақ сот қадағалауы тәртібімен күшін жоя немесе өзгерте алады.

Занды күшіне енген сот қаулыларын Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жеке, лауазымды және заңды тұлғалары орындауға міндетті. Азаматтар, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары заңды күшіне енген сот қаулыларын орындамаған жағдайда бұл адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Заңды күшіне енген сот қаулыларын қасақана орындамаған жағдайда, сондай-ақ оның орындалуына кедергі келтірген кінәлі адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылады (ҚР ҚК-нің 392-бабы).

3.3. Судьяларды сайлау және тағайындау

Қазақстан Республикасы соттарының судьялық корпусы екі тәсілмен – резервке қойылған үміткерлерді сайлау және тағайындау арқылы жасақталады,

Республика Жоғарғы Сотының төрағасын, Жоғарғы соттың сот алақаларының төрағалары мен судьяларын республика Президентінің ұсынуы бойынша Сенат 5 жыл мерзімге сайлайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын, облыстық сот алақаларының төрағалары мен судьяларын республика Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды.

⁴⁴

Толубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998. – 147-бет.

Республикалық, аудандық соттарының төрағаларын Әділет біліктілік алқасының ұсынымы негізінде Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті 5 жыл мерзімге сайлайды.

Судья лауазымына тағайындалған және сайланған адамдарға заңмен сондай-ақ сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 28-бабында белгіленген белгілі бір талаптар қойылады.

Аудандық соттың судьясы болып жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар, біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін.

Көрсетілген талаптармен қатар, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, соның ішінде, әдетте, кемінде екі жыл судья болған азамат жоғары тұрған соттың судьясы бола алады. Көрсетілген талаптарға сай келетін адам резервке тұрады, судья лауазымына үміткерлерді іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі.

Осылайша, заңда азаматтықпен қатар, жас, білім, кәсіпқойлық және моральдық шек қойылады. Бұл қисынды да, өйткені заң шығарушы сот қызметі өзгешелігінің мазмұнына сүйене отырып, судьядан жеткілікті теориялық білім мен адамгершілік тазалықпен қатар, жылдар бойы жинақталатын практикалық тәжірибенің болуын да талап етеді. Мұның барлығы, сөзсіз, судьяға материалдық және процессуалдық заңнаманың нормаларын дұрыс қолданумен бірге, істі қарау кезінде кездесетін күрделі жағдайларды тексере білуге, негізді әрі заңды болумен қатар, әділ болуға тиіс байыпты және жауапты шешім қабылдай білуге мүмкіндік береді.

Судья ҚР Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай сақтауға, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл судьяның конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқтығын білдіреді. Заң немесе заңға тәуелді актілер конституцияға сәйкес келмеген немесе онда конституцияда қамтылған нормалар болмаған жағдайда, сот атап өткендей, ҚР Конституциясын тікелей қолданылатын акт ретінде қолдануға тиіс.

«Судья лауазымы қателесуге жол бермейді, өйткені біздің жұмысымыздағы әрбір қате – нақты адамның тағдыры, мемлекеттің мүддесі. Біз – Жоғарғы сот – жоғарғы саты, біздің қателеріміз түзелмейді, ешкім шағым бере алмайды»⁴⁵.

Өз міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынастарда судья сот төрелігінің беделіне, судьяның абыройына нұқсан келтіретіндерден немесе оның объективті әділдігіне күмән келтіретіндерден аулақ болуға тиіс. Оған мемлекет берген билік өкілеттіктерінің кешенділігі оның

⁴⁵

Нарикбаев М. Дорога к правосудию. – Алматы, 1997. – 221-бет.

құқықтық қана емес, жоғары моральдық жауапкершілігімен ұштасады. Судьяның қызметін реттейтін нормаларды құқықтық ережелер ретінде де, оның қызметінің этикалық негізін құрайтын жалпы адамгершілік жарғылардың нақты жеке көрінісі ретінде сипаттауға болады. Судьялардың өз міндеттерін кез келгенін орындамауы немесе тиісінше орындамауы соңында адамгершілік талаптардың бұзылуына әкеледі.

Сот істері мен материалдарды қарау кезінде білім деңгейіне ғана емес, судьяның құқықтық мәдениетінің, құқықтық танымының және адамшылдық деңгейінен дұрыс шешілуіне байланысты жағдайлар жиі туындайды. Бұл, өз кезегінде, әрбір шешімде оның жоғары, екі есе жауапкершілігін, іс-әрекетін күшейтеді және қабылданатын шешімдердің адамгершілік негіздерінің қажеттілігі олардың заңдармен жол берілу ұғымынан ғана емес, олардың моральдық-этикалық шарттарға сәйкестігінен туындайды. Сондықтан да судьяның құқықтық мәртебесін, сот төрелігі міндеттерін орындауда оның белсенді ролін ескере отырып, заңда оған кәсіптің басқа түрлеріне тән емес қосымша міндеттер жүктейді. Айталық, судья өз міндеттерін орындау кезінде де, қызметтен тыс қарым-қатынастарда: өз отбасына, қоғамдық және өзге байланыстарға судья ретінде оның қызметіне әсер етуге; осы қызметте болу кезінде өзі алған құпия ақпараттарды өз мақсаттарында ашпауға және пайдалануға; кәсіптік және өзге қатынастарда құрмет, шыдамдылық және тәрбиелілік және т.б. көрсетуге міндетті (Судья этикасы кодексінің 1, 2, 4-баптары)⁴⁶. Судья өкілетті немесе атқарушы органдардың басшыларына жағыну, осы соттың немесе жоғары тұрған сот төрағасының көзіне түсу үшін тырысу ретінде бағаланатын мінез-құлықтардан аулақ болуға тиіс. Судьяның қоғамдық орындарда масаң күйде, салақ немесе көзге түсетін киімдермен көрінуіне, күмәнді беделі бар (сауықхана, сауық үйлері) орындарда болуына, өкілеттік, атқарушы және басқа да органдардың басшы қызметкерлерімен өзінің жеке байланыстарын жарнамалауға және т.б. жол берілмейді.

Судья оның қызметіне заңсыз араласуға кез келген әрекеттерге қарсы тұруға, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың соттың қарауындағы істі бақылауға алу әрекетінің жолын кесуге тиіс. «Соттарға – дейді ҚР Жоғарғы сот Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы қаулысында – сол немесе өзге істі шешуге байланысты ұсыным жазылған мемлекеттік органдардың жазбаша немесе ауызша өтініштерін қараусыз қалдыру, қажетті жағдайларда, сонымен қатар, осы адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені қою тиісті»⁴⁷. Мәселен, ҚР ҚК-нің 339-бабының 1-тармағында белгіленген: «Сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатында соттың қызметіне қандай да болмасын нысанда араласу – екі жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі

⁴⁶ ҚР Судьялары съезінің материалдар жинағы. – Алматы, 1997. – 75-76-беттер.

⁴⁷ ҚР Жоғарғы соты Пленумы қаулыларының жинағы. 3-том. – Алматы: Юрист, 1999. – 104-бет.

жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады». Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған әрекеттер «бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, немесе онсыз осындай мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» (3-тармақ). Сонымен қатар, заң шығарушы ҚР ҚК-нің 340-бабы бойынша («судьяға, сол сияқты олардың туыстарына істің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты оның өміріне қол сұғу»), сондай-ақ ҚР ҚК-нің 341-бабы бойынша («істің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға, сол сияқты оның туыстарына арына қатысты өлтіремін деп, денсаулыққа зиян келтірумен, мүлкін бүлдірумен немесе жоюмен қорқыту») сот төрелігін жүзеге асыруға соттың қызметіне араласудың нақты нысандарына кедергі келтіру жауапкершілік көздейді.

Судья судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға, жабық сот отырыстарын өткізу кезінде алынған мәліметтерді жария етпеуге тиіс. Кеңесу бөлмесінде басқа адамдардың, соның ішінде процеске қатысушылардың болуына заңмен жол берілмейді.

Заңда судьяларды толық саясатсыздандыру көзделген. Осыған байланысты судьяға қойылатын маңызды талап заңда көзделген депутат болуға, ақы төленетін өзге жұмыспен (оқытушылық, ғылыми және өзге шығармашылық қызметтен басқа) айналысуға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқау кеңесінің құрамына кіруге жол бермеу болып табылады. Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіруге, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе қарсы сөйлеуге тиіс емес, яғни заң шығарушы оның тәуелсіздігі мен адалдығын қамтамасыз ету мақсатында судьялардың саяси бейтарап болу талабын белгілейді. Осы ереже судьяның жалғыз функциясы тек сот қызметі болып табылатынын көздейді. Оқытушылық, ғылыми және өзге шығармашылық қызметпен айналысу еңбек заңнамасына сәйкес қосымша жұмыс ретінде жұмыстан тыс уақытта жүзеге асырылады.

3.4. Судьялардың тәуелсіздігі

Судья істі қараған кезде адал болуға және қаралған дәлелдемелерді бағалауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша шешім қабылдауға тиіс және бұл ретте тек ҚР Конституциясын және заңды басшылыққа алады. Бұл орайда судьялар тек ҚР Конституциясына қайшы келмейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдана алады.

Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. (Сот жүйесі туралы Конституциялық Заңның 25-бабының 3-тармағы). Нақты іс бойынша өз пікірін судья тек кеңесу бөлмесінде айтуға құқылы. Алайда судьяның тәуелсіздігін жауапкершілік және бәріне рұқсат етушілік ретінде ұғынуға болмайды. Заңда істі қараған кезде заңдылықты бұзғаны үшін, теріс қылық жасағаны үшін судьялардың жауапкершілігі көзделген.

Судьялардың ауыстырылмауы заңда белгіленген тәртіппен оларға өкілеттік берілгеннен кейін заңда тікелей көзделген жағдайлардан басқа және тәртіпте қызметтен босатылуы мүмкін; олар басқа қызметке немесе басқа сотқа оның келісімінсіз ауыстырыла алмайды; олардың өкілеттіктері заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіптен өзге тоқтатыла алмайды.

«Сот құрамының тәуелсіздігі барлық зерттелетін дәлелдемелердің соттардың тікелей қабылдауының қажетті шарты, сот ісін қарауға және шешім қабылдауға нақты қатысу мүмкіндігі болып табылады, сондай-ақ сот ісін қарау аяқталғаннан кейін соттардың объективті қорытындысының кепілдігі болады»⁴⁸.

Сонымен бірге сот жүйесі туралы Конституциялық заңда белгілі бір негіздемелер болғанда судьяны қызметтен босату мүмкіндігі көзделген:

- 1) орнынан түскенде немесе өз тілегі бойынша судья қызметінен босағанда;
- 2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 4) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғанда;
- 6) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 7) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;
- 8) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе, тоқтатылады.

Сонымен қатар, судьяның бұл туралы өз тілегі болған, не денсаулық жағдайы бойынша, не сот таратылған немесе өкілеттік мерзімі өткен жағдайда *орнынан түсу* нысанында қызметтен босатылуына құқығы бар. Орнынан түскен судьяның, судьялар қоғамдастығында болған жағдайында, оның жеке басына тиіспеушілік кепілдіктері сақталады, оған сот төрелігін атқаруды қоспағанда, сот жүйесі туралы Конституциялық заңның басқа да ережелері қолданылады (35-бап).

Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

- Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

- облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

Біліктілік сыныптарын беру негізі мен тәртібі, олардың әрқайсысында болу ұзақтығы, біліктілік сыныптарынан айыру заңнамада көзделген.

Сот жүйесі туралы Конституциялық Заңда, сондай-ақ оның өкілеттігі тоқтатыла тұрған кезде, сот істері мен материалдарын қарау бойынша өкілеттігінен *уақытша айырылуы* мүмкін жағдайлар көзделген. Заңда судьяның өкілеттігін тоқтата тұруға әкелетін негіздердің толық тізбесі белгіленген:

1) судьялар Қазақстан Республикасының Президенттігіне, ҚР Парламенті мен мәслихатының депутаттығына тіркелу;

2) судьяны заңды күшіне енген сот шешімімен хабар-ошарсыз кетті деп тану;

3) судьяны қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім беруі;

4) басқа жұмысқа ауысуы.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру шешімін:

- ҚР Жоғарғы сотының Төрағасына қатысты ҚР Президенті;

- барлық қалған соттарға қатысты Жоғарғы сот Төрағасы қабылдайды.

Судьялардың өкілеттігін тоқтата тұру шешімін қабылдауға негіз болған мән-жайлар жоққа шығарылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі.

3.5. Судьяларға ешкімнің тиіспеушілігі

Сот төрелігін атқару кезінде судья тәуелсіздігінің маңызды кепілі және оларға қандай да бір әсер етудің алдын алудың қажетті шарты заңмен белгіленген судьяларға ешкімнің тиіспеушілігі туралы ереже болып табылады. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, не Жоғарғы сот төрағасы және судьялар ешкімнің тиіспеушілігінен айырылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды (қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда) (сот жүйесі туралы Конституциялық Заңның 27-бабы).

Оның заңды қызметіне кедергі жасау, не істеген қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған судьяның өміріне қол сұғу, сондай-ақ істің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға, сол сияқты оның туыстарына, арына қатысты, өлтіремін деп денсаулыққа зиян келтірумен, мүлкін бүлдірумен немесе жоюмен қорқыту қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғады (ҚР ҚК-нің 340, 341-баптары. Осындай фактілердің алдын алу мақсатында заңда

судьяның, оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралар көзделген (ҚР ҚІЖК-нің 98-бабы). Осындай шараларға судьяның қызметтік атыс қару-жарағын сақтау және алып жүру, жеке күзетін қамтамасыз ету құқығы және т.б. жатады.

Ешкімнің тиіспеушілігі барлық соттардың судьяларына сот төрелігін тікелей атқаруда ғана емес, қызметтен тыс кезде де қолданылады. Алайда бұл судьяның лауазымына теріс қылық жасаған жағдайда судьяның жазалаусыз қалдырылатынын білдірмейді. Занда оны жауапкершілікке (тәртіптік, қылмыстық) тартудың ерекше рәсімі көзделеді. Мәселен, ҚР ҚІЖК-нің 498-бабының 1-тармағында көзделгеніндей: «судьяға қатысты тергеу ісін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ғана қозғауы мүмкін, ол анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органға тергеу жүргізуді тапсырады». Судьяны қылмыстық жауапкершілікке тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Бас прокурор ҚР Президентіне немесе ҚР Парламентінің Сенатына ұсыныс енгізеді. ҚР Президентінің, ҚР Парламенті Сенатының келісімін алғаннан кейін одан әрі тергеу жүргізіледі. Судьяға қатысты қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті болып табылады. Егер Президент немесе Парламент Сенаты судьяны қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім бермесе, қылмыстық іс тоқтатылады⁴⁹.

3.6. Сот істерін кәсіптік негізде қарау

ҚР Конституциясының 79-бабының 1-тармағы, сондай-ақ сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 1, 24-баптары тек *тұрақты судьялар*, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізуге тартылатын алқа заседательдерінің құрамында - соттарды құруды көздейді. Сонымен бірге, Конституцияның 72-бабының 2-тармағында мынадай ерекшелік көзделеді, оған сәйкес заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығында халық заседательдері институты таратылды. Барлық істерді сотта қарауды тек кәсіпқой судьялар жүзеге асыратын болады. Сонымен бірге заң шығарушы азаматтардың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу идеясынан да бас тартқан жоқ. Сот төрелігін одан әрі демократияландыруда қылмыстық істер бойынша алқа заседательдері сотын құрған «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңы маңызды қадам болды. Осылайша, заңнамада сот төрелігін кәсіпқой судьялардың, ал заңда көзделген жағдайларда кәсіпқой емес алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылатыны белгіленді.

⁴⁹

Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999. – 31-бет.

Бірінші сатыдағы сотта барлық істерді қарауды судья заңда өлім жазасы көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, жеке-дара жүзеге асырады. Бұл санаттағы істерді құрамында үш судья алқалы қарайды. Істерді алқалы қарауды сот қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асыра алады.

Қылмыстық істерді сот алқаларында апелляциялық және қадағалау тәртібімен қарауды, сондай-ақ жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімдерін қайта қарауды құрамында кемінде үш судья бар сот жүзеге асырады.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істерді қарауды судья, егер қаралатын сот шешімін судья жеке-дара немесе құрамында кемінде үш судья бар сот шығарса, егер қаралатын сот шешімін құрамында кемінде үш судья бар сот шығарса, жеке-дара жүзеге асыра алады.

Істі қараған кезде алқалы құрамда судьялардың бірі заңмен сот ісін қарауға басшылық жасау, істің толық, жан-жақты, объективті әрі әділ қаралуын қамтамасыз ету бойынша және т.б. міндеттер жүктелетін төрағалық етуші болып табылады. Алайда, алқа құрамында істі қарайтын судьялар істі қарау процесінде туындайтын барлық мәселелерді шешу кезінде төрағалық етушімен тең құқықтарды пайдаланады.

Қалыптасқан әлемдік практикада алқабилерінің қатысуымен істі қарау, егер айыпталушының өзі соттың осындай құрамы туралы өтініш берген, не айыпталушы өзін кінәлі деп санамайтын, не ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ заңда жаза ретінде өлім жазасы көзделген қылмыстар туралы жағдайларда жүзеге асырылады.

Егер түрлі елдердегі сот төрелігін жүзеге асыру бойынша сот құрамының қалыптасқан тәжірибесіне жүгінсек, онда ол барынша әр түрлі. Мысалы, бірқатар мемлекеттерде қылмыстық істерді қарау жөніндегі сот құрамы мынадай түрде: Германияда – 3 кәсіпқой судья және 2 кеңесші; Англияда – 1 кәсіпқой судья және 12 алқа заседательдері; Бельгияда – 3 кәсіпқой судья және 12 алқа заседательдері; Италияда – 2 кәсіпқой судья және 6 алқа заседательдері; Австрияда – 3 кәсіпқой судья және 8 алқа заседательдері; Швейцарияда – 1 судья және 12 алқа заседательдері; АҚШ-та – 3 және одан да көп кәсіпқойлар және 6-дан 12-ге дейін алқа заседательдері; Норвегияда – 3 және одан да көп кәсіпқойлар және 10 алқа заседательдері. Осылайша, кәсіпқой емес судьялардың, яғни алқа заседательдерінің сандық құрамы әртүрлі болуы мүмкін. Көптеген елдерде алқа заседательдерін іріктеу жүйесі қорғаушылыққа үміткерді тандаудың кездейсоқтық сипаттағы әдісінен тұрады, яғни заңның тиісті талаптарына, алқа заседательдерінің құармына кіруге сай келетін кез келген азаматтар үшін тең ықтималдықтарды қамтамасыз ету болып табылады. Істі кәсіпқой судьялардың алқалы қарауынан айырмашылығы алқа заседательдері дәлелдемелерді зерттеуге қатыспайды. Олар тек бір ғана мәселені – сотталушы кінәлі және кінәлі емес

дегенді шешуі қажет. Бұл үкімді олар кеңесу бөлмесінде дербес шешеді әрі бұл ретте өз шешімін олар дәлелдеуге және негіздеуге тиіс емес⁵⁰.

3.7. Заң мен соттың алдында баршаның бірдейлігі

Қазақстан Республикасында сот төрелігі Конституцияның 77-бабына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне және кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, азаматтардың теңдігі негізінде жүзеге асырылады. Баршаның заң алдында бірдейлігі республикада қолданылатын заңдардың барлық азаматтарға бірдей қолданылатынын және сөзсіз сақтауға және орындалуға жататынын білдіреді. Заңды бұзған кез келген адам заңда белгіленген жауапкершілікке тартылады. Баршаның сот алдындағы теңдігі сот алдына келген барлық азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін олардың іс жүргізу жағдайларына сай келетін тең міндеттері мен тең құқықтары барын білдіреді (мысалы, айыпталушыға оны қорғау құқығы қамтамасыз етіледі; сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға аудармашы беріледі және т.б.). барлық соттарда және барлық азаматтарға қатысты сот ісін жүргізу тиісті іс жүргізу заңнамаларында (АДЖК, ҚІЖК және басқалары) бекітілген бірыңғай сот ісін жүргізу ережесі бойынша жүзеге асырылады. Азаматтар арасындағы тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, тұрғылықты жері, дінге көзқарасы, нанымы, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша айырмашылықтар соттың нақты іс қарауы кезінде қандай да бір артықшылықтарға немесе кемсітушілікке жол бермейді⁵¹. Сонымен бірге қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар адамдарға қатысты сот ісін жүргізудің жалпы ережелерінен белгілі бір шегінің болуы осы қағидаттың мәніне қайшы келмейді. Заңда көзделген шегініс депутаттық өкілеттік берілген адамдарға, ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесіне, судья лауазымына тағайындалған немесе сайланған адамдарға қатысты зорлық-зомбылық пен заңдылықты бұзудан қорғаудың атқарушы құралы болып табылады⁵².

3.8. Тараптардың теңдігі және процестің бәсекелестігі

Бәсекелестік – бұл айыптау функциясы қорғау функциясы мен істі шешу функциясынан ажыратылған сот ісін қараудан тұратын сот ісін жүргізу қағидаты; сот процесте басты орын алады; сот ісін қарауға басшылық етеді және істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге, іс бойынша шындықты анықтауға заңда көзделген барлық шараларды қабылдауға, іс бойынша заңды

⁵⁰ Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999. 33-34-беттер.

⁵¹ Уголовный процесс /А.С.Кобликовтың редакциялығымен – М.: НОРМА – ИНФРА, 1999. – 27-бет.

⁵² Төлеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998. – 173-бет.

және негізді шешім шығаруға міндетті; сот ісін қарауға қатысушылар, соның ішінде айыптаушы мен айыпталушы тең іс жүргізу құқықтарына ие.⁵³

Сот ісін жүргізуде тараптардың теңдігі және бәсекелестігі қағидаты (ҚР ҚІЖК-нің 23-бабы) сот ісін қарау кезінде оның қатысушыларына сот алдында өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін тең іс жүргізу мүмкіндіктері берілген.

Сот отырысында басты орын алатын және сот ісін қарауға басшылық ететін сот іс бойынша шындықты айқындау және заңды әрі негізді сот қаулысын шығару үшін заңда көзделген барлық шараларды қабылдауға міндетті.

Бәсекелестік сот ісін жүргізуде прокурор, жәбірленуші, жеке айыптаушы және азаматтық талапкер жүзеге асыратын *айыптау* функциясы сотталған, оның қорғаушысы, азаматтық жауапкер жүзеге асыратын *қорғау* функциясы мен сот орындайтын істі *қарау және шешу* функциясынан бөлінеді. Бұл айыптауды да, қорғауды да дәлелдемелерді ұсыну, дәлелдемелерді зерттеуге қатысу, өтініш беру және сот талқылауларына қатысу бойынша тең құқықтармен қамтамасыз етілетінін білдіреді. Сот тараптардың пікірлерімен байланысты емес және Конституцияны әрі заңды, сондай-ақ өзінің құқықтық танымын басшылыққа ала отырып, істің барлық мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті қарауға олардың жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша шешім қабылдауға тиіс.

Бұрын қолданған заңнамада «тараптардың теңдігі» ұғымымен қатар (ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығының 9-бабы) «тараптардың тең құқылығы» ұғымы қолданылды (ҚР ҚІЖК-нің 23-бабы). Екінші ұғым анық әрі дұрыс ұғымды білдіреді, сондай-ақ бәсекелестік қағидатының мағынасын ашады. Осы жерде В.М.Савицкий дұрыс көрсетеді: «тараптардың теңдігі туралы айту бос нәрсе, мұндай тараптар тірі қылмыстық істе жоқ... Бір жағында сотқа кінәсін дәлелдеп тұрған мемлекеттік билік өкілі, ал екінші жағында - тағдырының шын мәнісінде бос, сот ісі нәтижесінде шешілетін азамат тұрғанда, іс жүзіндегі немесе заңдық тұрғыдағы теңдік туралы сөз қылу мүмкін емес нәрсе. Тараптардың теңдігі жоқ және болмайды да, бұлар бос сөздер, маниловшылдық, ал олардың дәлелдеу барысында тең құқылығы бәсекелестік қағидатын ұйымдастыру бөлігі ретінде әбден қажет»⁵⁴.

Осылайша, бәсекелестік қағидаты маңызды кепілдердің бірі болып табылады, оның көмегімен істі қарау кезінде және бірінші кезекте, шындықты анықтау кезінде сот төрелігінің мақсатына қол жеткізілуге тиіс.

⁵³ Юридический энциклопедический словарь. – М., 1984. – 343-бет.

⁵⁴ Савицкий В.М. Презумпция невиновности. – М., 1997. – 59-60 бет.

3.9. Сот ісін жүргізу тілі

Осы қағидаттың негізінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылатыны туралы конституциялық қағида жатыр. ҚР Конституциясының 19-бабына және «Тілдер туралы» ҚР Заңының 4-5-баптарына сәйкес республиканың барлық соттарында сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, қажет болған жағдайда орыс тілі немесе басқа да тілдер қатар қолданылады. Іске қатысатын адамдарға оның материалдарымен танысу, аудармашының көмегімен тергеу және сот әрекеттеріне қатысу құқығы, сотта ана тілінде немесе өздері білетін кез келген басқа тілде сөйлеу құқығы қамтамасыз етіледі. Сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін айыпталушылардың ісі бойынша заңда қоғаушының міндетті түрде қатысуы көзделген.

Осы қағидатты жүзеге асырудың маңызды кепілі сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдардың ісіне қатысушыларды материалдарды олар білетін тілдерге тегін аударуды қамтамасыз ету болып табылады. Аудармашы ретінде істің барысына қызығушылығы жоқ, аударма үшін қажетті тілді білетін адам шақырылады. Аудармашы көрінеу дұрыс аудармаған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады (ҚК-тің 352-бабы).

3.10. Сот ісін қараудың жариялылығы

Жалпы құқық бойынша, сот ісін қарау кезінде сот отырысының залында процеске қатысушылармен қатар, сот ісіне қатыспайтын басқа да азаматтар, сондай-ақ баспасөз, радио, теледидар және т.б. өкілдер қатыса алады. Сонымен бірге жариялылық қағидаты жеке адамның, заңды тұлғалар мен мемлекеттің қорғалатын мүдделеріне қайшы келгенге дейін қолданылады. Сонымен қатар, қылмыстыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын органдардың жариялы қызметінің қисынды жалғасы кез келген істі ашық қарау болып табылады, мұның өзі шешім қабылдауда сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша төмендетуге сот органдарының ұмтылысын ынталандырады әрі ұйымдастырады, жұртшылық алдында мемлекеттің, барлық билік тармақтарының беделін қамтамасыз етеді⁵⁵.

«Жариялылық қағидаты азаматтар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сот отырысы залына қатысу, онда барлық болып жатқандарды жазу және шектелмеген адамдар тобына процестің барысы мен нәтижелері туралы хабарлау мүмкіндігін бере отырып, сот істерін ашық қараудан тұрады»⁵⁶.

⁵⁵ Байбатыров С.К. Гласность судебного разбирательства как важнейший фактор борьбы с коррупцией // Тураби. – 1998. – № 6. – 61-бет.

⁵⁶ Стецовский Ю.И. Судебная власть. – М., 1999. – 158-бет.

ҚР Жоғарғы сотының Пленумы «ҚР сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 жылғы 14 мамырдағы қаулысында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының залына қатысуынан негізсіз бас тарту фактісіне жол бермеуге соттардың назарын аударды. Сонымен бірге заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары өз хабарларында сот актісі заңды күшіне енгенге дейін сот ісін қарау нәтижелерін алдын ала шешуге немесе сотқа өзге де тәсілдермен ықпал етуге құқығы жоқ. Осы талапты сақтамау сот қызметіне араласқаны немесе сотты құрметтемегені болып есептеледі және сол үшін кінәлі адамдардың жауапкершілігіне әкелеліп соғады⁵⁷.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабында «барлық сот ісін қарауды немесе мораль, қоғамдық тәртіп немесе демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік ұғымы бойынша оның жартысын немесе тараптардың жеке өмірінің мүддесі қажет еткенде, немесе соттың пікірі бойынша қаншалықты өте қажеттігіне байланысты, - жариялылық сот төрелігінің мүддесінің бұзылуы мүмкін ерекше мән-жайларды басуға және жариялауға жол берілмеуі мүмкіндігі» көзделген.

Сот ісін қарау заңнамасына сәйкес жабық отырыста:

а) басты сот ісін қарау мемлекеттік құпияларды, әскери, қызметтік және коммерциялық құпияларды жария ететін кезде;

б) азаматтардың жеке өмірі мен жеке және отбасылық құпиясын жария етуден қорғау қажеттігі туындағанда;

в) сот ісіне қатысушылардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болғанда тыңдалады. Сонымен қатар, жабық сот отырысында сот процесінің сотқа дейінгі сатысында сот шешетін алдын ала тергеу, анықтау органдары мен прокуратураның іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар қаралады (ҚР ҚІЖК-нің 29-бабының 1-тармағы). Жабық сот отырысында істі қарау кезінде қандай да бір алып қоюлар мен ерекшеліктерсіз іс жүргізу нысандарын сақтауға қойылатын барлық талаптар сақталуға тиіс. Алайда қабылданған шешімдер, сот үкімдері мен қаулылары барлық жағдайларда жария етіледі⁵⁸.

3.11. Сот қорғауына құқық

Конституцияның 13, 16-баптарында осы қағидаттың негізі салынған, соған сәйкес жеке адамның заңға қайшы келмейтін тәсілдермен өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауына құқығы бар.

Сот қорғауы—құқық, жеке адамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады. Азаматтардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот қорғауы мемлекеттік

⁵⁷

Сборник постановлений Пленума Верховного суда РК. Т. 3. – Алматы: Юрист, 1999. – 104-105-беттер.

⁵⁸

Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999. – 37-38-беттер.

органдардың, лауазымды және өзге адамдардың кез келген құқыққа қарсы іс-әрекеттері мен шешімдеріне (алқалы да, жеке-дара да) арыз және шағымдармен сотқа жүгіну арқылы жүзеге асырылады. Егер олар жеке адамның құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетпесе, шектемесе немесе бұзбаса, аталған субъектілердің кез келген әрекеттері мен шешімдері соттың бақылауында болады.

Барлық азаматтардың өзінің бұзылған немесе даулы құқықтарын не заңмен қорғалатын мүддесін сот қорғауы үшін сотқа бірдей жүгіну мүмкіндігі бар. Кез келген азаматтың жеке де, өзінің өкілі арқылы да соттың қорғауы үшін сотқа жүгінуге құқығы бар. Азаматтың соттың қорғауы үшін сотқа жүгінуі соттың шағымдарды, арыздарды, талап арыздарды қарауы мен шешуі бойынша сот қызметін бастау міндетінің туындауына әкеледі.

Сонымен бірге сот қорғауына құқық қағидаты азаматтың соттың сот актілерінің өзіне олардың негізсіздік және заңсыздық себептері бойынша апелляциялық және қадағалау тәртібімен шағым беруін жорамалдайтынын атап өту қажет.

Кейбір ғалымдар, мысалы Б.Х.Төлеубекова және басқалары сот төрелігі қағидатының бірқатар басқа да қағидаттарын бөліп көрсетеді: ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау, куәгерлік айғақтар беру міндеттерінен босату және т.б.⁵⁹.

4. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 2001.

2. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // Казахстанская правда. – 2000. – 30 желтоқсан.

3. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998

4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998

5. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.

6. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.

7. *Судейменова Г.Ж.* Суд и судебная власть в РК. 1-б. – Алматы, 1999.

8. *Нарикбаев М.* Дорога к правосудию. – Алматы, 1997.

9. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.

10. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.

11. Независимость судей – залог успешного проведения реформы // Юридическая газета. –1998. –2 қыркүйек.

12. Неприкосновенность частной жизни: проблемы и мнения // Юридический мир. – 1997. - № 9.

13. *Савицкий В.М.* Презумпция невиновности. – М., 1997. – 59-60 бет.

14. *Савицкий В.М.* Язык процессуального закона. Вопросы терминологии. – М., 1987. – М., 1997. – 59-60 бет.

15. *Сапарғалиев Г.С.* Конституционное право РК. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 288-290-беттер

16. *Смирнов В.П.* Противоборство сторон как сущность принципа состязательности уголовного судопроизводства // Государство и право. – 1998. - № 3.
17. *Сулейменова Г.Ж.* Независимость суда должна быть реальной // Казахстанская правда. – 1998. - № 4.
18. *Лукащук И.* Иммуниет в отношении уголовной юрисдикции // Российская юстиция. – 1998. - № 4.
19. Конституционные основы правосудия в СССР / В.М.Савицкийдің редакциялығымен. – М., 1981.
20. *Жуйков В.М.* Статус суда, его полномочия, судебная система и виды судопроизводства как условия обеспечения права на судебную защиту // Судебная реформа: итоги, приоритеты, перспективы. – М., 1997.
21. *Тлегенова Ф.А.* Принцип осуществления правосудия только судом // Право и государство. – 1997. - № 3.
22. *Стецовский Ю.М., Ларин А.М.* Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. – М., 1986.
23. *Рысбекова Г.* О некоторых вопросах судебной этики // Тураби. – 2001. - № 4.
24. *Радутная Н.* Суд присяжных в зарубежных правовых системах // Советская юстиция. – 1993. - № 4-5.
25. Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана. – 2001. – 15-16 наурыз.
26. Правовое развитие и становление Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы. – 1999.
27. *Сапарғалиев Г.С.* Конституционное право РК. - Алматы: Жеті жарғы, 1998.
28. *Мами. К.* Судебная власть в РК: проблемы и перспективы. Жинақта: Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. – 369-бет.
29. *Абдиканов Н.А.* Организация главного судебного разбирательства по уголовным делам в РК. – Алматы, 2001, -184-бет
30. Уголовный процесс: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Норма, 1999. – 374-бет.
31. *Стецовский Ю.И.* Судебная власть. – М., 1999. – 158-бет.
32. *Толеубекова Б.Х.* Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998. 132-205-беттер.
33. Сборник постановлений Пленума Верховного суда РК. Т. 3. – Алматы: Юрист, 1999. – 104-105-беттер.
34. *Байбатыров С.К.* Гласность судебного разбирательства как важнейший фактор борьбы с коррупцией // Тураби. – 1998. - № 6. – 61-бет.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУДЬЯЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. Судьялар – сот билігін жүргізушілер, олардың құқықтық мәртебесі және заңнамалық реттеу

1995 жылғы ҚР Конституциясы сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде бөліп алып, заң шығарушылық және атқарушылық биліктен бөлуді жария етті. Сот билігінің мақсаты азаматтардың. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтарын, бсотандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырудан, ҚР Конституциясының, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуден тұрады. Осы арқылы сот билігіне, біріншіден, құқық туралы барлық жанжалдар мен дауларды шешетін төрешінің, екіншіден, мемлекетте заңдылық режимінің орындалуы мен сақталуын қамтамасыз ететін органның ролі берілген.

Заңда белгіленген тәртіппен судья лауазымына тағайындалған немесе сайланған, тиісті сотта жұмыс істейтін және өз өкілеттіктерін кәсіптік негізде жүзеге асыратын адам судья болып табылады.

Судьялардың құқықтық мәртебесі судьялардың тәуелсіздігі мен ауыстырылмайтындығын, сонда-ақ оған ешкімнің тиіспеушілігін қамтиды. Тәуелсіздік судьяның тәуелсіздігін және тек Конституцияға бағынатындығын білдіреді. Ешкімнің де сот төрелігін жүзеге асыруға араласуға және судьяға қандай да бір ықпал етуге құқығы жоқ. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес (Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 25-бабы).

Судьялардың құқықтық мәртебесі соттарды құру тәртібін, оларды ұйымдастыру қағидаттары мен қызметін, сот жүйесін, әрбір сот буынының құрамын, құрылымын, құзыретін, сондай-ақ судьялардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер жүйесін құрайтын ҚР сот билігі заңнамасымен реттеледі.

Соттардың қызметін және судьялардың мәртебесін реттейтін негізгі құжаттар ҚР Конституциясы мен сот жүйесі туралы Конституциялық заң болып табылады.

2. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктері

ҚР Конституциясының 77-бабының 1-тармағына және сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 25-бабына сәйкес сот төрелігін атқару кезінде судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Судьялар оларға заңмен

берілген өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде атқарушылық және заң шығарушылық мемлекеттік билік тармағының қандай да бір органы мен лауазымды адамына бағынбайды және жоғары тұрған сот сатыларына есеп бермейді.

«Судья тәуелсіз, алайда оның тәуелсіздігі заңмен айқын регламенттелген, яғни судья қатаң бағынатын заңнамалық, нормативтік құқықтық актілермен «шектелген», белгіленген»⁶⁰.

Сот істерін қарау кезінде соттың пікірі талқылауына қатысушылардың пікіріне байланысты емес, ол айыптау жағын да, қорғау жағын да қолдамайды. Судья істі қарау кезінде әділ болуға және қаралған дәлелдемелерге баға беруге негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша шешім қабылдауға және бұл ретте тек Конституция мен заңды басшылыққа алуға тиіс.

Судьяның тәуелсіздігі Конституция мен заңда қорғалады және:

- 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;
- 2) оның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да болмасын араласумен жауапкершілігіне қауіп төндіруге тыйым салумен;
- 3) сотты сыйламағандығы үшін жауапкершілік белгілеумен;
- 4) белгіленген тәртіппен судьяны қызметке сайлау, тағайындау, өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, оның орнынан түсу құқығымен;
- 5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Судьяларға өкілеттік беру тәртібі және судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптар

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 29-бабының 1, 2-тарактарына сәйкес *аудандық соттың* судьясы болып жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар, біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін.

Көрсетілген талаптармен қатар, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, соның ішінде, әдетте, кемінде екі жыл судья болған азамат *жоғары тұрған соттың* судьясы бола алады.

Осылайша, заңда азаматтықпен қатар, жас, білім, кәсіпқойлық және моральдық шек қойылады. Бұл жеткілікті теориялық білім мен практикалық тәжірибенің болуымен қатар, жылдар бойы жинақталатын адамгершілік тазалықты талап ететін сот қызметінің өзгешелігіне байланысты. Судья ұқыпты әрі тәрбиелі адам, биязы мінезді, барлық жағдайларда да өзін-өзі ұстай білуге тиіс.

⁶⁰ Шайкенова С. Независимость суда и судей. Жинақта: Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. 344-бет.

Шыдамсыздық, ашуланшақтық, тараптарды және басқа да процеске қатысушыларды төзіммен тындай білмеу төрелік шешімдердің адал шығарылуына кедергі келтіреді. «Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаттарына» сәйкес сот лауазымына үміткерлердің жоғары моралдық қасиеті мен қабілеті болуға тиіс.

1. *Аудандық соттың* судьясы қызметінің бос орнына кандидат іріктеуді сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 29-бабының 1-тармағының талаптарына сай келетін адамдар, сондай-ақ судья қызметінің бос орнына орналасуға өтініш берген, қызмет істеп жүрген судьялардың арасынан конкурстық негізде Әділет біліктілік алқасы жүзеге асырады.

Аудандық сот төрағасы лауазымының бос орнына кандидатураларды Жоғарғы Сот Төрағасы тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын ескере отырып енгізген ұсыныс бойынша Әділет біліктілік алқасы қарайды.

Әділет біліктілік алқасы аудандық сот төрағасы немесе судьясы қызметінің бос орнына кандидатты Әділет министріне ұсынады, ол заңда белгіленген тәртіппен оны қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады (көрсетілген Заңның 30-бабының 2-тармағы).

Аудандық соттың судьясын Әділет министрінің Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Аудандық соттардың төрағаларын Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

2. *Облыстық сот* судьясы қызметіне кандидат іріктеуді бос қызмет орнында жұмыс істеуге өтініш берген және осы Конституциялық заңның 29-бабының 2-тармағының талаптарына сай келетін адамдар арасынан конкурстық негізде Жоғары Сот Кеңесі жүзеге асырады.

Жоғары Сот Кеңесі конкурстың қорытындысы бойынша облыстық соттың судьясы қызметінің бос орнына кандидатты қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

Облыстық сот төрағасы және оның алқасының төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураны Жоғарғы Сот Төрағасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын ескере отырып енгізген ұсыныс бойынша Жоғары Сот Кеңесі қарайды (көрсетілген Заңның 30-бабының 3, 4-тармақтары).

Жоғары Сот Кеңесі облыстық сот төрағасы және оның алқасының төрағасы қызметінің бос орнына кандидатты қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

Облыстық соттың судьясын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды (осы Заңның 31-бабының 2-тармағы).

Облыстық соттардың төрағалары мен алқаларының төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

3. Жоғарғы Сот алқасының төрағасы және судьясы қызметінің бос орнына кандидатураны Жоғарғы Соттың Төрағасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын ескере отырып енгізген ұсыныс бойынша Жоғары Сот Кеңесі қарайды.

Жоғарғы Сот Төрағасы қызметіне кандидатураны Жоғары Сот Кеңесі қарайды.

Жоғары Сот Кеңесі Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағасы және судьясы қызметінің бос орнына кандидатураны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсынуы үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады (осы Заңның 30-бабының 4, 5-тармақтары).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды (осы Заңның 31-бабының 1-тармағы).

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен осы соттың алқаларының төрағаларын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша тиісті қызметтерге бес жыл мерзімге Сенат сайлайды (осы Заңның 31-бабының 4-тармағы).

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен алқаларының төрағалары, облыстық соттың төрағасы мен алқаларының төрағалары, аудандық соттың төрағасы өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, егер олар бұрынғы қызметтеріне немесе басқа соттағы осындай қызметке тиісінше қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады (осы Заңның 31-бабының 7-тармағы).

4. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі және судьяларды атқарып отырған қызметінен босату тәртібі. Тәртіптік істерді қарау жөніндегі органдар

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 27-бабында бекітілген судьяларға ешкімнің тиіспеуі судьяның қандай да бір жауапкершілікке тартылмайтынын білдірмейді. Осы Заңның 39-бабына сәйкес судья мынадай бұзушылықтар үшін:

1) егер судья сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзса, сот актісінің күшін жою немесе өзгерту, егер бұл орайда заңды өрескел бұзуға жол берілмеген және ол туралы жоғары тұрған сот сатысының сот актісінде көрсетілмеген болса, өздігінен судьялардың жауаптылығына әкеп соқпайды.

2) егер судья қайшы келетін теріс қылық жасаса, бұл ретте қоғамдық орындарда мас күйінде жүру, бейпіл сөздер айту ұғынылады;

3) еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сот төрағалары және сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңда көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін (осы Заңның 39-бабының 2-тармағы).

Заңнамаға сәйкес судьяларға тәртіптік жазаның мына түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) біліктілік сыныбын төмендету;
- 3 4) қызметтік міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы қызметінен босату;

5) осы Конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша судья қызметінен босату.

- 4 Әрбір тәртіп бұзушылық үшін тәртіптік теріс қылықтың сипаты, судьяның жеке басы туралы деректер және оның кінәсінің дәрежесі ескеріле отырып, тек бір тәртіптік жаза қолданылады (осы Заңның 40-бабының 1, 2-тармақтары).

Тәртіптік іс қозғау құқығы:

1) Республиканың кез келген судьясына қатысты - Жоғарғы Сот Төрағасына;

2) облыстық соттың алқа төрағасы мен судьяларына, аудандық соттың төрағасы мен судьяларына қатысты - облыстық сот төрағасына тиесілі болады (көрсетілген Заңның 41-бабы).

Судьяға қатысты тәртіптік іс қарау, қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын есепке алмағанда, теріс қылық анықталған күннен бастап - үш айдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қозғалуы мүмкін.

Жоғарғы тұрған сот сатысының заңдылықтың бұзылу фактісі анықталған сот актісі заңды күшіне енгізілген күн судьяның сот ісін қарау кезінде заңдылықты бұзуына байланысты тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып есептеледі, ал заңсыз сот актісі шығарылған күн осындай теріс қылықтың жасалған күні болып есептеледі.

Тәртіптік іс қозғалған күнінен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс (көрсетілген Заңның 42-бабының 1, 2-тармақтары).

Тәртіптік істерді қарау жөніндегі органдар:

1. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьяларына, облыстық соттардың төрағалары мен алқа төрағаларына қатысты тәртіптік істерді, сондай-ақ облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларының шешімдеріне қатысты шағымдарды қарайды.

2. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары облыстық соттардың судьяларына, сондай-ақ аудандық соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік істерді қарайды (көрсетілген Заңның 43-бабының 1, 2-тармақтары).

Тәртіптік іс жөніндегі тәртіптік-біліктілік алқа:

- 1) ескерту және сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолдану туралы;
- 2) тәртіптік іс жүргізуді қысқарту туралы;
- 3) қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін судьяның біліктілік сыныбын төмендету сот төрағасын немесе алқа төрағасын қызметінен босату және судьяның өкілеттігін тоқтату жөнінде тиісті органдарға немесе лауазымды тұлғаға ұсыныс жіберу туралы;
- 4) төменгі тұрған тәртіптік-біліктілік алқаның шешімін өзгерту не оның күшін жою және істі жаңадан қарауға жіберу туралы шешімдердің бірін шығарады (осы Заңның 44-бабы).

Егер судья жаза қолданылған күннен бастап бір жыл бойы жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған деп есептеледі.

Судья мінсіз тәртібімен өз міндеттерін адал атқарған жағдайда, тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мерзімінен бұрын алынуы мүмкін.

Тәртіптік жазаны берген тәртіптік-біліктілік алқасы оны мерзімінен бұрын алуы мүмкін (осы Заңның 45-бабының 1, 2-тармақтары).

ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамның кез келген әрекетіне немесе шешіміне белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін. Осы маңызды конституциялық қағидат сот жүйесі туралы Конституциялық заңда көрсетілген. Аталған Заңның 46-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес «облыстық тәртіптік-біліктілік алқасының шешіміне өзіне қатысты шешім шығарылған судья, сондай-ақ тәртіптік іс қозғаған тұлға Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасына шағымдануы мүмкін.

Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды».

5. Судьялар қоғамдастығы органдары

Судьяның өкілеттігі, егер:

- 1) судья Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелсе;
- 2) судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса;
- 3) судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе;
- 4) басқа жұмысқа ауысса, тоқтатыла тұрады.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды:

Жоғарғы Соттың Төрағасына әатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

Республиканың қалған барлық судьяларына қатысты - Жоғарғы Сот Төрағасы жүзеге асырады.

Егер судьяның өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жай жойылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі (осы Заңның 33-бабының 1, 2, 3-тармақтары).

Судьяның өкілеттігі мынадай негіздерде:

- 1) орнынан түскенде немесе өз тілегі бойынша судья қызметінен босағанда;
- 2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 4) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғанда;
- 6) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 7) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;
- 8) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе, тоқтатылады.

Судьяның өкілеттігі судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны немесе осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін қызметінен босату қажеттігі туралы шешіміне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

Сот төрағасының не алқа төрағасының өкілеттіктері олар осы Конституциялық заңда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

- 1) Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;
- 2) облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

Судьяны қызметінен босату сонымен бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе алқа төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Тиісті соттың төрағасын немесе алқа төрағасын өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды (көрсетілген Заңның 34-бабының 1-5-тармақтары).

Судьяны орнынан түсуі нысанында қызметінен босату заңда көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте орнынан түскен судьяның:

1) судьялар қоғамдастығында болуы және жеке басына тиіспеушілік кепілдіктері сақталады;

2) судья ретіндегі жұмыс стажы он бес жылдан кем болмаған жағдайда осы Конституциялық заңда көзделген жеңілдіктер сақталады;

3) екі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.

Зейнеткер жасына жеткенде және тиісті стажы мен еңбек сіңірген жылдары болған жағдайда судьяға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттармен зейнетақы тағайындалады.

Судьяның орнынан түсуі:

судья қызметіне тағайындалғанда немесе оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметке тұрғанда; ол қылмыс жасағанда немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасағанда;

өз тілегі бойынша;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғанда; ол қайтыс болғанда тоқтатылады (көрсетілген Заңның 35-бабы).

6. Судьялар одағы: жай-күйі және перспективалары

Қазақстанның тәуелсіздігін алған алғашқы күнінен бастап демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құру барлық әділет жүйесін түп-тамырымен реформалауды қажет ететіні айқын әрі даусыз болды⁶¹. Құқықтық реформаны табысты жүргізу құрамдарының бірі сот билігін күшейту, нақтығында демократиялық қоғамның ажырамас элементі болатын тәуелсіз, қадірлі және білімді билік тармағы етіп құру болып табылады. Осындай сот жүйесін қалыптастыру заң шығару қызметі тұрғысында ғана емес, сонымен бірге оның өсуін, жұмыс істеуін және қорғауды қамтамасыз ететін түрлі көмекші институттар мен органдарды құру арқылы да болады.

Әлемдік тәжірибеде белгілі осындай институттардың бірі үкіметтік емес ұйымдар – судьялар қауымдастығы болып табылады. Мұндай қоғамдық бірлестіктер судьялардың мүдделері мен олардың қорғайтын құқықтарын қорғауды талап етеді, көптеген өркениетті мемлекеттерде кездеседі, және олардың құқықтық мемлекетті құрудағы, сот жүйесін жетілдірудегі, оның тәуелсіздігін күшейтудегі ролі жылдан жылға айқындалып, салмақтана түсуде.

АҚШ-та сот корпусының өмірінде, барлық заң жұртшылығында Америка судьяларының қауымдастығы басты роль атқарады, Германияда бірде бір маңызды оқиға Германия судьялары қауымдастығының қатысуынсыз өтпейді, ШығысЕуропа елдерінде судьялар қауымдастығы ерекше орын алады.

⁶¹ Нарикбаев М.С. ҚР Судьяларының бірінші съезіндегі баяндамасы. Қараңыз: ҚР Судьялары I Съезінің материалдар жинағы. – Алматы, 1997. 4-бет.

ТМД елдерінде, атап айтқанда Орталық Азия өңірінде Қазақстанның судьялық корпусы алғашқылардың бірі болып 1996 жылы 19 желтоқсанда Судьялардың бірінші съезінде осындай қауымдастықты құрды.

Жаңа қоғамдық бірлестіктің өмірге келуін өмірдің өзі судьялық өзін-өзі басқаруды дамыту қисыны, судьялардың жоғары жауапкершілігі мен өздеріне тән проблемаларын шешуде, құқықтары мен мүдделерін қорғауда өздерінің белсене қатысуға тиістігі көрсетіп берді. Бұл жерде жаңа бірлестіктің дүниеге келуіне түрткі әрі алғаш себеп болған елімізде болып жатқан сот-құқықтық реформа, жаңа, прогрессивті заңдардың қабылдануы, сот билігін Қазақстан Республикасы Президентінің белсенді қолдауы болды⁶². Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Судьялар одағының алғашқы құрылтай съезінде баяндамамен шығып сөйледі.

Судьялар одағы өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге сырады. Барлық облыстарда, Астана, Алматы қалаларында, Жоғарғы Сотта судьялар құрған және Әскери соттарда судьялар құрған филиалдар Одақтың құрылымын құрайды. Кеңестің құрамында 18 филиал бар.

Одақтың міндеттері:

- 1) маңызды мемлекеттік-құқықтық проблемаларды шешуде судьялар қоғамдастығының ұстанымын айқындау;
- 2) сот жұмысының және судьялар мәртебесінің өзекті проблемаларын қарау;
- 3) судьялардың өтініштерін қарау және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) мемлекеттік органдарда және қоғамдық бірлестіктерде судьялардың мүдделерін білдіру;
- 5) сот тәжірибесі және заңнаманы жетілдіру мәселелерін талқылау;
- 6) заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсініктеме беру туралы судьялардың ұсыныстарын талқылау;
- 7) қажетті жағдайларда тиісті соттарға не заң шығару бастамашылығы құқығы берілген тиісті органдарға түсініктер беру не ұсынымдар енгізу туралы өтініштер ұсыну;
- 8) соттардың қызметіне және құқық қолдану тәжірибесіне қатысты заң жобалары мен өзге де нормативтік актілерге қоғамдық сараптама жүргізу.

⁶² *Абдраимов Б.Ж.* Роль Союза судей в реализации судебно-правовой реформы в Республике Казахстан. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998. – 105-106-беттер.

7. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
3. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, Жеті жарғы, 1998
4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 2000.
5. Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2001 жылғы 28 мамырдағы № 203-ІІ ҚР Заңы // Юридическая газета. – 2001. – 11 маусым.
6. «Әділет біліктілік алқасы туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 234 ҚР Заңы // Казахстанская правда. – 2001. – 17 шілде.
7. ҚР Президенті бекіткен ҚР құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасы, 14 ақпан 1994 жыл. // Казахстанская правда. – 1994. – 29 наурыз.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 1 қыркүйектегі № 440 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2000. – 2 қыркүйек.
9. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелеру туралы» ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 1 қаулысы // Юридическая газета. – 1998. - № 24.
10. «ҚР Судьяларының одағы» республикалық қоғамдық бірлестіктің жарғысы. Жинақта; ҚР судьяларының екінші съезі. – Алматы, 1999. – 6-бет.
11. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета. – 2001. – 8 тамыз.
12. Нарикбаев М. Дорога к правосудию (запечатленные мгновения). – Алматы, 1997.
13. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999.
14. Стецовский Ю.И. Судебная власть. – М., Дело, 1999.
15. Нарикбаева М.С., Юрченко Р.Н., Алиев М.М. Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. – Астана, 1998.
16. Мами К.А. Новое уголовное и уголовно-процессуальное законодательство как важный этап в реализации судебно-правовой реформы. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
17. Когамов М.Ч. Судебная власть и повышение эффективности расследования уголовных дел. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
18. Абдраимов Б.Ж. Роль Союза судей в реализации судебно-правовой реформы в Республике Казахстан. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.

19. Мухамеджанов Б.А. Авторитет судебной власти – авторитет государства. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.

20. Тлегенова Ф.А. Принцип осуществления правосудия только судом // Право и государство. – 1997. - № 3.

21. Скитович В.В. Судебная власть как системное образование // Правоведение. – 1978. - № 1.

22. Жуйков В.М. Статус суда, его полномочия, судебная система и виды судопроизводства как условия обеспечения права на судебную защиту. Жинақта: Судебная реформа: итоги, приоритеты, перспективы. – М., 1997.

23. Комментарий к Федеральному Конституционному закону «О судебной системе РФ» / В.И.Радченконың редакциялығымен. – М., 1998.

24. Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М. Закон о статусе судей в Российской Федерации: Научно-практический комментарий. – М., 1994.

25. Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана. – 2001. – 15-16 наурыз.

26. Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. – М., 1997. – 296-бет

4-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СОТ ӘКІМШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ – СОТ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

1. Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру ұғымы және қағидаттары

Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру ретінде соттардың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау, оларды кадрлық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету ұғынылады. Мемлекеттің кез келген органының қызметі сияқты сот органдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету міндеті осындай қызметтің нешіздерін басшылыққа алатын негізгі идеяларда көрінетін беклігі бір қағидаттардан жасалады.

Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру қағидаттары. Бірінші кезекте заңдылық қағидаты сияқты негізгі қағидатты, яғни соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды ҚР заңнамасында белгіленген шеңберде және тәртіпте қатаң жүзеге асыруды атап өту қажет. Сондай-ақ барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және біртұтас Конституцияда, сот жүйесі туралы конституциялық заңда, іс жүргізу және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген сот төрелігі қағидаттары басшылыққа алынуға тиіс. Р.А.Беленков мынадай 3 қағидатты бөліп көрсетеді:

1) соттардың кадрлық, қаржылық және өзге ресурстарда мұқтаждықтарын толық қанағаттандыру;

2) соттардың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде араласпау және судьялардың тәуелсіздігі қағидаттарын қатаң сақтау;

3) соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар нақты істі қарау кезінде соттарға қандай да бір нұсқаулар беруге құқығы жоқ, ал соттар, егер олар берілсе, осы нұсқауларды орындауға міндетті емес (әрі құқығы жоқ)⁶³.

Соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын осындай қамтамасыз ету субъектілері бойынша бөлуге болады:

1. *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет:*

1) соттардың қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және өзге де қамтамасыз ету (қаржыландыру, сот ғимараттарын техникалық жарақтандыру, кеңсе құралдарымен қамтамасыз ету және т.б.);

2) тиісті органдарға соттарды ұйымдастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын енгізу;

3) судьялардың жүктемесінің нормативтерін әзірлеу;

4) сот статистикасы мен соттардың мұрағатының жұмысын жүргізуді ұйымдастыру;

5) соттарды құқықтық сипаттағы түрлі ақпараттармен қамтамасыз ету (заңды және заңға тәуелді нормативтік актілер, арнайы әдебиеттер, анықтама материалдары және т.б.);

6) жекелеген өңірлер немесе барлық ел шеңберінде соттардың жұмысындағы сот тәжірибесін жинақтау, соттарды ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

7) соттардың штат санын белгілеу;

8) соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу, сот қызметіне байланысты құқықтық көмек мәселелері мен өзге де мәселелер бойынша халықаралық шарттарды әзірлеу;

9) судьялардың және сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

10) оларға ҚР заңнамасында жүктелген өзге де функциялар.

2. *Сот орындаушылары:*

соттарға сот шешімдерінің орындалу мәселелері бойынша көмек көрсету;

3. *Сот приставтары:*

соттардың ғимараттарын күзетуді, судьяларды күзетуді және басқаларын қамтамасыз ету,

4. *Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі және Әділет біліктілік алқасы:*

1) судьялыққа үміткерлерді іріктеу, олардың кәсіптік біліктілігін және судьяларға қажетті қасиеттерін тексеру, судьялыққа үміткерлердің біліктілік

⁶³

Беленков Р.А. Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000. – 112-бет.

емтихандарын өткізу жөніндегі комиссияларды құру және оның қызметін қамтамасыз ету, судьялыққа үміткерді тағайындау мүмкіндігі туралы ұсынымдар беру;

2) ҚР заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктер.

5. *Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқалары:*

Судьяларға біліктілік сыныптарын беру, судьялардың тәртіптік жауапкершілігі, судьялардың өкілеттігін тоқтату туралы мәселені шешу және басқалары.

2. Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру нысандары

Қазақстанда сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту, сот-құқықтық реформасының қарқынын жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі Жарлығымен *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті* құрылды.

1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясының, ҚР Президентінің «ҚР-дағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығының тұжырымды ережелерін іске асыру барысын талдау тәуелсіз және дербес сотты бекітуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау қажеттігін айқын көрсетті. Конституцияда жария етілген мемлекеттік билікті атқарушылық, заң шығарушылық және сот тармағына бөлу қағидаты атқарушылық билік болып табылатын орган Әділет министрлігімен қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ұйымдастыру мәселелері шешілетіндіктен сақталған жоқ. Қазақстан Республикасында құқықтық және демократиялық мемлекет құру, тиімді және адал сот төрелігінің жұмыс істеуі үшін осы кемшіліктерді жою қажет.

Сондықтан да 2000 жылы қыркүйекте республика Президенті елімізде сот-құқықтық реформаны іске асыру үшін жаңа серпін берген «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Әділет министрлігінің соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі функциялары берілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті құрылды. Осыдан кейін ҚР Президентінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы № 536 Жарлығымен Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті таратылды. Оның сот актілерін орындау жөніндегі функциялары Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке берілді.

Қазіргі кезде Комитет ҚР Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 471 Жарлығымен бекітілген ережеге сәйкес облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, сондай-ақ атқарушылық құжаттардың уақытында орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Комитет пен оның аумақтық органдары – облыстардағы және Астана мен Алматы қалаларындағы сот әкімшілері жергілікті соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың біртұтас жүйесін құрайды.

Комитеттің құрылымы:

1. Комитет басшылығы.
2. Қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті.
3. Соттардың және облыстардағы сот әкімшілерінің қызметін ұйымдастыру департаменті.

4. Атқарушылық іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі департамент.

5. Облыстардағы және Астана мен Алматы қалаларындағы сот әкімшілері.

Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді шешу үшін Комитет:

- 1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасымен келісе отырып:
 - жергілікті соттарды құру, қайта ұйымдастыру не тарату, судьялардың жалпы штат саны бойынша ұсыныстарды тұжырымдап, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің өарауына енгізеді;
 - жергілікті соттарды, Комитетті және әкімшілерді қаржыландыру туралы ұсыныстар әзірлеп, Үкіметке табыс етеді;
- 2) сот төрағаларының ұсынуы бойынша жергілікті соттар судьяларының штат санын белгілейді;
- 3) судьялар мен жергілікті соттар аппаратының біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қолданады, сот қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және қаржыландырады, жергілікті соттардың кадрларға мұқтажын айқындайды, оларға тағылымдама ұйымдастырады;
- 4) азаматтар мен ұйымдардың жергілікті соттар судьяларының іс-әрекетіне арыздарын қарауда сот төрағаларына жәрдемдеседі;
- 5) судьялар мен жергілікті соттар аппараттарының, атқарушылық өндіріс органдары қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлейді;
- 6) заңнаманы жүйелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады және соттарды нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етеді;
- 7) жергілікті соттар аппаратын құру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;
- 8) судьялар мен жергілікті соттар қызметкерлерінің, сондай-ақ Комитет қызметкерлерінің дербес есебін жүргізеді;
- 9) сот статистикасын жүргізу мәселелері бойынша статистика және ақпарат органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, іс жүргізуді және жергілікті соттар мұрағаттарының жұмысын ұйымдастырады;
- 10) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарайды;
- 11) әкімшілердің қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 12) жергілікті соттардың ғимараттары мен үй-жайларын және соттар мен Комитетке ведомстволық қарасты басқа да объектілердің құрылысын, жөндеуін және техникалық жарақтануын ұйымдастырады;

13) жергілікті соттар мен әкімшілердің бюджет қаражатын жұмсауын бақылайды, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді;

14) заңнамаға сәйкес соттардың, әкімшілердің және әділет біліктілік алқасының қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шараларды жүзеге асырады.

15) заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

Заңнамаға сәйкес жергілікті соттардың сот приставтарының жұмысын ұйымдастырады.

Комитет орталық аппараттан және оның әкімшілерінен тұрады.

Комитетті төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Комитет төрағасының мәртебесі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның басшысы мәртебесіне теңестіріледі.

Комитет төрағасының орынбасарлары болады, оларды Комитет төрағасы Жоғарғы Сот Төрағасының келісімімен тағайындайды және босатады.

Комитет төрағасы орынбасарларының мәртебесі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары мәртебесіне теңестіріледі.

Комитет төрағасы Комитет пен әкімшілердің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді.

Осы мақсатта Комитет төрағасы:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісе отырып, Комитет қызметкерлері мен әкімшілерінің жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің мөлшерінде белгілейді;

2) өзінің орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттіктерін белгілейді;

3) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерін құрады және осы бөлімшелер туралы ережені бекітеді;

4) заңнамаға сәйкес Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағаларының келісімімен әкімшілерді тағайындайды және босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету және тәртіптік жазалар қолдану мәселелерін шешеді;

6) басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және лауазымды тұлғалармен қарым-қатынаста Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады;

8) Жоғарғы Соттың Төрағасын Комитеттің қызметі туралы жыл сайын хабардар етіп отырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің Комитет төрағасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және дербес құрамын, сондай-ақ ол туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

Жергілікті соттардың қызметін тиісті облыстағы (Астана мен Алматы қалаларындағы) әкімшілер қамтамасыз етеді.

Әкімші:

- 1) соттардың қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;
- 2) соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 3) судьялар, сот қызметкерлері үшін тиісті материалдық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;
- 4) соттар мен сот аппараттарын нормативтік құқықтық актілермен, заң әдебиетімен және анықтамалық-ақпараттық материалдармен қамтамасыз етеді;
- 5) сот статистикасын, іс жүргізуді және мұрағат жұмысын жүргізуді ұйымдастырады;
- 6) соттардың үй-жайлары мен басқа да мүлкін күзетуді ұйымдастырады, соттар көлігі мен байланыс құралдарының үздіксіз жұмысын, шаруашылық қызметінің жұмысын қамтамасыз етеді;
- 7) соттардың ғимараттары мен үй-жайларының құрылысын, сондай-ақ оларды жөндеу мен техникалық жарақтауды ұйымдастырады;
- 8) сот төрағалары бекітетін соттардың шығыс сметаларының жобаларын әзірлейді және Комитеттің тиісті бөлімшесіне ұсынады;
- 9) заңнама мен осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Соттардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуде *сот орындаушылары* соңғы роль атқарады. Істі шешіп, соңғы шешім шығарылғаннан кейін, барлық сатыдан (апелляциялық, қадағалау) өтіп, сот шығарған актілерді орындау кезеңі келеді. Бұл сот төрелігін жүзеге асырудың соңғы және маңызды кезеңі, сот ісін жүргізудің қисынды аяқталуы. Егер сот шешімі қағаз жүзінде қалса, онда сот төрелігі ешқандай да маңызы жоқ қарапайым сөзге айналады. Сондықтан да сот актілерінің орындалуынан жалпы сот төрелігінің тұтас сапасы, сот билігінің беделі байланысты.

Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетінің функциялары ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке берілді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының соты мен басқа да органдарының қаулыларын орындау «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотынан басқа, барлық соттардан тұратын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының сот орындаушыларына жүктеледі.

Осылайша, егер бұрын атқарушылық іс жүргізу толығымен ҚР Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеттің қарамағында болса, енді жоғарыда аталған Комитет таратылғаннан кейін ҚР Жоғарғы сотының сот актілерін орындау Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің заңдық құзырына көшті, қалған соттардың (облыстық, аудандық және т.б.) құжаттарын орындау ҚР Әділет министрлігінің аумақтық органдарының сот орындаушыларының қарауына жатады. Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарында атқарушылық іс жүргізу міндеттерін жүзеге асыру үшін тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылады.

Жоғарыда аталған Заңның 81-бабының 1-тармағына сәйкес «1. Сот орындаушысы - мемлекеттік қызметте тұратын және сот актілері мен басқа да органдардың актілерін орындау бойынша өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам». Сот орындаушысын аумақтық органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

«Сот орындаушысына қойылатын талаптар. Жиырма жасқа толған, сотталмаған, әдетте, жоғары немесе арнаулы орта заң білімі бар, Қазақстан Республикасының заңдарында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің іскерлік және жеке басының қасиетімен, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы сот орындаушысы болып тағайындалуы мүмкін» (осы Заңның 83-бабы).

Сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасау кезіндегі құқықтары мен міндеттері:

«1. Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен:

1) орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға;
2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;
3) атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өтеусіз қажетті ақпарат, түсініктемелер мен анықтамалар алуға; Бұл орайда органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар оларды дереу, ал арнайы құжаттарды өңдеуді, дайындауды талап ететін жағдайларда үш күннен кешіктірмей сот орындаушысына беруге міндетті.

4) атқарушылық әрекеттер жасағанда негізге алынған атқару құжаттары түсініксіз болған жағдайда түсінік алу үшін сотқа немесе атқару құжатын берген басқа да органдарға жүгінуге;

5) атқарушылық әрекеттер жасау кезінде пайда болған мәселелер бойынша, оның ішінде орындау мерзімін кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ борышкерді іздестіру мәселелері бойынша сотқа ұсыныстар енгізуге;

6) іс жүргізіліп жатқан атқару құжаттары бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыртуға;

7) кез келген меншік нысанындағы ұйымдарда атқару құжаттарының орындалуын және олар бойынша қаржы құжаттамасының жүргізілуін тексеруге;

8) нақты атқарушылық әрекеттер жасау мәселелері бойынша тапсырмалар беруге;

9) борышкерлер, сондай-ақ өздерінде борышкерге тиесілі мүліктің бар екенін растайтын деректер болған жағдайда басқа адамдар орналасқан немесе соларға тиесілі үй-жайлар мен қоймаларға кіруге, қажет болған жағдайда үй-жайлар мен қоймаларды мәжбүрлеп ашып қарауға, айғақ адамдардың қатысуымен тексерулер жүргізуге;

10) борышкерлердің банктердегі ақшасы мен бағалы қағаздарына осы Заңда көзделген тәртіппен тыйым салуға;

11) тыйым салынған мүлікті алуға, сақтау үшін беруге және сатуға;

12) алынған мүлікті сақтау үшін ұйымдардың үй-жайын, сол мүлікті тасу үшін өндіріп алушы мен борышкердің көлігін заңдарда белгіленген тәртіппен пайдалануға;

13) атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген өзге де әрекеттер жасауға;

14) қажет болған жағдайларда атқару құжаттарының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тартуға құқылы

2. Сот орындаушысы:

1) соттың талапты қамтамасыз ету жөніндегі ұйғарымын орындауға;

2) тараптарға немесе олардың өкілдеріне атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, көшірмелер түсіруге мүмкіндік беруге;

3) атқарушылық іс жүргізу жөніндегі арыздар мен тараптардың өтініштерін қарауға және солар бойынша қаулы шығаруға, оларға шағым немесе наразылық беру мерзімдері мен тәртіптерін түсіндіруге, егер оның өзі атқарушылық іс жүргізудің аяқталуына тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның әділдігіне күмән туғызатын өзге де мән-жайлар бар болса, істі қараудан бас тартуға;

4) атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген өзге де әрекеттер жасауға міндетті» (аталған Заңның 86-бабы).

Соттардың қалыпты қызметін қамтамасыз ететін органдар жүйесінде *сот приставтары* дербес орын алады. «Сот приставтары туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі № 150-1 ҚР Заңының 1-бабына⁶⁴ сәйкес сот приставы - мемлекеттік қызметте тұратын және өзіне осы Заңмен соттар қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөнінде жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

Сот приставтарының міндеттері:

1) сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіпті сақтау;

⁶⁴

Казахстанская правда. – 1997. – 11 шілде.

2) бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардың орындалуын бақылау;

3) іс жүргізу әрекеттерін орындауда сотқа жәрдемдесу;

4) соттардың үйлерін күзетуді, судьяларды және процестің басқа да қатысушыларын күзетуді қамтамасыз ету;

5) соттардың және басқа органдардың орындаушылық құжаттарын орындауға мәжбүр етуде сот орындаушыларына жәрдем көрсету болып табылады.

Сот приставтарын қызметке тағайындау мен босатуды сот приставтары туралы Заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бөлімшелер құрайтын органдар жүзеге асырады.

Сот приставы өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде - ішкі істер органдары қызметкерлерінен, ал әскери соттың сот приставы әскери қолбасшылықтан көмек сұрауға құқылы.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздері заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру шегінде сот приставына көмек көрсетеді.

Сот приставтарының құқық қорғау органдарының және әскери бөлімшелердің қызметкерлерімен өзара іс-қимылы аталған органдардың басшылары бекіткен өзара іс-қимыл жөніндегі тиісті заңға тәуелді актіде көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Сот приставы өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) азаматтардан сот қызметінің белгіленген тәртібін сақтауды, сондай-ақ соттың үй-жайында және сот отырысы залында құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасауды тоқтатуды талап етуге;

2) соттың үй-жайында (көшпелі отырыс өткізілген жағдайда - сот отырысы өткізіліп жатқан үй-жайда) құқық бұзушыны әкімшілік жолмен ұстауға;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен жауапқа тарту үшін құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға;

4) құқық бұзушыны құқық қорғау органдарына жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен атыс қаруын, арнаулы құралдар мен күш қолдануға құқылы.

Сот приставы:

1) өзіне берілген құқықтарды қатаң заңға сәйкес пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеуге;

2) судьяларды және сот процесіне қатысушы өзге де адамдарды күзетуді жүзеге асыруға;

3) кеңесу бөлмелерін, соттың басқа да үй-жайлары мен үйлерін күзетуді қамтамасыз етуге;

4) атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарға сәйкес атқарушылық іс-әрекеттер жасауға қатысуға;

5) сот отырысы залында және соттың үй-жайында құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

6) судьяның тапсырмасы бойынша қылмыстық іс пен заттық айғақтарды жеткізуді және соттың тұрақты орналасқан жерінен тыс сот талқылауын жүргізу кезінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7) судьяның сот талқылауын жүргізу тәртібін сақтауға байланысты өкімдерін орындауға;

8) сотқа келуден жалтарған адамдарды сот орындаушысына немесе атқарушылық іс-әрекеттер жасалатын жерге күштеп алып келуді жүзеге асыруға;

9) қамауға алынған адамдарды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша қарауыл қызметі қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

Республика соттарының қалыпты жұмысы үшін қажетті жағдайлар мен кепілдіктер беруді Қазақстан Республикасы Президентінің жанында құрылатын консультативтік-кеңесші орган, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі және Әділет біліктілік алқасы айналысады.

3. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-II Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // Казахстанская правда. – 2000. – 30 желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 1 қыркүйектегі № 440 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2000. – 2 қыркүйек.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 12 қыркүйектегі № 471 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2000. – 14 қыркүйек.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 22 қаңтардағы № 536 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2001. – 23 қазан.

5. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитетін таратудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі № 494 қаулысы // ПҰАЖ. – 2001. - № 14. – 174-құжат.

6. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 28 мамырдағы № 203-II Заңы // Юридическая газета. – 2001. – 10 шілде.

7. «Қазақстан Республикасындағы сот приставтары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі № 150-I Заңы // Казахстанская правда. – 1997. – 10 шілде.

8. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы № 253 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, - 1998. - № 13. –195-құжат.

9. «Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі № 234 Заңы // Казахстанская правда. – 2001. – 17 шілде.

10. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба)// Юридическая ггазета. – 2001. – 8 тамыз.
11. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
12. *Нарикбаев М.* Дорога к правосудию (запечатленные мгновения). – Алматы, 1997.
13. *Сулейменова Г.Ж.* Суд и судебная власть в Республике Казахстан. Алматы, 1999.
14. *Стецовский Ю.И.* Судебная власть. – М., Дело, 1999.
15. *Нарикбаева М.С., Юрченко Р.Н., Алиев М.М.* Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. – Астана, 1998.
16. *Мами К.А.* Новое уголовное и уголовно-процессуальное законодательство как важный этап в реализации судебно-правовой реформы. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
17. *Когамов М.Ч.* Судебная власть и повышение эффективности расследования уголовных дел. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
18. *Абдраимов Б.Ж.* Роль Союза судей в реализации судебно-правовой реформы в Республике Казахстан. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы а постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
19. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
20. Комментарий и федеральные законы об исполнительном производстве и судебных приставах. – М., 1998.
21. *Сарычев А.* Судебный пристав – лицо должностное // Российская юстиция. – 1996. - № 6.
22. *Кулешова Н.* Судебные приставы и судебный исполнители. Кто они? // Вестник Министерства юстиции

5-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІ МЕН ӘДІЛЕТ БІЛІКТІЛІК АЛҚАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары Сот Кеңесі, оның құрамы, құрылу тәртібі және құзыреті

Халықаралық қағидаттарға сәйкес сот билігінің судьялардың мінез-құлқын бақылайтын, оларды қызметке тағайындау, ауыстыру, көтеру, магистраттардың (судьялардың, прокурорлардың, сот тергеушілерінің) тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселелері шешетін арнайы органы болуға тиіс. Бұл орган соттарды бақылайды, судья лауазымына тағайындауға үміткерлерді ұсынады. Ол әр түрлі, мысалы Италияда, Францияда, Румынияда – Жоғары магистратура кеңесі, Болгарияда – Жоғары сот кеңесі, Албанияда – Жоғарғы сот төрелігі кеңесі, Украинада – Жоғары әділет кеңесі деп аталады. Әдетте, мұндай органның құрамына Жоғарғы Сот төрағасы, Әділет министрі, Бас прокурор кіреді; оның мүшелерінің жартысын мемлекет басшысы (бір қатар елдерде парламент палаталарының ұсынысы бойынша) тағайындауы мүмкін, жартысын судьялардың жалпы мемлекеттік съезінде сайлауы мүмкін (әсіресе бұл постсоциалистік елдерде қолданылады)⁶⁵.

Қазақстан Республикасында Жоғары Сот кеңесі мен Әділет біліктілік алқасы тәуелсіз және дербес әрі елімізде судьялық корпусты қалыптастыруда айтарлықтай роль атқаратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

ҚР Жоғары Сот Кеңесі *«Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2001 жылғы*

28 мамырдағы № 203-ІІ ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

ҚР Президентінің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыру және оның қызметін қамтамасыз ету мақсатында Президентке, қатарына осы Кеңес кіретін консультативтік-кеңесші орган құру құқығы берілді, (ҚР Конституциясының 44-бабының 20-тармағы; «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңының 33-бабы).

«Жоғары Сот Кеңесі туралы» ҚР Заңының 3-бабында (1-5-тармақтар) былай деп жазылған:

«Кеңестің құрамына биліктің барлық үш тармағының өкілдері кіреді:

- 1) Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, 2) Конституциялық Кеңестің Төрағасы,
- 3) Жоғарғы Соттың Төрағасы, 4) Бас Прокурор, 5) Әділет министрі,
- 6) Парламент Сенатының екі депутаты, 7) алты судья (Жоғарғы Соттың екі

⁶⁵

Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. – М.: Юрист, 1997. – 305-бет.

судьясы, облыстық немесе оған теңестірілген соттың екі судьясы, аудандық немесе оған теңестірілген соттың екі судьясы), 8) Кеңес Хатшысы,

9) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын басқа да адамдар.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор мен Әділет министрі Кеңес құрамына лауазымы бойынша кіреді.

Сенат депутаттарын Кеңес құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты үш жыл мерзімге жібереді.

Кеңестің құрамына екі жыл мерзімге тағайындау үшін судьялардың кандидатуралары тиісті соттардың жалпы отырыстарында ұсынылған кандидаттар арасынан Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қаралады.

Кеңес мүшелері арасынан адам шығып қалған жағдайда Кеңестің жаңа мүшесі үш ай ішінде тағайындалуға тиіс».

Кеңес төрағасының өкілеттігі жоғарыда аталған Заңның 4-бабында жазылған:

1) Кеңесті басқарады және оған жалпы басшылықты қамтамасыз етеді;

2) Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді. Ол болмаған жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару Кеңестің Хатшысына жүктеледі. Хатшы болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін атқару оның тапсыруы бойынша Кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі;

3) Кеңестің ұсыныстарына, қорытындыларына, шешімдері мен басқа да құжаттарына қол қояды;

4) Кеңестің алдағы отырысының қарауына енгізілетін мәселелерді анықтайды, келіп түскен материалдарды зерделейді, қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды талап етіп алдырады және оларды тексеруді ұйымдастырады;

5) Кеңес жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шаралар қолданады, Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

6) заңдарда көзделген өзге де ұйымдастырушы-өкімші міндеттерін атқарады».

Осы Заңның 5-бабында Кеңес Хатшысының өкілеттігі көрсетілген:

«1) Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына енгізілетін мәселелерді қалыптастырады және олар туралы Төрағаға алдын ала баяндайды;

2) отырыстар хаттамаларынан, Кеңес қабылдаған ұсыныстар мен қорытындылардан алынған үзінділерді өзі қол қойып куәландырады;

3) келіп түскен материалдарды зерделейді, олар туралы Төрағаға баяндайды, оның тапсыруы бойынша қосымша құжаттарды талап етіп алдырады;

4) қажет болған кезде тексерулер ұйымдастырады;

5) жұмысты ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді, Кеңестің жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде шаралар қолданады;

6) Кеңес отырысына шақырылатын адамдардың тізімін белгілейді;

7) Төрағаның өкімдері мен Кеңестің шешімдерін орындайды.

2. Кеңес Хатшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Төрағаның тапсыруы бойынша Кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі».

Осы Заңның 2-бабына сәйкес Кеңес:

«1) судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз етеді;

2) конкурстық негізде облыстық соттың судьясы бос орнына кандидат іріктеуді жүзеге асырады;

конкурс қорытындысы бойынша облыстық соттың судьясы бос орнына кандидатты қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша облыстық сот төрағасы мен алқа төрағасының бос орнына кандидатураны қарайды;

4) облыстық сот төрағасы мен алқа төрағасының бос орнына кандидатты қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

5) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың алқа төрағасы мен судьясы бос орнына кандидатураны қарайды;

6) Жоғарғы Сот Төрағасының қызметіне кандидатураны қарайды;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының, алқа төрағасы мен судьясының бос орнына кандидатты Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

8) Жоғарғы Сот Төрағасы мен алқалары төрағаларын, Жоғарғы Соттың судьяларын, облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағасын, алқаларының төрағалары мен судьяларын орнынан түсу, орнынан түсуді тоқтату нысандарында, өз қалауы бойынша, медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайына байланысты, өкілеттік мерзімінің бітуіне орай атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

9) сот таратылған жағдайда судья (соттың төрағасы) басқа соттағы судьяның бос орнына орналасуға келісім бермесе, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьяларын, облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағасын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқарып келген қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

10) Қазақстан Республикасының Президентіне сот жүйесі мен заңдарды жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар жасайды;

11) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің регламентін бекітеді;

12) осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден туындайтын өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады».

Аталған Заңның 6-бабында (1-3-тармақтар) былай деп жазылған:

«Кеңес отырыстары қажет болуына қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі. Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда Кеңестің отырысы заңды болып есептеледі.

Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы оның мүшелеріне, сондай-ақ шақырылған адамдарға алдын ала хабарланады.

Кеңес отырысын өткізу тәртібі, сондай-ақ Кеңес жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелері Кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданатын регламентпен анықталады».

Материлдарды қарау тәртібі осы Заңның 7-бабында белгіленген. «Кеңес отырысында материалдарды қарау тиісті қызметтерді иеленуге үміткер және атқарып отырған қызметтерінен босатылатын адамдардың қатысуымен өткізіледі.

Отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген адамның қатыспауы, егер оның тікелей қатысуы қажет болмаса, мәселені мәні бойынша қарауға кедергі болмайды. Қажет болған жағдайларда Кеңес жабық отырыстар өткізуге құқылы».

Қаралатын мәселелер бойынша Кеңес ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелерінің дауыс беруден қалыс қалуға құқығы жоқ. Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Кеңес мүшесі өзінің ерекше пікірін баяндауға құқылы. Кеңес мүшесінің, егер ол өзіне қатысты шешім қабылданатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туысы немесе жекжаты болса, Кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарауға қатысуға құқығы жоқ (осы Заңның 8-бабы).

Кеңес қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады (осы Заңның 9-бабы).

2. Әділет біліктілік алқасы

«Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы»
2001 жылғы 11 шілдедегі № 234 ҚР Заңының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы 1) Мәжіліс депутаттарынан, 2) судьялардан, 3) прокурорлардан, 4) құқық пәнінің оқытушылары мен заңгер-ғалымдардан, 5) әділет органдарының қызметкерлерінен құралатын дербес, тәуелсіз мекеме болып табылады.

Алқаның негізгі міндеттері:

1) аудандық және оларға теңестірілген соттар төрағалары мен судьяларының бос қызмет орындарына кандидаттарды сапалы іріктеуді қамтамасыз ету және оларға ұсынымдар беру;

2) судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда аталған Заңға сәйкес Алқа:

1) аудандық немесе оған теңестірілген сотта, сондай-ақ жоғары тұрған соттарда судья болып жұмыс істеуге тілек білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдайды және аудандық немесе оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасы қызметіне тағайындау туралы ұсыным береді;

2) судья қызметіне орналасу үшін біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың есебін жүргізеді;

3) аудандық немесе оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасының орнынан түсуі немесе орнынан түсуін тоқтату туралы мәселелерді қарайды және аудандық немесе оған теңестірілген соттың судьясы мен төрағасын қызметінен босату туралы ұсыным шығарады.

Өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін Алқаның мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, ұйымдардан, азаматтардан қажетті ақпараттар мен құжаттар сұратып алдыруға және алуға, сондай-ақ өз жұмысына мамандарды тартуға құқығы бар.

Алқаның құрамына:

1) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын төраға;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жіберетін екі депутат;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысы сайлаған жеті судья (облыстық және оларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстары ұсынған кандидаттар арасынан аудандық және оған теңестірілген соттың екі судьясы, облыстық және оған теңестірілген соттың үш судьясы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының екі судьясы);

4) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тағайындайтын прокурор;

5) ғылым және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып Әділет министрлігі жіберетін құқық пәнінің оқытушысы мен заңгер-ғалым;

6) Қазақстан Республикасының Әділет министрі тағайындайтын әділет органының қызметкері кіреді.

Жұмысты ұйымдастыру үшін Алқа өз құрамынан ашық дауыс беру арқылы екі жыл мерзімге хатшы сайлайды.

Алқа мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар:

Алқаның құрамына ұсынылатын адамдардың заң ісі саласында терең кәсіби білімі, заң мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, ол принципшіл және мінсіз абыройлы болуға тиіс. Судьялардың, прокурорлардың және әділет органдары қызметкерлерінің мамандығы бойынша кем дегенде бес жыл еңбек стажы болуға тиіс. Құқық пәнінің оқытушысы мен заңгер-ғалымның заң ғылымының докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі болуға тиіс.

Алқа мүшелерінің өкілеттік мерзімі:

1. Парламент Мәжілісінің депутаттарын Алқаның құрамына Парламент Мәжілісі екі жыл мерзімге жібереді.

2. Судьялар екі жыл мерзімге сайланады.

3. Прокурорды және әділет органдарының қызметкерін тиісінше Бас Прокурор және Әділет министрі екі жыл мерзімге тағайындайды.

4. Құқық пәнінің оқытушысы мен заңгер-ғалым екі жыл мерзімге жіберіледі.

5. Қайсыбір мүше шығып қалған жағдайда Алқаның жаңа мүшесі екі айдан кешіктірілмей жіберілуге немесе тағайындалуға тиіс.

Алқа төрағасының өкілеттігі:

- 1) Алқа жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды шақырады, Алқа отырыстарында қарау үшін, мәселелер дайындауға басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Алқа шешімі негізінде конкурсқа қатысуға жіберілген адамдар тізімін, сондай-ақ конкурсқа қатысуға жіберілмеген адамдар тізімін бекітеді;
- 3) Алқа отырыстарында төрағалық етеді және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) Алқа қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 5) өзіне заңдарда жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Алқа төрағасы болмаған жағдайда оның міндетін уақытша атқару Алқа хатшысына жүктеледі. Хатшы болмаған жағдайда төраға міндетін атқару Алқа шешімімен оның мүшелерінің біріне жүктеледі.

Алқа хатшысы:

- 1) Алқа мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына енгізілетін мәселелерді түзеді және олар туралы төрағаға алдын ала баяндайды;
- 2) Алқа отырыстары хаттамаларының, ол қабылдаған қорытындылар мен ұсынымдардың үзінді көшірмелерін өз қолын қойып куәландырады;
- 3) келіп түскен материалдарды зерделейді, оларды төрағаға баяндайды, оның тапсырмасы бойынша қосымша құжаттарды сұратып алдырады, тексеру ұйымдастырады;
- 4) Алқа жұмысының ұйымдастырылуын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді;
- 5) Алқа отырысына шақырылған адамдардың келуін ұйымдастырады;
- 6) төрағаның өкімдері мен Алқаның шешімдерін орындайды.

Хатшы болмаған жағдайда, оның міндетін уақытша атқаруды Алқа төрағасы оның мүшелерінің біріне жүктейді.

Алқа мүшелерінің құқықтары:

- 1) Алқаның қарауына берілген материалдармен танысуға;
- 2) материалдарды зерделеу мен тексеруге қатысуға;
- 3) қаралатын мәселелер бойынша өтінішті мәлімдеуге, себептері мен дәлелдемелерін келтіруге;
- 4) қолында бар құжаттарды табыс етуге;
- 5) шешім қабылдауға дауыс беру арқылы қатысуға;
- 6) Алқаның шешімдеріне қол қоюға құқылы.

Егер Алқа мүшесінің мүдделі еместігіне күмән туғызатын мән-жайлар айқындалса, оны мәселені қарауға қатыстыруға болмайды және оған қарсылық (өз-өзіне қарсылық) білдірілуге тиіс. Алқа мүшесіне қарсылық білдіруді қаралатын мәселені ұсынған адамдар да, қаралатын мәселеге қатысты адамдар да мәлімдей алады. Алқа мүшесіне қарсылық (өз-өзіне қарсылық) білдіру туралы шешім жазбаша нысанда және қарсылық білдірілген адамның қатысуынсыз көпшілік дауыспен қабылданады.

Алқа отырыстары. Алқа өз отырыстарын қажетіне қарай өткізеді, бірақ ол жылына төрт реттен кем болмауға тиіс. Алқаның отырыстары ашық және жария өткізіледі, ал қажет болған жағдайда Алқа шешімімен жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Егер отырыстарға Алқа мүшелерінің жалпы санының кем үштен екісі қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Алқа отырыстарының өткізілетін уақыты мен орны туралы оның мүшелері мен шақырылған адамдар он күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабардар етіледі. Алқа материалдарды олар келіп түскен күннен бастап үш айлық мерзімнен кешіктірмей қарайды.

Алқаның отырысын оның төрағасы жүргізеді. Отырысқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері шақырылуы мүмкін. Алқа отырысында шешілуге тиіс мәселелерді қарау төрағалық етушінің немесе Алқа қарауына түскен ұсынысты және өзге де материалдарды алдын ала зерделеген Алқа мүшесінің баяндамасымен басталады. Содан кейін Алқа отырысына шақырылған адамдар тыңдалады, қажетті материалдар зерделенеді.

Алқаның шешімі отырысқа қатысып отырған оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру өзіне қатысты мәселе шешіліп жатқан адам және шақырылған адамдар болмаған кезде де жүргізілуі мүмкін.

Алқаның шешімі жазбаша түрде баяндалады және онда шешімнің шығарылған күні мен орны, мәселені қараған Алқа құрамы, қабылданған шешімнің дәлелдері жазылуға тиіс. Шешімге төрағалық етуші және Алқа мүшелері қол қояды. Қаралған мәселелер бойынша Алқа отырысқа қатысқан барлық Алқа мүшелері қол қойған хаттамалық шешімдер және (немесе) ұсынымдар қабылдайды. Алқа мүшелерінің дауыс беруден қалыс қалуға құқығы жоқ. Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Алқа мүшесі ерекше пікірін баяндауға құқылы. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңға сәйкес Әділет біліктілік алқасы судьялыққа кандидаттан біліктілік емтихандарын қабылдайды және оларға аудандық соттың төрағасы немесе судьясы қызметіне тағайындау үшін ұсынымдар береді.

Әділет біліктілік алқасы туралы Заңның 13-бабында біліктілік емтихандарын тапсыру талаптары белгіленген.

Судьялыққа кандидаттан біліктілік емтихандарын қабылдау азаматтар арнайы тексеруден өткеннен кейін жүзеге асырылады. Емтихан қабылдау алдындағы бір жыл ішінде қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья қызметінен, құқық қорғау органдарынан немесе мемлекеттік қызметтен шығарылған адамдар біліктілік емтиханын тапсыруға жіберілмейді. Біліктілік емтихандарын тапсыра алмаған адамдар оларды тапсыруға бір жылдан кейін ғана жіберіледі.

Судьялыққа кандидаттар заңда қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда, олардан біліктілік емтихандарын қабылдаудан бас тартуға жол беріледі. Біліктілік

емтихандарын тапсыруға жіберуден бас тартылған жағдайда Алқа өтініш берілген күннен бастап бір ай ішінде азаматқа нақты заңның бұзылғандығына сілтеме жасай отырып, дәлелді бас тарту қағазын беруге міндетті.

Алқаның судья қызметіне тағайындау туралы ұсынымы конкурстық қараудың нәтижесі бойынша беріледі.

Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясы қызметі орнының босағаны туралы ұсынысы Алқаның конкурс өткізуіне негіз болып табылады.

Судьяның бос қызмет орнына орналасуға кандидатуралар іріктеу жөніндегі конкурстың өткізілетін мерзімі мен орны туралы хабарламаны Алқа конкурс өткізуден бір ай бұрын республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялайды.

Конкурсқа қатысу үшін Алқаға өтініш және тізбесі Алқаның регламентінде белгіленетін басқа да құжаттарды беру қажет.

Судья қызметіне Алқаның ұсынымын алуға арналған конкурсқа:

1) судьялар;

2) судья қызметіне біліктілік емтихандарын тапсырған және судьялар резервіне енгізіліп, тағылымдамадан өткен судьялыққа кандидаттар қатыса алады.

Алқа Қазақстан Республикасы Президентіне аудандық және оған теңестірілген сот судьяларының, сондай-ақ төрағаларының бос қызмет орындарына тағайындауға ұсыну үшін Әділет министріне кандидат ұсынады.

Алқаның ұсынымдарын Әділет министрі бір ай мерзімде қарайды. Әділет министрі ұсынылған кандидатурамен келіспесе, ол Қазақстан Республикасының Президентіне осы кандидатура бойынша дәлелді қорытындымен ұсыныс енгізеді.

Әділет біліктілік алқасы заңға сәйкес судья қызметінен босату туралы мәселені қарайды. Ол үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысы Алқаның судьяны қызметінен босату туралы мәселені қарауына негіз болып табылады. Алқа ұсынысты алғаннан кейін судьядан және басқа адамдардан жазбаша түсініктеме алу, тиісті материалдарды сұратып алдырып, танысу, мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан өзге де ақпарат алу арқылы ондағы мәліметтерді тексереді. Төрағаның тапсыруы бойынша судьяға қатысты тексеруді құрамында Алқаның кемінде үш мүшесі бар комиссия жүргізеді. Тексеру нәтижесі бойынша анықтама толтырылады. Анықтамада ашылған мән-жайлардың баяндалуы, тексерушілердің қорытындысы мен ұсыныстары және олардың қойған қолдары болуға тиіс.

Өзіне қатысты тексеру жүргізілген судья тексерудің анықтамасымен және материалдарымен таныстырылуға тиіс. Бұл ретте ол қосымша түсініктемелер беріп, жекелеген мән-жайларды тексеру туралы өтініш жасай алады. Өзіне қатысты тексеру жүргізілген судья тексеру анықтамасымен және материалдарымен танысудан бас тартқан жағдайда, ол жөнінде хаттама жасалады, оған тексеруді жүргізген адамдар қол қояды.

Алқа судьяны қызметінен босату туралы мәселені судья тексеру материалдарымен таныстырылған күннен бастап бір ай мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысы алынған күннен бастап үш айдан кешіктірмей қарайды. Алқа мәселені қараған кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысы алынған судьяның түсініктемесін тыңдауға тиіс. Судьяның Алқа отырысына дәлелсіз себептермен келмей қалуы мәселені қарауға кедергі болмайды. Отырыста судьяның да, комиссияның да өтініші бойынша шақырылған басқа адамдардың хабарламалары тыңдалып, құжаттар жария етілуі және өзге де материалдар қаралуы мүмкін. Мәселені қарау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысында көрсетілген негіздер шегінде ғана жүргізіледі. Алқаның шешімінде негізге алынып ұсыныс жасалған мән-жайлар, судьяның түсініктемесі, судьяның іс-әрекеті мен жеке басын сипаттайтын мәліметтер, дәлелдемелерге сілтеме жасалып қабылданған шешімнің себептері, сондай-ақ шешімге шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Алқа сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген сот төрағасын қызметінен босату туралы мәселені аудандық және оған теңестірілген сот судьясы жөніндегі мәселе сияқты қарайды.

Алқаның қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Осы Заңмен реттелмеген құжаттар қабылдау, Алқада біліктілік емтихандарын тапсыру, конкурс өткізу, ұсыным беру тәртібі, сондай-ақ ішкі тәртіп пен қызметті ұйымдастыру мәселелері Алқа мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен Алқа қабылдайтын регламентпен белгіленеді.

3. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық заңы //Қазақстанская правда. – 2000. – 30 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.
4. «Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2001 жылғы 28 мамырдағы № 203-ІІ ҚР Заңы.
5. «Әділет біліктілік алқасы туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 234 ҚР Заңы.
6. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Былина, 2000.
7. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
8. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
9. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.М.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
10. Уголовный процесс: Оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 1998.

11. *Айсин Т.* Конституционный Закон о судах и статусе судей РК – важнейший шаг в проведении судебно-правовой реформы // ҚР Жоғарғы Сотының Жаршысы. – 1996. - № 2.

12. Комментарий к Федеральному конституционному закону «О судебной системе РФ»/ В.И.Радченконың редакциялығымен. – М., 1998.

13. *Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М.* Закон о статусе судей в Российской Федерации: Ғылыми-практикалық түсіндірме. – М., - 1994.

14. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы.

15. *Сулейменова Г.Ж.* Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1999.

6-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ СОТТАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Аудандық (қалалық) сот

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің негізгі буыны әрбір ауданда немесе аудандық бөлінісі жоқ қалада жұмыс істейтін аудандық (қалалық) соттар болып табылады. Олар барлық азаматтық істер мен көптеген қылмыстық істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қарайды. Осы соттардың соттылығына соттардың жалпы құзырындағы ведомстволық бағынысты барлық азаматтық істер жатады. Аудандық соттардың қарауына барлық қылмыстық істер де жатады.

Қазіргі кезде аудандық (қалалық) сот тек бірінші сатыдағы сот болып табылады. Қылмыстық және азаматтық істерден басқа аудандық (қалалық) сот әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, үкімдердің орындалуына байланысты мәселелерді шешеді (шартты-мерзімінен бұрын босату, бір режимдегі колониядан екінші режимдегі колонияға ауыстыру және т.б.)

Аудандық (қалалық) соттар сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 6-бабына сәйкес «уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады». Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының

Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін».

Осы Заңның 7-бабына сәйкес «1. Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады. Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бір құрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

2. Аудандық сотта кеңсе құрылады, оның штат санын сот төрағасымен келісе отырып, облыс соттарының әкімшісі белгілейді»,

«1. Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сот судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- 4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) сот статистикасын жүргізу мен талдауды ұйымдастырады;
- 6) өкімдер шығарады;
- 7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Бір құрамды сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару аумақтық уәкілетті орган басшысының ұсынысы бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларының біріне жүктеледі» (жоғарыда аталған Заңның 9-бабы).

Аудандық (қалалық) соттардың сот қызметін қадағалауды облыстық соттар апелляциялық және қадағалау тәртібімен жүзеге асырады.

Аудандық соттың өкілеттігі. Аудандық соттың өкілеттігі осы Заңның 8-бабында белгіленген:

«1. Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

2. Аудандық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот статистикасын жүргізеді;
- 3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады».

Аудандық (қалалық) соттың заңмен құзыретіне жатқызылған қаралатын мәселелер мен істер шеңбері өте кең.

«Аудандық (қалалық) соттар қарайтын барлық істер мен материалдардың жартысына жуығын азаматтық істер құрайды»⁶⁶.

Аудандық (қалалық) сотта:

- 1) *Барлық азаматтық істер қаралады*, олардың қатарында:

⁶⁶

Гуценко К.Ф. Ковалев М.А. Правохранительные органы. – М.: Зерцало, 1996. – 89-бет.

егер тараптардың бірі азамат, ұйым немесе олардың бірлестігі болып табылса, осындай дауларды шешу заңмен әкімшілік немесе өзге органның жүргізуіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, азаматтық, отбасылық, еңбек және басқа да құқық қатынастарынан туындайтын даулар бойынша істер;

бір жағынан, мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер және басқа да ұйымдар және екінші жағынан, тиісті халықаралық шарттардан туындайтын темір жол немесе әуе көлігі органдары арасындағы тікелей халықаралық және әуе жүгін жеткізуде жүктерді тасымалдау шартынан пайда болатын даулар бойынша істер;

әкімшілік-құқық қатынастарынан туындайтын істер (мысалы: сайлаушылардың тізімінің дұрыс болмауына; әкімшілік органдардың немесе лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне; азаматтардың құқықтарына қысым жасайтын мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттеріне; салық бойынша азаматтардың бересісін өндіру туралы және т.б. шағымдар), сондай-ақ олардың құзыретіне заңмен жатқызылған өзге істер.

2) Басым көпшілігі *қылмыстық істер*. Қалалық (аудандық) сотарға Жоғарғы, облыстық, сондай-ақ әскери соттың қарауына жатқызылған қылмыстық істер қарауға жатпайды.

3) Тізбесі әкімшілік заңнамада, сондай-ақ басқа да заң актілерінде белгіленген *әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар*.

Көрсетілген істерден басқа аудандық қалалық соттың құзыретіне құқық туралы даулар байланысты емес, белгілі бір фактілерді анықтауды талап ететін мәселелерді қарау жатады. Осы санатқа мыналар жатады:

- *ерекше іс жүргізудегі істер*, аралуы заңдық маңызы бар фактілерді анықтауға бағытталған (мысалы: туыстық қарым-қатынастарды, жасты, айырылысу, некелесу, адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы фактілерді анықтау және т.б.);

- *үкімді орындауға* байланысты мәселелер (мысалы, жазадан шартты-мерзімінен бұрын босату, еңбекпен түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы, жазаның өтелмеген бөлігін аса жеңіл түріне ауыстыру туралы және т.б. туралы)

сонымен қатар, аудандық қалалық соттар қылмыстық істер бойынша анықтау, алдын ала тергеу органдарының және прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне *шағымдарды* қарайды.

Барлық аталған істер мен материалдарды қарау сот оытырсында сот жүргізеді, оның тәртібі іс жүргізу заңнамасында егжей-тегжейлі регламенттелген (ҚІЖК, АІЖК).

Бірнеше судьялар жұмыс істейтін аудандық (қалалық) соттарда олардың ішінен біреуін аудандық (қалалық) соттың төрағасы етіп сайлайды. Ол судья мәртебесін сақтап, осы соттың құзыретіне заңмен жатқызылған істерді қарайды, сонымен бірге оған соттағы жұмыстарды ұйымдастыру жүктеледі, ең алдымен ол судьялар арасындағы міндеттерді бөледі.

Істерді қараумен қатар әрбір судья шағымдарға, арыздар мен ұсыныстарға, заңнаманы түсіндіру бойынша консультациялар алуға байланысты жеке мәселелер бойынша *азаматтардың қабылдауын* жүзеге асырады.

Аудандық (қалалық) соттың жұмысын ұйымдастыруда судьялар арасындағы істерді бөлудің маңызы зор. Көп құрамды соттарда мәндік, аумақтық, араластық және аймақсыз қағидаттар негізінде судьялар арасында істерді бөлу мүмкіндігі көзделген.

Мәндік (функционалды) қағидат түрлі санаттағы істерді мәндік қарау бойынша мамандандыруға негізделген, оған сәйкес бір судья (немесе судьялар) тек азаматтық істерді (мысалы, неке-отбасылық, салық және т.б.), ал басқасы (басқалары) – қылмыстық істерді (мысалы, лауазымдық қылмыстар, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар және т.б.) қарайды.

Аумақтық (аймақтық) қағидатқа сәйкес бүкіл аудан (шартты түрде) сот учаскелеріне – ауданның немесе қаланың нақты аумағына бөлінеді. Сот учаскелерінде туындаған істер осы учаске бекітілген белгілі бір судьяның іс жүргізуіне келіп түседі.

Аралас қағидатқа сәйкес әрбір судья оларға бекітілген учаскелерге келіп түскен немесе қылмыстық немесе азаматтық істерді қарайды.

Аймақсыз қағидатқа сәйкес судьялар арасындағы қылмыстық істерді сот төрағасы бөліп береді, ал барлық азаматтық істерді жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау уақытында талап арыз қабылдаған судьялар қарайды.

Жұмысты айқын, дұрыс ұйымдастыру үшін сот төрағасы басшылық ететін соттың көмекші аппараты қажет. Ол консультанттардан, кеңсе хатшыларынан, сот отырыстарының хатшысыларына, іс қағаздарын жүргізушілерден тұрады. Төраға оның ұсынысы бойынша тағайындалатын консультанттар мен сот орындаушыларын қоспағанда, қажетті қызметкерлерді іріктейді.

Істерді қарау және жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдаумен қатар, аудандық (қалалық) сотта сот төрелігін жүзеге асырумен тікелей ұштаспайтын басқа да жұмыс түрлері жүзеге асырылады.

Соттарда сот төрелігінің тиімділігін арттыру мақсатында *сот тәжірибесін зерделеу және жинақтау* бойынша жұмыстар жүргізіледі. Ол үшін арнайы әзірленген бағдарламамен сот қателерін анықтау мақсатында нақты істер зерделенеді және содан кейін олардың алдын алу жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірленеді.

Заңнама және сот тәжірибесі бойынша *анықтау жұмыстары* жинақтаушының қарамағында. Оның мәні құқықтың барлық салалары бойынша барлық нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды есепке алудан тұрады. Осы жұмысты жүзеге асыру, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің бақылаудағы даналарын сақтау соттың консультантына жүктеледі.

Соттың барлық жұмысын осы үшін заңмен берілген, айқындалған өкілеттіктер кешенімен оның төрағасы ұйымдастырады.

Әдетте, аудандық (қалалық) сотта қылмытсқ және азаматтық істер жөнінде екі кеңсе бар, олар арқылы хат-хабар алмасу, соттың іс жүргуінде жатқан сот актілерін тіркеу, есепке алу және сақтау жүргізіледі. Бұл жұмысты хатшылар мен іс қағаздарын жүргізушілер орындайды. Қаралған істерді сақтау үшін мұрағат ұйымдастырылады.

Соттың кеңсесі. Әрбір аудандық (қалалқ) сотта олардың сот төрелігін жүзеге асыру, сот практикасын жинақтау және сот статистикасын талдау, судьяларды және процестің басқа да қатысушыларын қорғау, сондай-ақ соттың басқа да функцияларын орындау бойынша судьялардың жұмысын қамтамасыз ететін сот кеңесі болады. Әрбір кеңсе қызметкерінің өз міндеттерін айқын, сапалы, тиісті және дер кезінде орындауынан соттардың іс жүргізуіндегі барлық істер мен материалдарды қарау бойынша тұтастай қызметінің деңгейі байланысты.

Сот кеңсесінің құрамына аудандық (қалалық) сот төрағасы жұмысқа қабылдайтын қызметкерлер кіреді. Кеңсе қызметкерлерінің құқықтық жағдайы мен ақы төлеу «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңмен реттеледі, яғни олардың, техникалық қызметкерлерді қоспағанда, мемлекеттік қызметші мәртебесі бар.

Аудандық (қалалық) соттың кеңсесі кеңседен, оған басшылық жасауды жүзеге асыратын меңгерушіден сот отырысының хатшыларынан, іс қағаздарын жүргізушілерден, хатшылардан, консультанттардан және техникалық қызметкерлерден тұрады. Сот кеңсесінің құрылымы мен штат саны әрбір аудандық (қалалық) соттың жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді.

Судьялардың сотқа келіп түсетін істер мен басқа да материалдарды қарау жөніндегі қызметі құжаттардың көптеген санын ресімдеумен байланысты, сондықтан да сот аппаратына жүргізу тапсырылған іс қағаздарын жүргізудің маңызы бар.

Сот кеңсесі құжаттармен болатын барлық мүмкін операцияларды орындайды. Бұл жерде сотқа келіп түсетін барлық хат-хабарлар тіркеліп, жүйеге келтіріледі (мысалы, сотқа келіп түсетін қылмыстық істерді, материалдарды, шағымдарды және сотта қарауға жататын арыздарды есеп алу кітабы, депозиттік сомаларды есепке алу кітабы, нарядтар, карточкалар жүргізіледі), қаралған істердің статистикалық есебі, оларды сақтау жүргізіледі. Төрағаның рұқсат етуімен азаматтарға сот құжаттарының және т.б. көшірмелері беріледі.

Кеңсе меңгерушісі (осы лауазым көзделмеген соттарда – сот хатшысы) кеңсенің жұмысын ұйымдастырады, хатшылық құрамға басшылық етеді және соттың мұрағатын жүргізеді. Іс қағаздарын жүргізу бойынша өз міндеттерін жүзеге асыра отырып, ол алдын ала сотқа келіп түскен хат-хабарларды қарайды. Бұл туралы төрағаға баяндайды; кеңсе қызметкерлері арасында жұмысты бөледі және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады; сот істерінің, материалдар мен заттай дәлелдемелердің есебі және сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; нарядар жүргізеді және бастапқы стистикалық есептегі құжаттардың жүргізілуін бақылайды және т.б. Сонымен қатар, оған соттағы кадрлық және шарушылық-қаржылық жұмысқа байланысты іс қағаздарын жүргізу

бойынша функциялар жүктелген (сот қызметкерлерінің жұмысқа келуін және жұмыстан кетуін жүргізу; есепке алу кітабында сот бойынша бұйрықтар мен өкімдерді тіркеу; қаржылық құжаттаманы жүргізу, сондай-ақ шарашылық хаттар мен кеңсе құралдарын есепке алу).

Сот хатшысы іс қағаздарын жүргізуді жүзеге асырады: кіріс және шығыс хат-хабарларды қабылдайды, жібереді және тіркейді; құжатамалардың өту есебі мен картотекасын жүргізеді; ағымдағы мұрағаттың құжаттарын жүйелейді және сақтайды; істер номенклатуралары мен статистикалық есептерді жасайды; атқарушылық құжаттардың есебін және тіркеуді жүргізеді және т.б.

Бірнеше хатшылар бар соттарда іс қағаздарын жүргізу олардың арасында қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша жеке бөлінеді.

Сот отырысының хатшылары, әдетте, нақты судьяларға бекітіліп берілген, сандық құрамы соттың судьяларының сандық құрамына сәйкес келуге тиіс, сот отырысын жүргізеді, сот ісін қарау аяқталғаннан кейін сот отырысының хаттамаларын жасайды; келіп түскен істер мен олардың қозғалысы туралы мәліметтер енгізлетін сот отырыстарын есепке алу журналын жүргізеді; процеске қатысушыларға шақырулар мен хабарламалар жасап, жолдайды; судья қараған істерді ресімдейді; атқарушылық парақтарды жазып береді және т.б. Сот отырысы хатшысы міндетінің аппараттың басқа қызметкерінің міндеттерінен айырмашылығы іс жүргізу заңдарымен реттелетіндігінде.

Сот консультанты нормативтік-құқықтық актілерді іріктеуге, есепке алуға және жүйелендіруге байланысты жинақтау-анықтамалық және өзге жұмыстармен айналысады; сот тәжірибесінің материалдарын жинақтау бойынша дайындық жұмыстарын жүргізеді, сот статистикасына талдау жүргізеді және т.б.

2. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот және оның құқықтық мәртебесі

Сот реформасын жүргізудің кезеңдерінің бірі мамандандырылған экономикалық соттар құру болып табылады. Сот төрелігін мамандандыру идеясы қазір пайда болған жоқ және де экономикалық мамандандырылған соттардың толық бейнесін жасау үшін оның қысқаша тарихына тоқталайық.

КСР Одағының бұрынғы республикалары егемендігін алған сәттен бастап, олардың жеке дербес құқықтық жүйесін құру қажеттігі туындады, бірақ сонда да кеңестік социалистік құқықтың жетпіс жылдық кезеңін тарихтан алып тастауға болмайды. Бұрынғы КСР Одағының құқықтық жүйесінің массивінен туындай отырып, бұрынғы Одақ республикаларының тұжырымдамаларын, институттарын, заңнамалық нормаларын талшық ете отырып, біздің заңнамамызда өткен жылдардың ізі қалатын болады⁶⁷.

⁶⁷

Туякбай Ж. Правовое развитие казахстана за 10 лет государственной независимости. – Астана, 2002. 9-бет.

Төңкеріске дейінгі Ресейде төрелік соттардың прототипі сауда-саттық және вексельдік істерді, сондай-ақ сауда-саттық жалғандығы немесе банкроттық туралы істерді қарайтын коммерциялық соттар болды⁶⁸. Қазан төңкерісінен кейін кәсіпорындар мен ұйымдар арасында пайда болған келіспеушіліктерді жоғары тұрған басқару органдары әкімшілік тәртіппен шешті. Бірақ шаруашылық қатынастардың дамуына байланысты мемлекеттік ұйымдар арасындағы дауларды шешу жөніндегі арнайы ұйым құру қажеттігі туындады. 1922 жылы Еңбек және Қорғаныс Кеңесі жанынан Жоғары арбитраждық комиссиясы және облыстық экономикалық кеңестер жанынан арбитраждық комиссиялар құрылды, содан кейін автономдық социалистік республикалардың кеңестік халық комитеттері жанынан арбитраждық комиссиялар, облыстар мен губерниялардың атқарушы комитеті жанынан арбитраждық комиссиялар құрылды. Басқару органдары жүйесінде экономиканың жеке салаларымен сондай-ақ ведомстволық арбитраждық комиссиялар құрылды⁶⁹. 1931 жылдың мамырында КСРО құрылғаннан бастап, екі деңгейдегі – мемлекеттік және ведомстволық арбитраж жұмыс істеді. Төрелік мемлекеттік басқару органдарының жүйесінде болғанын атап айтқан жөн.

1960 жылы 1931 жылғы «Мемлекеттік арбитраж туралы» бұрын қолданған ереженің күшін жоятын «СССР Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік арбитраж туралы» ереже қабылданды. 1974 жылы төмен тұрған арбитраждар жоғары тұрған арбитраждарға бағынған жоқ, бағыну болған жоқ. Ал 1974 жылдың 17 қаңтарында ССР Мемарбитражы одақтық-республикалық одаққа қайта құрылып, «СССР Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік арбитраж туралы» жана ереже⁷⁰ бекітіледі. 1977 жылы СССР Конституциясы қабылданғаннан кейін арбитраж конституциялық орган деп танылды.

Ресей Федерациясында арбитраждар жүйесі 1991 жылы таратылады. «Арбитраждық соттар туралы» РСФСР Заңын қолданысқа енгізу туралы» РСФСР Жоғары Кеңесі қаулысының 2-тармағында былай деп жазылған: «1991 жылдың 1 қазанынан бастап, РСФСР аумағындағы арбитраждар және министрліктер, мемлекеттік ведомстволар жүйелерінде, қауымдастықтарда, концерндерде, өзге де бірлестіктерде, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарда өзге де ұқсас органдар таратылсын»⁷¹.

Осылайша төрелік жүйелерін төрелік соттармен ауыстыру нарықтық қатынастарға көшудің жаңа экономикалық шарттарынан бірнеше меншік нысандарын заңдастыруға байланысты болды. Әкімшілік-әміршілдік жүйе кезінде арбитраждар қолданған бұрынғы әдістермен және тәсілдермен дауларды шешу жарамайтын болды.

⁶⁸ Авторлар ұжымы. Арбитражный процесс. М.: Зерцало, 1995. – 6-бет.

⁶⁹ Абова Т.Е. Арбитражный процесс в СССР. – М. 1985.

⁷⁰ СП СССР. – 1974. - № 4. – 19-бет.

⁷¹ ВВС –РСФСР. – 1991. № 30- 1013-1014-беттер.

Қазіргі кезеңде ТМД-ның кейбір елдерінде төрелік жүйе сақталған (Армения Республикасының Мемлекеттік төрелігі), басқаларында төрелік соттар жүйесі дамуда (Грузия, Қырғыз Республикасы Украина, Ресей), үшіншіде – арнайы шарушылық және экономикалық соттар (Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы; Молдова Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан, Өзбекстан Республикасы).

Біздің республикамызда төрелікті кезең-кезеңмен дамытудың өзіндік ерекшелігі бар және ол мынадай түрде өтті. 1992 жылдың 1 ақпанынан бастап, «Төрелік соттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты төрелік органдары таратылды. 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында Жоғары төрелік соты Конституциялық сотпен, Жоғары және төменгі тұрған сотпен қатар сот төрелігі органдарына жатқызылды. Алайда 1993 жылғы Конституция өтпелі сипатта болды және «жаңа қоғамдық қатынастарды бекіту олардың құқықтық қамтамасыз етілуін дер кезінде түзетілуін, сапалы жаңа заңдарды қбалыдауды, жоғары білікті құқық қолдануды, құқық қорғау органдарының жөнге келтірілген жұмыстарын талап етті»⁷².

1994 жылғы Мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасының «Сот жүйесін реформалау» бөлімінде соттарды ұйымдастыруды нығайту қажеттігі, оларды жалпы және төрелік соттарға бөдуден бас тарту туралы атап айтылды. 1995 жылы қабылданған жаңа Конституцияға сәйкес Президенттің тағайындауы, Жоғарғы соттың судьяларын Парламент Сенатының сайлауы енгізілді, Жоғары Сот Кеңесі мен Әділет біліктілік алқасы құрылды, соттардың жалпы құзырына олардың функцияларын бере отырып, төрелік соттар жүйесі таратылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 98-бабының 1-тармағын және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар туралы» заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 1995 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен шаруашылық істер жөніндегі алқалар ретінде тиісті соттардың құрамына біріктіру арқылы республиканың Жоғары төрелік соты, облыстық, Алматы қалалық төрелік соттары таратылды.

«Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының шығуына байланысты «Қазақстан Республикасындағы соттар туралы» Жарлықтың күші жойылды және сот ісін біріздендіру үшін республика соттарына шарушылық және азаматтық алқалар бірлестіктері бекітілді. Осылайша, сот органдарының құрылымында негізгі құрылымдық өзгерістердің бірі төрелік соттарды тарату, содан кейін азаматтық істер жөніндегі алқа құрамында біріктіру және болашақта экономикалық соттар құру болып табылады.

Болып жатқан өзгерістерге қатысты құқықтық жұртшылықтың әр түрлі пікірлері бар. «Көптеген судьялардың көзқарасымен, белгілі санаттағы –

⁷²

Мами К. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана, 2001. – 66-бет.

банкроттық, салық даулары және басқалар туралы істерді қарау үшін мамандандырылған алқа шеңберінде оларды құра отырып төрелік соттарды сақтау не бұрын қабылданған шешімдердің қателігіне объективті баға беру және төрелік соттың жақсартылған нұсқасы ретінде облыстық деңгейде экономикалық соттарды құру орынды болған болар еді. Экономикалық соттардың ұсынып отырған тұжырымдамасы да оларды аудандық қалалық соттар деңгейіне жатқызуды қоспағанда, олардың осындай құқықтық мәртебесін қамтиды»⁷³.

«Төрелік соттарды таратуға қатысты бірден айтарым, оны қателік ретінде бағалауға болмайды. Ақырында, сот құрылымының сол немесе өзге үлгісін таңдау – ұлттық заң шығарушының құқығы, және Қазақстан біртұтас сот жүйесін құру жолымен жүріп келеді. Бірінші сатыдағы төрелік соттарды жоғарғы тұрған сатыдағы соттарға ғана біріктіріп қалдыру – екінші мәселе.»⁷⁴

Жақын уақыттан бері республикада қолданылған мамандандырылған соттар ретінде сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 3-бабының 2-тармағында көзделген әскери соттарды ғана қарастыруға болады. Мемлекетте экономикалық ахуалды өзгерту кәсіпкерліктің тұрақты жігінің пайда болуы, өндірістік және ауыл шарушылығы кәсіпорындары қызметінің қалпына келтірілуі экономикалық даулардың және оған байланысты өзге де істердің ұлғаюына, сот жұмыстары көлемінің көбеюіне әкеледі. Құрылымдық өзгерістер асығыстық салдарынан бұдан әрі олардан бас таруға әкелдірмес үшін және бюджеттік қаражатты негізсіз жоғалтпас үшін экономикалық соттарды құру мәселесі мұқият талдау негізінде қабылдануы қажет.⁷⁵

Сот жүйесі туралы конституциялық заңның 3-бабының 3-тармағына, 6-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Президентінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен Алматы және Қарағанды облыстарында қолданыстағы заңнамаға сәйкес экономикалық дауларды қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар Қазақстан Республикасының соттары үшін бекітілген штат саны шегінде құрылды. Жарлықтың 2-тармағымен Әділет министріне, Жоғары сот Төрағасына, Қазақстан Республикасы Жоғары сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің төрағасына:

- 1) осы Жарлықпен жаңадан құрылған соттардың кадрлық құрамы бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну;
- 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдау тапсырылды.

Осындай сот тәжірибесі мағынасы бойынша экономикалық заңдардың орындалуын және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін соттың тиімді қорғауын қамтамасыз етуге байланысты. Республиканың мамандандырылған экономикалық соттарды дамыту жолындағы нақты қадамдары туралы соттардың қызметін құқықтық реттеудің жекелеген сәттері ұлттық заңнамада көрініс тапқаны айғақтайды. Азаматтық істерді мамандандырылған соттардың қарауы

⁷³ *Амиров И.* Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. – 192-бет.

⁷⁴ *Мами К.* Соблюдение закона – внутреннее убеждение каждого // Юридическая газета. – 2002 – 17 сәуір.

⁷⁵ *Амиров И.* Суды и их роль в укреплении государственной независимости. – Астана, 2001. – 192-193 беттер.

бүгінде қолданылатын ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 30-бабында көзделген. Осы баптың 1-тармағына сәйкес «мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, АІЖК-нің 28-бабының бірінші бөлігінің 2), 3), 4) тармақшаларында, екінші бөлігінде, 29-бапта көзделген істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар жөніндегі азаматтық істерді қарайды».

Экономикалық соттар жұмыс істеген жылдарында өзінің жарамдылығын дәлелдеді. Судьяларды мамандандырудың арқасында істерді қараудың сапасы едәуір жақсарды. Сот жұмысының сапалы көрсеткіші болып табылатын күші жойылған және өзгертілген шешімдердің пайызы экономикалық соттарда республикалық соттағылардан гөрі төмен, сондықтан осы соттарды барлық өңірлерде ашу шешілді.⁷⁶ Осы жылдың ақпан айында мемлекет басшысы «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар құру туралы» Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 3-бабының 3-тармағына, 6-бабының 1-тармағына сәйкес: Астана қаласында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қолданыстағы заңнамаға сәйкес экономикалық дауларды қарауға уәкілетті мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құруды қаулы етті.

Әділет біліктілік алқасына, Әділет министріне, Жоғары сот төрағасына заңнамада белгіленген тәртіппен осы Жарғымен құрылған соттардың төарағалары мен судьялары лауазымына үміткерлерді іріктеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру және осы соттардың кадрлық құрамы жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну тапсырылды.

Осы Жарлық, айтылып өткендей, мамандандырылған (әскери, экономикалық, әкімшілік және басқа) соттар құру мүмкіндігін көрсететін сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 3-бабына сәйкес әзірленді. Бірақ экономикалық соттарды құру қажеттігі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы № 96 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлардың кеңесі жанындағы бірлескен жұмыс топтарының іс-қимыл жоспарының 2-тармағында аталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы судьяларының III съезінде мемлекет басшысы сот жүйесі алдына сегіз басым міндеттер қойды, оның бірі бірінші кезекте мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттар жүйесін кезең-кезеңмен құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру болып табылады.

⁷⁶

2001 жылғы эксперименттік экономикалық соттардың қызметін талдау республиканың барлық облыстары мен Астана қаласында экономикалық соттарды құруға негіз болған олардың қызметінің тиімділігін көрсетті.

Сонымен, мамандандырылған экономикалық соттар – іске асырылған факт, тек идея емес, нормативтік құқықтық базасы, материалдық негізі, кадр құрамы жасақталған нақты шындық.

Соттарды реформалау жүргізілген жылдарда құқықтық база кеңейіп, сот төрелігіне қол жетімділік артты. Бүгін сотта өз құқықтарын талап ету мүмкіндігі ешқандай шектелмейді. Азаматтардың сот төрелігіне қол жетімділігінің нанымды шындығы - соттардың орындайтын жұмыс көлемінің өсуі. 10 жыл ішінде соттарға келіп түскен азаматтық істер 97710-нан 188860-қа дейін, яғни екі есеге өсті. Соттар азаматтардың шағымдары мен арыздарының 90 % астамын қанағаттандырды, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру кепілдігінің жоғары дәрежесі туралы куәландырады⁷⁷.

Экономикалық соттарды кезең-кезеңмен құру азаматтардың, кәсіпкерлердің және басқа да шарушылық етуші субъектілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге ықпал етеді деп пайымдаймыз, өйткені экономикалық құқық қатынастарын соттың қорғауы мемлекеттің тәуелсіздігі үшін басымды маңызы бар.

2. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның кез келген әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе шешіміне белгіленген тәртіппен шағым беріледі, әркімнің оның шағымын сот қарауына құқығы бар. Осы маңызды конституциялық қағидатты іске асыру ең алдымен зорлық-зомбылық билігін жоюға, мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталға. Сондықтан, сот билігін нығайту проблемасын талқылай отырып, бүгінгі күнде әкімшілік соттарды құру маңызды болып отырғанын мойындау қажет.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасының авторлары «мемлекеттік органдар тарапынан шаруашылық етуші субъектілерге соттан тыс әкімшілік ету және қысым жасауды шектей алатын», сондай-ақ «әлеуметтік маңызды проблемаларды (зейнетақы, еңбекақы төлеу, жер, кейбір санаттағы отбасы даулары және т.б.)⁷⁸» шеше алатын не әкімшілік соттар, не мамандандырылған құрамдар құруды ұсынады.

Дамыған елдерде әкімшілік, салық және өзге соттар түрінде әкімшілік заң құзырындағы сот жүйесі ойдағыдай жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

⁷⁷ Мами К. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. Жинақта. Правовое развитие казахстана за 10 лет государственной независимости. – Астана, 2002. – 30-бет.

⁷⁸ Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета. – 2001. – 8 тамыз.

Экономикалық соттардың қызметін талдау эксперименттің ойдағыдай өткенін көрсетті. Ендігі кезекте әкімшілік соттар түр. Сондықтан эксперимент тәртібімен Алматы және Астана қалаларында әкімшілік заң құзырындағы екі сот құрылды. Мұндай соттарды құру қажеттігі жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қабылдануына байланысты болды. «Соттардың құзыретіне бұрын қаралған 54 істің орнына құрамында құқық бұзушылық бар 228 іс жатқызылды, бұл осы санаттағы істердің санын 411 пайызға көбейтті»⁷⁹.

Әкімшілік істерді қарау тәртібі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген. Сонымен бірге Азаматтық іс жүргізу кодексінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың қаулыларына дау айту туралы істерге ерекше талап қою бойынша іс жүргізуді белгілейтін тарау бар. Осы тарау көрсетілген санаттағы істерді қараудың ұқсас тәртібін көздейтін Әкімшілік кодексімен толық сай келеді.

Әкімшілік соттардың заңдық құзырына мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін кез келген әрекеттерін (әрекетсіздігін) дау айтылған жағдайда қарау жатады. Бақылаушы органдардың көптеген тексерістері, айыппұлдар, мүлікке тыйым салу, банк есептері, мүлікке иелік етуді шектеу, қызметті тоқтата тұру және азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды мүдделерін және құқықтарын қозғайтын өзгелері сот талқылауының мәні болуға тиіс. Және де бұл азаматтарды лауазымды адамдар тарапынан түрлі теріс пайдаланулардан қорғауға мүмкіндік берер еді.

Қазіргі кезеңде әкімшілік істерді жалпы заң құзырындағы соттар және Әкімшілік кодексте көзделген өзге де органдар қарауда, бірақ елімізде сот реформасын жүргізгенге дейін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) жүйесі көзделген болатын. Оларға:

1. Аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Халық депутаттары кеңесінің атқарушылық комитеттері жанындағы әкімшілік комиссиялар.

2. Кенттік, селолық, ауылдық Халық депутаттары кеңесінің атқарушы комитеттері.

3. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар.

4. Аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Халық депутаттары кеңесінің атқарушылық комитеттері жанындағы маскүнемдікке қарсы күрес жөніндегі комиссиялар.

5. Аудандық (қалалық) халық соттары (халық судьялары) және Ленин қалалық соты (сот мүшесі).

⁷⁹

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы № 803 Жарлығына Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің түсіндірмесі // Казахстанская правда. – 2002. – 10 ақпан.

6. Ішкі істер органдары, Көлік инспекциясы органдары және Теңіз және Өзен регистрлері органдары, сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау, жобаларды мемлекеттік ведомстволық сараптау және мемлекеттік бақылау органдары, мемлекеттік инспекциялар органдары, Қазынашылық органдары және оған КСРО немесе Қазақстан Республикасының заң актілерімен уәкілеттік берілген басқа органдар (лауазымды адамдар).

7. Салық қызметі және салық полициясы органдары.

2000 жылғы желтоқсанда күші жойылған «Қазақ КСР-інің сот құрылысы туралы» 1990 жылғы 23 қарашадағы Қаз КСР Заңының 18-бабында әкімшілік және атқарушылық іс жүргізу жөніндегі судьялар аудандық (қалалық) халық соттарының жанында құрылады және Қазақ КСР заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекет етеді⁸⁰.

Бүгінде қолданылып жүрген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 538-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар, ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекциялар органдары және жоғарыда аталған Кодекстің 543-576-3-баптарымен осындай істерді қарауға уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары қарайтыны көзделген.

Әкімшілік даулар бойынша сотқа келіп түскен шағымдардың саны ұдайы өсуде. Лауазымды адамдардың және алқалы билік, басқару органдарының және қоғамдық бірлестіктердің іс-әрекеттеріне, салық заңдарын, сайлау құқықтарын бұзуға шағымдар бойынша істердің санаты Ақтөбе облысында 1999 жылы 198, 2000 жылы – 248 болды, яғни 25,2 % ұлғайған. Сонымен қатар, әкімшілік соттарды құру сот жүйесін тым көп жүктемесін әлденеше рет азайтуға, азаматтарға жақын және қол жететіндей болуға, құқықтар мен бостандықтарды қорғау мәселелерін неғұрлым білікті шешуге мүмкіндік береді⁸¹.

Конституцияның 75-бабының 2-тармағында былай деп жазылған. «Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады», оған әкімшілік сот ісін жүргізу де жатады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 9 ақпандағы Жарлығымен Астана, Алматы қалаларында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Сот ісін жүргізудің осы түрі өз кезегінде атқарушы билік саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғау үшін нақты әрі берік құқық негіздер жасауға тартылған әкімшілік әділетті ұйымдық-құқықтық, қаржылық және кадрлық қамтамасыз етуге байланысты. Осыған байланысты, біздің ойымызша, әкімшілік соттар құру үшін шаралар қабылдануға тиіс.

⁸⁰ ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1984. - № 14.

⁸¹ *Амиров И.* Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной правовой конференции. – Астана, 2001. – 194-бет.

Әкімшілік сот ісін жүргізу, әкімшілік әділет тақырыптары сот жүйесін реформалауға және елімізде сот билігін қолданудың әлеуметтік тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттері шешуге байланысты маңызды болып табылады, және оларға мерзімді басылымдарда және монографиялық басылымдарда көп көңіл бөлінеді.

Әкімшілік соттарды құру идеясы – түрлі елдерде мынадай ерекшеліктері бар әкімшілік әділетті қалыптастыру идеясымен құрдас:

1) Әкімшілік соттар - барлық әкімшілік істерді қарауға арналған төменгі сатыдағы соттардан орта және жоғары сатыдағы соттарға дейінгі арнайы жүйені құрайды. Мұндай жүйе қылмыстық және азаматтық істерді қарайтын жалпы заң құзырындағы соттар жүйесінде қатар жүзеге асырылады. Әкімшілік соттар мұндай жағдайда «белсенді әкімшілік» органдарынан тәуелсіз болады. Бұл жүйені неміс жүйесі дейге болады, ол өткен ғасырдың аяғынан бастап Германиямен бірге, Австрияда, Финляндияда және кейбір басқа елдерде қолданылады. Әкімшілік әділет жүйесін Федералды әкімшілік ст басқарады. Жоғары әкімшілік соттар ГФР-дің барлық жерінде (екі жерден басқа) бір-бірден құрылған және төменгі сатыны әкімшілік әділет органдарына жатқызылған істердің көпшілігін қарайтын әкімшілік соттар аяқтайды⁸².

2) Әкімшілік дауларды арнайы ұйымдастырылған өңірлер шеңберінде (Францияда 2-ден 7 департаментке дейін) қарау үшін бірінші сатыдағы істерді қарайтын «әкімшілік трибуналдар» құрылады.

Апелляцияны Мемлекеттік кеңеске беруге болады, секциялардың бірі құрамында кеңестің үш мүшесімен оны қарайды. Мемлекеттік кеңес әкімшілік әділет жүйесін басқарады және бір мезгілде үкіметтің жанындағы консультативтік мекеме - мемлекеттік басқару органы болып табылады⁸³. Осы француз жүйесін көпшілігі дауды шешу кезінде сот тәуелсіздігін нақтығында қамтамасыз етпейтіндіктен сынады. Сонда да француз жүйесі Италияда, Грекияда әкімшілік әділет жүйесін ұйымдастыруға әсерін тигізді.

3) Мүдделі адамдар әкімшілік дауды қарау үшін жалпы сотқа жүгінуге құқығы бар. Сонымен бірге жекелеген әкімшілік дауларды қарау үшін кейбір ведомстволардың шеңберінде арнайы әкімшілік соттар (трибуналдар) құрылады, мысалы, зейнетақы бойынша, табыс салығы бойынша, өндірістік жарақаттар және тағы басқалары бойынша арнайы трибуналдар жұмыс істейді. Бұл АҚШ-тағы, Канададағы, Австралиядағы және басқа елдердегі әкімшілік әділеттің ағылшын жүйесі.

Әкімшілік әділеттің әрбір елде ерекшелігі елеулігі жеткілікті екені байқалады. Алайда осы институттарды тұтастай сипаттайтын жалпы белгілерін бөіп көрсетуге болады.

Біріншіден, барлық әкімшілік әділет жүйесіне азаматтар мен заңды тұлғалардың арасындағы, бір тараптан және әкімшілік органдар мен лауазымды

⁸² Правовые системы мира/ А.Я.Сухаревтің редакциялығымен. – М.: НОРМА, 2001. – 172-173-беттер.

⁸³ Правовые системы мира/ А.Я.Сухаревтің редакциялығымен. – М.: НОРМА, 2001. – 172-173-беттер.

адамдардың – екінші жақтан әкімшілік басқаруларында туындайтын дауларды жүргізуді оның қарауына жатқызу тән. Осы даулардың шеңбері мен мазмұны әрбір жеке әкімшілік әділет жүйесінде жеке, алайда барлық даулар үшін ортақ олардың әкімшілік-құқықтық сипаты болып табылады. Кейбір жүйелерде барлық әкімшілік даулар әкімшілік әділет органдарында қаралатын, басқаларында – тиісті органның құзыретіне тек жекелеген санаттағы дауларды жатқызу қағидаты белгіленген. Бір жүйелерде субъективті құқықты қорғау туралы мәселе қойылатын дауларды ғана қарауға жол беріледі, басқалары басқару органдары шығаратын нормативтік актілердің заңдылығына дау айту мүмкіндігіне де жол береді.

Екіншіден, барлық әкімшілік әділет жүйелерінде заңдық құзырлы орган ретінде құқық туралы дауды шешуге арнайы құрылған және икемделген орган пайдаланылады. Кейбір жағдайларда осы рольді әкімшіліктен басқа өзге де дауларды шеше алатын, әкімшіліктен тәуелсіз жалпы сот атқарады. Басқа жағдайларда заңдық фунециялар жалпы сот және әкімшілік органдар жүйесінен тыс ұйымдастырылатын арнайы әкімшілік соттарға жүктеледі. Заңдық құзырлы органдар ретінде өз ведомствосының шегінде ғана дауларды шешетін арнайы ведомстволық квази соттарды пайдалануға болады.

Үшіншіден, әрбір әкімшілік әділет жүйесі әкімшілік дауларды қарау мен шешу заңда белгіленген іс жүргізу нысанында өтеді деп жорамалдайды. Тиісті жүйеге байланысты азаматтық-іс жүргізу, әкімшілік-іс жүргізу немесе квази сот ісін жүргізу нысаны қолданылады. Англосаксон елдерінде «табиғи сот төрелігі» (natural justice) деп аталатын қағидатқа сай келетін нысан ұғынылады, оның қатарына: жариялылық, бәсекелестік, тыңдау мүмкіндігі, дәлелді шешім шығару міндеттілігі, оған шағым беру мүмкіндігі жатады.

Осылайша, әкімшілік әділет- азаматтар мен заңды тұлғалар арасында, бір тараптан және әкімшілік дауларды шешу үшін арнайы құрылған заңдық құзырлы органдар жүзеге асыратын әкімшіліктермен – екінші тараптан әкімшілік басқару саласында туындайтын дауларды сот ісін жүргізу нысанында қарау және шешу тәртібі.

Әкімшілік әділетке алғашқы қадамдар бізде жасалды және заң шығарушы мына нормаларды қосуға тиіс: сот құрылысы, құзыретті және рәсімдік-іс жүргізу. Бұл кәсіпқой күш-жігермен бірге, көп уақыт пен қаражатты қажет ететін күрделі және қажырлы процесс. Осы проблемаларды шешу кезінде туындайтын мәселелердің үш тобына тоқталайық:

әкімшілік соттар туралы заңның жобасы қажет;

әкімшілік-құқықтық даулар бойынша сотқа жүгінудің құқықтық табиғаты; қазақстандық әкімшілік әділет құру және жұмыс істеу перспективалары.

Заңды әкімшілік соттардың арыздар мен басқа да материалдарды өабылдау тәртібін және сот шешімдерінің заңдық күшін қамтамасыз ету және олардың орындалуын қоса алғанда, осындай істерді қарау тәртібін қамтамасыз ететін ережелерді қамтитын процессуалды құқықтық нормалар жинағымен қабылдаған

орынды. Осындай нормаларға (актілерге) құзыреттік (ұйымдастырушылық-рәсімдік) және процессуалды құқықтық нұсқаулар жатқызылуға тиіс. Осы жобадан оның АІЖК, ӘҚБК-мен және атқарушы билік органдарының жұмыс істеуі саласында заңдылықты қамтамасыз етуді регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен сабақтастығы айқындалуға тиіс.

Жобаның тұжырымдамасы әрбір азаматқа құқықтары мен бостандықтарын соттың қорғауына, соның ішінде шешімдер мен әреуеттерге (не әрекетсіздіктерге) сотқа шағым беру арқылы кепілдік беретін Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сәйкес сот жүйесінің қолданыстағы конституциялық базасында құрылуға тиіс. Бұл конституциялық нормалар азаматтардың сот қорғауына, соның ішінде кеңістіктегі факторларды, яғни дәстүрлі қалыптасқан сызба бойынша: аудан – облыс – орталық арқылы орналасқан сот органдарының азаматтар үшін белгілі бір жақындығын ескере отырып, қол жетімділігін жария етеді. Ауданаралық әкімшілік соттар ұйымдастырушылық-техникалық қиындықтарға ұшыраса да, судья кадрларлы ұтымды пайдаланудың орындылығын жоққа шығармаса керек, бірінші кезекте қаржылық және материалдық-техникалық мүмкіндіктерге байланысты болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, әкімшілік әділет пен әкімшілік сот ісін жүргізу үшін:

- оның құрамды бөлігі ретінде әкімшілік сот ісін жүргізу кодексі болатын әкімшілік сот ісін жүргізу негіздері (қатысушылар, процессуалды әрекеттер және т.б.);

- әкімшілік сот ісін жүргізу негіздері туралы (бірінші кезеңде) заң қабылдануға тиіс, содан кейін оны қолдану теориясы мен практикасын қорыту нәтижесінде әкімшілік сот ісін жүргізу кодексін жасау қажет;

- әкімшілік-іс жүргізу кодексін дайындау керек.

Біздің деректер бойынша, жұмыс істейтін судьялар арасында толық бірлікте – олар арнаулы іс жүргізу кодексін жасауға мұқтаж емес және кейінгі толықтырулармен бірге АІЖК-нің әмбебап нормаларын жеткілікті пайдаланады.

Соттардың ерекше талап қоюмен іс жүргізу істерін қарауы құқық қолдану процесінде күрделі бөлім болып табылады. Ол әкімшілік құқық қатынастарының туындауында материалдық-құқықтық негіздердің көп болуына, аталған құқық қатынастарын регламенттейтін және оларды іске асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер санының көптігіне байланысты. Құқық қолдану практикасында заңдардың жаңа болуы, оның жетілдірілмеуі және қодану тәжірбесінің жеткіліксіздігі, соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі қаулыларға шағымдар да өзгешелік спат береді.

Аталған санаттағы істердің саны түрлі өңірлерде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттар қарайтын істердің санынан 2-3 % құрайды. Осындай кейбір санаттағы істер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының пленумы былайша түсіндіреді: мысалы, сот заңдылығын тексеру Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының айрықша құзыретіне жататын не заңнамада сотқа

шағым берудің өзге тәртібі белгіленгендерге қатыстылардан басқа, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын кез келген әрекеттерге (шешімдерге) шағымдарды қарайды.

Талап арыз талаптары тараптар реттемеген заңдық дау бар жерде ғана болады деген пікір қалыптасқан. Бұл пікір дұрыс емес, өйткені басқару органдарының әрекеттеріне (шешімдеріне) байланысты шағымдарды қарау тәртібіне де толық қолданылады.

Талап қоюмен іс жүргізуді шағымдар бойынша іс жүргізумен шектеу сипаты мынадай түрде жүргізіледі деп пайымдаймыз: талап қоюмен іс жүргізуде, сөзсіз, тек тараптармен ғана емес және қаншалықты тараптармен реттелмегендігіне заңдық дау болады, бірақ ең бастысы осы даулы мән-жағдай заңда айқын не толық реттелмеген. Шағым бойынша іс жүргізуде заңмен реттелеген және нақты азаматқа заң дұрыс қолданбаған жағдайда ғана заңдық дау туындайды. Бұл ретте тараптардың бірі – басқару органы – соттың араласуынсыз заңды бұзуды жоюға және туындаған тартысты шешуге құқылы (оны дау деп те айтуға болмайды), ол үшін дәлелдеме, дәлелдеу және дәлелдемеге баға беру талап етілмейді, тек дұрыс баламалы түсінік пен заңды нақты азаматқа қолдану қажет.

Ерекше талап қоюмен іс жүргізудің келесі ерекшелігі немесе шектеу сипаты талап қоюдан – сотқа жүгіну нысаны. Талап арыз – азаматтық құқықтарын қорғау туралы талаппен сотқа жүгіну, шағым – қандай да бір адамның, мекеменің, ұйымның заңсыз және дұрыс емес іс-әрекеті туралы ресми арыз.

Талап қоюмен іс жүргізу нақты немесе жорамал азаматтық құқықты қорғауды қамтамасыз етеді, ал шағым бойынша әкімшілік-құқықтық дауды соттың шешуі басқарудың шығарған актілеріне байланысты азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуды жоюды қамтамасыз етеді.

Осылайша, соттардың шағымдарды қарауы – құқық қолдану процесінің құрамды бөлігі ғана емес, дау мәнісінің материалдық мағынасын, ең бастысы нақты азаматтың субъективті құқығының конституциялық негіздерін анықтау деуге негіз бар.

Талап қоюмен іс жүргізудің өзіне тән бірқатар сипаттар бар. Онда: прокурор талапкер ретінде қатыса алады; шағым бойынша іс жүргізуде арыз иелерінің тобы азаматтың өкілімен немесе қоғамдық бірлестіктің өкілімен шектеледі; ымырасыздыққа, мемлекеттің, сондай-ақ іске қатыспайтын басқа да дамдардың мүдделерін өрескел бұзуға байланысты шағым бойынша іс жүргізуде алынып тасталатын бітімгерлік келісім жасасу және бекіту; соттардың талап арыздарды қарауы кезінде үшінші жақтардың қатысуы заңды; шағым бойынша іс жүргізуде – жоқ, өйткені бұл жерде тек басқарманың нақты актісіне қатысты және нақты азаматқа, лауазымды адамға қатысты шешім мойындалады.

Талап арыздар бойынша сот шешімдерінің орындалуы жиі күрделі болады, шағым бойынша – шағымдарды қарау және олардың орындау әрі шешімнің орындалуы туралы хабарлау міндеттілігі туралы ұйғарымның қысқа мерзімдеріне байланысты нақты. Талап арыздар жауапкердің тұрған жері бойынша қаралады,

шағымдар өтініш иесі -азаматтың тұрғылықты бойынша беріліп, қаралуы мүмкін. Ең соңында, талап қоюмен іс жүргізуде дәлелдеу ауыртпалығы талапкерге, шағым бойынша іс жүргізуде – жауапкерге жүктеледі.

Айрықша талап қоюмен іс жүргізудегі істердің және оларды қараудың процессуалды тәртібінің құқықтық табиғаты туралы көптеген қарама-қайшы пікірлер айтылған. Сот ісін жүргізу деп аталатын, аудандық қалалық соттардың судьяларына ведомстволық бағынысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерге көп көңіл бөлінді.

Құқық қолдану процесінің құқықтық табиғатын қандай процессуалды-құқықтық актіде тиісті нормалар қамтылғандығына қарай айқындауға болмайды және әкімшілік сот ісін жүргізудің дербестігін негіздейтін көзқарас дұрыс болып шықса, онда болашақта сенімді түрде әкімшілік істерді (сөздің кең мағынасында) қарау және шешу тәртібіне қатысты АІЖК-нің ережелерін бөлу әрі әкімшілік процессуалды құқық қағидаттарына сәйкес жасалған оқшауланған әкімшілік-процессуалды акт жасау фактілерін жинақтауға болады.

Негізінен заңда “әкімшілік сот төрелігі” және “әкімшілік әділет” сияқты ұғымдар көзделмеген⁸⁴. Жоғарыда көрсетілгендей, әкімшілік істерді қарау тәртібі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте және бір-бірімен толық сәйкесетін Азаматтық кодекстің тиісті тарауында көзделген.

Әкімшілік әділет жасау тетігі екі эксперименттік әкімшілік соттар құру арқылы жіберілді және бұдан арғы олардың қызметі дербес әкімшілік заңнама жасау туралы мәселені көтеру-көтермеу қажеттілігін көрсетеді.

4. Әскери соттар

4.1. Әскери соттардың қалыптасу және даму тарихы

Әскери соттарды құру проблемалары тарихи тәжірибеге, соттағы жеке адамның жағдайына, билікті бөлу қағидаттарын жүзеге асыруға байланысты.

«Әскери соттардың міндеттері елеулі шамада жалпы соттардың міндеттерімен ұқсас... Әскери және жалпы соттарды өз қызметінде заңдылық қағидатының талаптарын міндеттері түрде басшылыққа алуын белгілеу оларды жақындастырады»⁸⁵.

I Петр заманынан бері әскери сот әскери басшылыққа бағынады. 1867 жылғы Әскери-сот Жарғысы әскери министрге және төменгі әскери дәрежедегілерге сот билігінің қызметіне, нақтығында шешім қабылдауға дейін араласуға мүмкіндік берді. Кеңес дәуірінде, азаматтық соғыс кезінде әскери трибуналдар революциялық әскери кеңестерге бағынды. Лениндік нұсқауларға сәйкес чекистер ревтрибуналдардың және басқа да сот органдарының құрамында болды. Мысалы, 1924 жылғы Конституцияның 45-бабына сәйкес КСРО Жоғарғы

⁸⁴ Мами К. Соблюдение закона – внутренне убеждение каждого //Юридическая газета. – 2000. – 17 сәуір.

⁸⁵ Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 1996. 112-бет.

Сотының құрамына ОГПУ өкілі кірді. 1941-1945 жылғы Ұлты Отан соғызы кездерінде әскери-дала соттарына лауазымы бойынша дивизияның немесе корпусның ерекше бөлімдердің бастықтары кірді. Егер ревтрибуналда айыпталушыларды іс тыңдалғанға дейін атып тастаса, Ұлы Отан соғызы кезінде әскери трибуналдың қызметкерлері кейде өздері үкімді орындауға кіріседі, қорғау отрядтарының іс-әрекетіне қатысады. Ревтрибуналдардың мұрагері Қазақстан аумағында тәуелсіздік алғанға дейін өмір сүрген әскери трибуналдар болды. Кейіннен әскери соттардың тәуелсіздігі бірнеше мәрте өзгерді, бірақ та олар әскери басшылыққа тәуелді жазалаушы орган болып қалды.

Әскери соттардың міндеттері біржақты айқындалды. Міндеттердің ішінде қорғау үшін сот төрелігіне міндетті түрде қызмет жасауы тиіс адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға орын болмады. КСРО Заңының 1980 жылғы 25 маусымдағы редакциясындағы Әскери соттар туралы ережеде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын нормалар болған жоқ.

Жалпы ереже бойынша, соттар қандай да бір мемлекеттік басқару органының бөлігі болуға тиіс емес. Алайда әскери соттардың судьялары мен гарнизонның, армия мен құраманың әскери соттарының, ҚР әскерлері Әскери соттарының әскери қызметшілері (аппарат қызметкерлері) ҚР Қорғаныс министрлігінің штат санына кіреді. Олардың қызметін қаржыландыру ҚР Қорғаныс министрлігі бөлетін қаражат есебінен жүзеге асырылады. Әскери соттарды жабдықталымның барлық түрімен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, көлікпен, байланыс құралдарымен, үй-жайды күзетумен қамтамасыз ету ҚР Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Барлық санамаланған факторлар – бұл әскери соттардың судьяларға қысым жасау, билікті бөлу қағидатын бұзудың белгілі тұтқалары.

Сондықтан қазіргі кезде Қазақстанда жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа біздің ойымызша, әскери соттар мен әскери әділеттің құқықтық жағдайы туралы мәселені қарау үшін қосымша ынта болуға тиіс. РФ көрнекті заңгері, заң ғылымдарының докторы, профессор Ю.И.Стецовскийдің әскери соттарды арнайы соттар ретінде тарату қажеттігі туралы пікірімен келісуге болады. Жалпы құзырлы соттар мен судьялардың мәртебесі нақтығында бірыңғай болуға тиіс. Бұл жерде, ең алдымен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін өзгерістер қажет.

4.2. Сот жүйесіндегі әскери соттардың орны. Оларды ұйымдастыру мен қызметінің өзгешеліктері

Әскери соттар өз қызметін жалпы құзырлы сот сияқты қағидаттарда және сол тәртіппен жүзеге асырады әрі ҚР сот жүйесінің бөлігі болып табылады.

Әскери соттарды құру және оның қызметінің тәртібі осы кезге дейін ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлықтың III тарауымен

(Әскери соттар) реттелген. Аталған Жарлықтың 24-бабына сәйкес «1. Республика аумағында Қазақстан Республикасының әскери соты, бірлестіктердің (армиялардың, құрамалардың, гарнизондардың) әскери соттары болады». Әскери соттарды Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрған және таратқан. Әскери соттардың жалпы санын Әділет министрінің ұсынуымен Республика Президенті белгілеген, ал әрбір әскери сот үшін судьялар санын Әділет министрі белгілеген.

2000 жылы 25 желтоқсанда жоғарыда аталған ҚР Президентінің Жарлығы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына байланысты күшін жойды. Осы Заңды қабылдау қажеттігі күмән тудырмайды, алайда қолданыстағы заңнамада әскери соттардың қызметі осы күнге дейін неліктен реттелмегендігін түсіндіруді талап етеді. Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның тек бір ғана бабыда әскери соттар туралы айтылған. Аталған Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті соттарға ҚР әскерлерінің Әскери соты (облыстық соттарға теңестірілген) және гарнизонның әскери соты (аудандық соттар деңгейінде) жатқызылған. Сонымен қатар, республикада мамандандырылған, соның ішінде әскери соттар құруға болатыны көрсетілген. Заңда әскери соттар туралы басқа ешнәрсе айтылмаған. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасында (жоба) да аталған проблеманы шешпейді.

Әскери соттарды ұйымдастыру мен оның қызметінің ерекшелігі ҚР Қарулы Күштері құрылымының өзгешелігіне және оны ұйымдастыруға әрі олардың алдындағы міндеттерге байланысты. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде, азаматтық, қылмыстық және өзге де істерді қарау кезінде әскери соттар жалпы құзырлы сот сияқты процессуалды және материалдық заңның сол нормаларын басшылыққа алады. Әскери соттың судьяларына жалпы талаптармен қатар, тағы бір қосымша талап қойылады – олар әскери қызметші болуға тиіс.

Әскери соттар жалпы құзырлы соттар сияқты азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады, ҚР Конституциясының, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, республика халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

4.3. Әскери соттар ісінің соттылығы

ҚР ҚДЖК-нің 293-бабына сәйкес «әскери соттардың (судьялардың) қарауына мынадай қылмыстық істер жатады: 1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 16-тарауында (366-393-баптар) көзделген әскери қылмыстар туралы; 2) шақыру немесе келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларында әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өтуі кезінде запастағы азаматтар өздері

қызметтік міндеттерін орындауына байланысты әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің азаматтық қызметкер адамдары жасаған немесе осы бөлімдер, құрамалар мен мекемелер тұрған жерлерде жасалған барлық қылмыстар туралы; 3) шпионаж туралы».

Азаматтық істерді ҚР АІЖК-нің 30-бабына сәйкес (бұрынғы редакцияда) әскери соттар тек мынадай жағдайларда:

1) егер жергілікті жерлерде жалпы соттар ерекше мән-жайларға байланысты жерлерде әрекет етпесе;

2) әскери сотта қаралып жатқан қылмыспен келтірілген залал өндірілсе;

2) әскери басқарма органының және әскери лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығы туралы мәселе туындаса ғана қараған.

«Кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 ҚР Заңына сәйкес өзгертіліп, жаңа редакция мынадай түрде жазылған: «Азаматтық істердің басқа мамандандырылған соттардың соттауына жатқызылуы осы Кодекспен белгіленеді».

4.4. Әскери соттар жүйесі

Әскери соттар жүйесін үш буын құрайды. Әскери соттар жүйесіндегі түрлі буындар арасындағы істерді ажырату заңда жеке (қылмысты кімнің жасауына қарай) және тектес (жасалған қылмыстың сипатына қарай) белгісі бойынша көзделген. Бұрын қолданыста болған ҚР Президентінің соттар туралы Жарлығы күшін жойғанын атап өткен жөн, әскери соттар ескі сызба бойынша өз жұмысын жалғастырса да, әскери соттар туралы жаңа нормативтік құқықтық акт әлі қабылданған жоқ.

Ескі Заң бойынша төраға мен тұрақты судьялардан тұратын бірлестік (армия, құрама, гарнизон) әскери соттың негізгі буыны болып табылады. Бұл сот аудандық (қалалық) сот мәртебесіне ие, сондықтан тек бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді. Ол подполковникке дейінгі, екінші дәрежедегі капитанды қоса алғанда, әскери атақтары бар адамдардың қылмыстары туралы істерді, сондай-ақ заңнамамен оның қарауына жатқызылған барлық азаматтық істерді қарайды. Бүгінде қолданыстағы сот жүйесі туралы Конституциялық заңда, жоғарыда көрсетілгендей, аудандық соттарға әскери сот гарнизонын теңестірілген.

Заңды күшін жойған соттар туралы Жарлықтың 25-бабына сәйкес *бірінші буын* – бұл «1. Бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) әскери соты әскери соттың төрағасы мен тұрақты судьялары құрамында құрылады.

2. Бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) әскери соты:

1) заңмен оның қарауына жатқызылған істерді қарайды;

2) сот статистикасын талдайды;

3) өзіне заңмен берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) әскери сотының аудандық (қалалық) сот мәртебесі болады және оған Жарлықтың тиісті ережелері қолданылады».

Бірлестіктің әскери соты төрағасының өкілеттігі Жарлықтың 26-бабында айқындалған:

«1. Бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) төрағасы судья болып табылады және әскери соттың жұмысын ұйымдастырады.

2. Бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) төрағасы:

1) судьялардың арасында істерді бөледі және судьяларға басқа да міндеттерді жүктейді;

2) бастапқы саты бойынша істерді қарайды;

3) жеке қабылдау жүргізеді, азаматтарды қабылдау және ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды қарау жөніндегі соттың жұмысын ұйымдастырады;

4) сот статистикасын жүргізу мен талдауды ұйымдастырады;

5) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

6) сот аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, олардың жұмысын ұйымдастырып, бақылайды;

7) судьялардың және сот аппараты қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

9) өзіне заңмен берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады».

Екінші буын – сот төрағасынан, сот алқаларының төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұратын және азаматтық істер жөніндегі сот алқасының, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының құрамында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы әскерлерінің әскери соты. Ол облыстық сот мәртебесіне ие.

Бірінші саты бойынша осы сот полковник және бірінші дәрежедегі капитан әскери атақтары бар адамдар; полк командирінен, бірінші дәрежедегі корабль капитанынан және одан жоғары лауазымдағы және қызмет бабы бойынша соларға тең адамдар жасаған қылмыстар туралы істерді қарайды. Сондай-ақ олар бейбіт уақыт жағдайында өлім жазасы көзделген қылмыстар туралы істерді қарайды.

Осы соттар кассациялық, апелляциялық және қадағалау тәртібімен бірлестіктің (армияның, құраманың, гарнизонның) әскери соты шығарған шешім мен үкім бойынша істерді қарады. 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 ҚР Заңымен кассациялық іс жүргізу тәртібі жойылды, сондықтан бірінші, апелляциялық және қадағалау сатысындағы соттар туралы ғана айту қажет.

Бұрын қолданыста болған Жарлықтың 27-бабында былай делінген:

«1. Республика әскерлерінің әскери соты төрағадан, сот алқаларының төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұрады.

2. Республика әскерлерінің әскери сотында:

1) сот төралқасы;

2) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;

3) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жұмыс істейді.

3. Республика әскерлерінің әскери соты:

1) өз өкілеттіктерінің шегінде бастапқы сатылы сот ретінде шағым (кассация), қадағалау тәртібімен және жаңадан анықталған жағдаяттар бойынша істерді қарайды;

2) бірлестіктердің (армиялардың, құрамалардың, гарнизондардың) әскери соттарына сот қадағалауын жүзеге асырады;

3) сот статистикасын жүргізеді және талдайды, сот практикасын зерделеп, қорытады;

4) өзіне заңмен берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Республика әскерлері әскери сотының облыстық сот мәртебесі болады әрі бүгінде оған соттар туралы Жарлықтың ережелері қолданылмайды.

ҚР әскерлері әскери сотының жүйесінде Әскерлердің әскери соты судьяларының тәртіптік алқасы жұмыс істейді. Судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі осы алқа бүгінде сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 43-бабына сәйкес тәртіптік-біліктілік алқасы деп аталады. Судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру, сот тәжірибесін жинақтау және сот статистикасын талдау, судьяларды және процестің басқа да қатысушыларын қорғау бойынша, сондай-ақ соттың басқа функцияларын орындау бойынша жұмысты қамтамасыз ету мақсатында әскерлердің әскери сотының штатында сот аппараты көзделген. Сот аппаратының көптеген қызметкерлері офицер лауазымындағы әскери қызметшілер болып табылады.

Әскери соттар жүйесіндегі *жоғары буын* генерал (адмирал) әскери атағы бар не құрама командирі және одан жоғары лауазымды атқаратын және оларға тең әскери қызметшілердің қылмыстары туралы істерді бірінші сатыдағы сот ретінде қараған ҚР Жоғарғы сотының әскери сот алқасы болды. Әскери сот алқасы екінші буындағы соттар үшін де кассациялық және қадағалау сатысы болып табылады.

2000 жылдың желтоқсанында ҚР Жоғарғы сотының әскери алқасы таратылып, Сот жүйесін дамыту тұжырымдамасының авторлары атап өткендей, «процессуалды заңнамада көзделгендей сот ісін жүргізуді біріздендіруге қол жеткіздік»⁸⁶. Қазіргі кезде әскери соттар жұмысын жалғастыруда, алайда олардың құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық акт қабылданған жоқ.

5. Облыстық және оларға теңестірілген соттар

Облыстық және оларға теңестірілген соттар (республикалық маңызы бар қалалардың және ҚР әскерлерінің әскери соты) республиканың сот жүйесіндегі екінші буынды соттар болып табылады. Олар әрбір облыста және тиісті

⁸⁶

ҚР сот жүйесін дамытудың тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета. – 2001. – 8 тамыз.

әкімшілік-аумақтық бөліністе құрылады. Аудандық (қалалық) соттарға қатысы бойынша облыстық соттар жоғары тұрған орган ретінде негізгі буындағы соттар шығарған шешімдердің, қаулылар мен үкімдердің заңдылығы мен негізділігіне апелляциялық және қадағалау тәртібімен қадағалауды жүзеге асырады. Облыстық және оған теңестірілген соттың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін бір мезгілде ҚР Жоғарғы соты қадағалайды.

Облыстық соттың құрамы, құрылымы және өкілеттігі. Облыстық соттар төрағадан, сот алқаларының төрағалары мен тұрақты судьялардан тұрады және қадағалау алқасының, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының құрамында жұмыс істейді.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес «1. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі - облыстық соттар) уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

2. Облыстық соттар судьяларының жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді».

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 11-бабына сәйкес «1. Облыстық сот төрағадан, алқалар төрағаларынан және судьялардан тұрады.

2. Облыстық соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттардың жалпы отырысы».

Көрсетілген Заңның 12-бабына сәйкес «1. Облыстық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот статистикасын жүргізеді;
- 3) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 4) облыс соттарының әкімшісі қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады».

13-бапта облыстық сот алқаларының өкілеттігі айқындалған:

«1. Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын - алқалар төрағалары, ал қадағалау алқасын сот төрағасы басқарады.

2. Әрбір алқадағы судьялар саны сот төрағасының ұсынысы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

3. Қадағалау алқасы осы соттың жалпы отырысында жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік дауысымен жыл сайын сайланатын судьяларынан тұрады.

Азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқа жалпы отырыста талқылағаннан кейін дербес құрамын сот төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

4. Сот төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін.

Облыстық сот төрағасы өкілеттігінің ауқымы осы Заңның 14-бабында белгіленген: «1. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) қадағалау алқасын басқарады, алқаларда сот істерін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;
- 4) облыстық соттың жалпы отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 5) алқа төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді;
- 6) облыстық соттың алқа төрағалары мен судьяларына, аудандық соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік іс қозғайды;
- 7) соттың жалпы отырысының ұсынысы негізінде Әділет біліктілік алқасына судья қызметіне кандидаттың тағылымдамадан өту нәтижелері туралы қорытынды жібереді;
- 8) сот статистикасын жүргізуді, сот тәжірибесін зерделеуді ұйымдастырады;
- 9) өкімдер шығарады;
- 10) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 11) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 12) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстық сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндеті өзінің өкімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

3. Облыстық сот төрағасы орнынан түскен не өкілеттіктерін мерзімнен бұрын өзгедей тоқтатқан жағдайда, оның міндеттері уәкілетті органның шешімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі».

Барлық судьялар облыстық соттарда тиісті төрағалар басқаратын алқалар бойынша бөлінген. Сот алқаларының құрамын облыстық соттың төрағасы бекітеді.

Облыстық соттың сот алқалары заңмен олардың қарауына жатқызылған қылмыстық, азаматтық істерді қарай әрі шеше отырып, бірінші сатыдағы сот ретінде жұмыс істейді.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқаларының қарауына бірінші саты бойынша тізбесі заңда (ҚР ҚІЖК-нің 291-бабының 2-тармағы) көзделген

қылмыстар туралы істер жатады, ал азаматтық істер бойынша соттылық ҚР АІЖК-нің 28-бабында айқындалған.

Заңнамада аудандық (қалалық) соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне (шешімдеріне) шағымдар мен наразылықтарды апелляциялық тәртіппен қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі алқалардың қарауы көзделген.

Сот алқалары заңда көзделген жағдайларда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарауға да құқылы.

Істерді қарау нәтижесі бойынша алқалар шығарған сот актілеріне қадағалау тәртібімен ҚР Жоғарғы Сотының тиісті сот алқаларына наразылық және шағым беріле алады.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 15- бабына сәйкес облыстық сот алқасы төрағасының мынадай өкілеттіктері бар:

«1. Облыстық сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) алқа судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
 - 2) алқа отырыстарында төрағалық етеді;
 - 3) сот төрағасына алқа құрамында мамандандырылған құрам жасақтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 4) сот тәжірибесін зерделеу әрі жинақтау және сот статистикасын талдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
 - 5) соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы хабарлама ұсынады;
 - 6) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.
2. Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқалар судьяларының біріне жүктейді».

Облыстық және оған теңестірілген соттың *жалпы отырысы* соттың төрағасынан, алқалар төрағалары мен облыстық соттың судьяларынан тұрады.

Процессуалды функцияларды жалпы отырыс аудандық (қалалық) соттардың заңды күшіне енбеген сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін текере отырып, бірінші сатыдағы сот ретінде ғана жүзеге асырады. Сонымен қатар процессуалды заңнамада көзделген жағдайларда жалпы отырыс жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ұйымдастыру функцияларын жүзеге асыра отырып, жалпы отырыс сот алқалары төрағаларының алқаның қызметі туралы есебін тыңдайды, сот аппаратының мәселелерін және сот тәжірибесін зерделеу әрі сот статистикасын талдау материалдарын қарайды, сондай-ақ оған заңмен берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жалпы отырыстың отырыстарында оның мүшелерінің жай көпшілік дауыспен қабылданған шешімдері қаулы түрінде рәсімделеді. Жалпы отырыстың отырысы оның мүшелерінің жартысынан астамы болғанды заңды болып есептеледі.

Облыстық соттың жалпы отырысы сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 16-бабына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

«1. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) алқа құрамының санын белгілейді және қадағалау алқасының құрамына судьялар сайлайды;

2) сот жұмысының жоспарын талқылайды;

3) алқалар төрағаларының хабарламаларын тыңдайды;

4) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

5) уәкілетті органға белгілі бір адамды облыс соттарының әкімшісі қызметіне тағайындауға келісімін береді;

6) облыс соттары әкімшісінің өз қызметі туралы есебін тыңдайды;

7) аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураларды қарайды және оның нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасайды;

8) уәкілетті органға облыс соттары әкімшісін қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

9) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және Әділет біліктілік алқасына тиісті қорытынды береді;

10) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2. Жалпы отырыс облыстық сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады.

3. Облыстық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен анықталады».

Облыстық сотта жұмысты ұйымдастыру. Облыстық және оған теңестірілген соттың қызметіне жалпы басшылықты заңмен кең ауқымды өкілеттіктер кешені берілген оның төрағасы жүзеге асырады.

Сот алқаларының төрағаларына алқаның жұмысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттер жүктелген. Осы мақсаттарда олар сот (алқа отырыстарында төрағалық етеді және істі баяндайды, бірінші саты бойынша істерді қарайды), ұйымдастыру (судьяларды тағайындайды және істерді қарау үшін құрамдарды жасақтайды, азаматтардың жеке қабылдауын жүргізеді, алқаның қызметі туралы есептер ұсынады) функцияларды да жүзеге асырады.

Облыстық соттың төрағасы мен сот алқаларының төрағалары *сот кеңсесінің* көмегімен жұмысты ұйымдастырады.

Аталған соттардың аппараты сот төрағасының көмекшісінен, бас консультанттардан, жетекші консультанттардан, сот отырыстары хатшыларынан, сот алақалары хатшыларынан, аға сот орындаушысынан, сот орындаушыларынан, сот приставтарынан, кеңсе меңгерушісінен, мұрағат меңгерушісінен, аға инспекторлардан, инспекторлардан және техникалық қызметшілерден тұрады.

Сот төрағасының көмекшісі төрағаның зерделеуі үшін істер мен материалдарды дайындайды, олар бойынша қорытынды даярлайды, жеке мәселелер бойынша азаматтардың қабылдауын ұйымдастырады, төрағаға сотқа

келіп түскен хат-хабарларды баяндайды, сондай-ақ сот төрағасының жұмысын ұйымдастыруға байланысты басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Кеңсе меңгерушісі хатшылық құрамға басшылықты жүзеге асырады, кеңсе қызметкерлері арасындағы міндеттерді бөледі, олардың жұмысын ұйымдастырады әрі бақылайды, сондай-ақ басқа да функцияларды орындайды.

Консультанттар сотқа келіп түскен шағымдар мен арыздарды зерделейді, сот мүшелеріне сот істерін қарауға дайындау кезінде көмектеседі, сот төрағасы мен сот алқалары төрағаларының жекелеген тапсырмаларын орындайды, сондай-ақ басқа да жұмыстарды орындайды.

Инспекторлар іс қағаздарын жүргізуге, келіп түскен, жөнелтілетін және ішкі құжаттамаға байланысты негізгі жұмыс көлемін жүзеге асырады.

Мұрағат меңгерушісі сотта мұрағат ісін ұйымдастырады: кеңсе қызметкерлеріне құжаттарды мұрағатқа дайындауда және тапсыруда көмек көрсетеді; істердің мұрағатқа келіп түсуін және олардың сақталуын бақылайды; сауалдар бойынша істерді береді; тапсырылған істерді ресімдеудің дұрыстығын тексереді.

Сот алқаларының хатшылары сот алқасына келіп түсетін сот істері мен өзге де материалдардың есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы.

2. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998

3. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 2000

4. ҚР Қылмыстық кодексі. – Алматы, 1998.

5. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 1 шілдедегі № 143 Конституциялық Заңы (заңды күші жойылған).

6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығы (заңды күші жойылған).

7. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета. – 2001. – 8 тамыз.

8. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.

9. 1867 жылғы Әскери Сот Жарғысы.

10. 1924 жылғы КСРО Конституциясы.

11. «Әскери трибуналдар туралы» 1980 жылғы 25 маусымдағы КСРО Заңы.

12. «Кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 ҚР Заңы.

13. Комментарий к Федеральному Конституционному закону «О судебной системе РФ» / В.И.Радченконың редакциялығымен. – М., 1998.

14. *Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М.* Закон о статусе судей в Российской Федерации: Научно-практический комментарий. – М., 1994.

15. Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана. – 2001. – 15-16 наурыз.
16. Гуценко К.Ф., Ковалев В. Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.

7-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғарғы Соттың өкілеттігі

ҚР Жоғарғы Сотының өкілеттігі өз өкілеттігінің шегінде бірінші сатыдағы сот ретінде, апелляциялық тәртіппен, қадағалау тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қараудан тұрады. ҚР Конституциясының 81-бабы мен сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 17-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жалпы құзырлы соттардың қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады». Ол республиканың барлық сот жүйесін басқарады және барлық төменгі тұрған соттардың қызметіне сот қадағалауын жүзеге асырады.

ҚР Жоғарғы Сотының жоғары сот органы ретіндегі жағдайы Конституция мен тиісті заңдарда оған берілген өкілеттіктердің; оны құрудың ерекшеліктері мен тәртібінің сипатына; қаралатын істердің өзгешелігіне, сондай-ақ сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беретін олар шығаратын нормативтік қаулылардың республикада қолданылатын құқық көзіне жататындығымен байланысты.

Бірінші саты бойынша істерді қарау Жоғарғы Сотта іс жүргізу заңнамасында белгіленген жалпы тәртіп бойынша үкім, қаулы, шешім немесе ұйғарым шығара отырып жүргізіледі.

Бірінші саты бойынша қылмыстық істерді қараудың ерекшелігі соттылықтың дербес белгілеріне шарттастырылған олардың өзгешелігі болып табылады. Мәселен, ҚР ҚІЖК-нің 292-бабының 2-тармағына сәйкес бірінші саты бойынша Жоғарғы Соттың қарауына: а) адамның Қазақстан Республикасы Президентінің міндеттерін атқаруы кезеңінде жасаған мемлекеттік опасыздығы туралы; б) адамдардың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы

немесе мүшесі міндеттерін атқару кезеңіндегі жасаған қылмыстары; в) Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың бірінші басшыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты жасаған қылмыстары туралы істер жатады.

Қарауына жататын азаматтық істер заңда нақты айқындалмаған: ҚР Жоғарғы Соты тек істің қаралуына қатысы бар адамның келісімімен кез келген соттан кез келген істі алуға және өзіне іс жүргізуге қабылдауға құқығы бар. Әдетте, бұлар ерекше күрделі немесе айрықша маңызды істер.

Мемлекеттің жоғары сот органы бола отырып, Жоғарғы Сот іс жүргізу заңнамасында көзделген нысандарда соттардың нақты азаматтық, қылмыстық істерді шешуінің заңдылығы мен негізділігін тексеру арқылы төменгі тұрған соттардың сот қызметін қадағалауды жүзеге асырады.

«Егер жергілікті соттардың судьялары жіберген қателерді жоғарыда тұрған сот сатыларында түзетуге болса, Жоғары Соттың шешімін ешкім де сәйкес келтіре алмайды. Сондықтан да мәні бойынша Жоғарғы Сот судьяларының қателесуге құқығы жоқ деп ойлаймын».⁸⁷

Жоғарғы Сот жүзеге асыратын сот қадағалауының нысаны сот істерін апелляциялық тәртіппен, сот қадағалауы тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау болып табылады.

ҚР Жоғары Соты облыстық соттар үшін апелляциялық саты бола отырып, облыстық сот алқасының заңды күшіне енбеген үкімдері мен шешімдеріне наразылықтар мен шағымдар бойынша істерді қарайды. Қадағалау тәртібімен ҚР Жоғарғы Соты республикадағы барлық соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен шешімдеріне ҚР Бас прокурорының наразылығы бойынша (сондай-ақ қылмыстық істер бойынша шағымдар) істерді қарайды. Сонымен қатар, ҚР Жоғарғы Соты, егер тиісті іс бойынша қадағалау тәртібімен осы соттың қадағалау алқасының қаулысы болған жағдайларда, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарауға құқылы.

Жоғарғы Сот жалпы құзырлы соттардың қарауына жататын барлық істер бойынша соңғы сот сатысы болып табылады.

2. Жоғарғы Соттың құрамы мен құрылымы

Негізгі және орта буындағы соттардан айырмашылығы Жоғарғы Соттың судьялық корпусын құрамында төраға, сот алқаларының төрағалары мен тұрақты судьялармен ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген ҚР Президентінің ұсынуы бойынша ҚР Парламентінің Сенаты сайлайды.

⁸⁷

Нарикбаев М. Дорога к правосудию. – Алматы, 1997. 142-бет.

Жоғарғы Соттың сандық құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Президенті белгілейді.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес:

«Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;
- 2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 3) сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды;
- 4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады».

Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы аталған Заңның 18-бабында айқындалған:

«1. Жоғарғы Сот Төрағадан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Жоғарғы Соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттың жалпы отырысы.

3. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады».

3. Жоғарғы Сот төрағасы

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 20-бабына сәйкес «Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) қадағалау алқасын басқарады, алқада сот ісін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;
- 5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының және ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің кандидатураларын енгізеді;
- 6) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;

7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
8) алқалардың жұмысын үйлестіреді;
9) Жоғарғы Соттың Аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның құрылымы мен штатын бекітеді;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) өкімдер шығарады.

2. Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті орган басшысының кандидатурасын ұсынады;

2) соттардың тиісті жалпы отырыстарының қарауына аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына балама негізде кандидатуралар енгізеді;

3) соттардың жалпы отырыстарының қорытындылары негізінде соттардың жалпы отырыстарында қаралған барлық кандидаттардың материалдарын қоса тіркей отырып, тиісінше Жоғарғы Сот Кеңесіне немесе Әділет біліктілік алқасына аудандық сот төрағасы, облыстық сот төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметтерінің бос орындарына балама негізде кандидатуралар ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

5) осы Конституциялық заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, тиісінше Жоғарғы Сот Кеңесіне және Әділет біліктілік алқасына Республика соттары төрағаларының, алқа төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

7) Республика судьяларына "Құрметті судья" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

8) Республиканың судьяларына қатысты тәртіптік іс қозғайды;

9) заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқалардың бірінің төрағасына жүктеледі.

4. Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді».

4. Сот алқалары

Сот алқалары олардың төрағалары мен Жоғарғы Соттың судьяларынан тұрады; олардың құрамын Жоғарғы Соттың Төрағасы бекітеді.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 19-бабында Жоғарғы Сот алқасының құрамы айқындалған:

«1. Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын - алқа төрағалары, ал Қадағалау алқасын Жоғарғы Соттың Төрағасы басқарады.

2. Әр алқадағы судьялар саны Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен соттың жалпы отырысында белгіленеді.

3. Қадағалау алқасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысында жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік даусымен жыл сайын сайланатын судьяларынан тұрады.

Азаматтық істер жөніндегі алқа және қылмыстық істер жөніндегі алқа соттың жалпы отырысында талқылағаннан кейін дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

4. Жоғарғы Соттың Төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқада және қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін».

Көрсетілген Заңға сәйкес Жоғарғы соттың сот алқалары бірінші саты бойынша, апелляциялық, сондай-ақ қадағалау тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот істерін қарайды.

Сот алқалары бірінші сатыдағы сот ретінде ҚР Жоғарғы Сотының құзыретіне Заңмен жатқызылған азаматтық, қылмыстық істерді қарайды және шешеді. Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы шығарған үкімдерге апелляциялық та, қадағалау тәртібімен де наразылық келтірілуі және шағым берілуі мүмкін. Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешімдері оларды жария еткеннен кейін дереу заңды күшіне енеді және тек сот қадағалауы тәртібімен Жоғарғы Соттың Қадағалау алқасына (ҚА) наразылық білдірілуі мүмкін.

Сот алқалары облыстық соттар үшін апелляциялық саты болып табылады. Олар облыстық соттағы сот алқаларының заңды күшіне енбеген үкімдеге және шешімдерге шағым мен наразылық бойынша істерді қарауға құқылы. ҚР ҚІЖК-нің 292-бабының 3, 4-тармақтарына сәйкес: «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы облыстық және оларға теңестірілген соттардың істерді бірінші саты бойынша қарау кезінде шығарған, заңды күшіне енбеген үкімдеріне, қаулыларына апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді апелляциялық тәртіппен қарайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттардың істерді бірінші саты бойынша қарау кезінде шығарған, апелляциялық тәртіппен қаралмаған үкімдері мен қаулыларына;

2) облыстық және оларға теңестірілген соттардың қадағалау алқасының қаулыларына қадағалау наразылықтары, ұсынымдары бойынша істерді қадағалау тәртібімен қарайды».

Апелляциялық қаулылар мен ұйғарымдарға ҚР Жоғарғы Сотының Қадағалау алқасына сот қадағалауы тәртібімен наразылық келтірілуі (ал қылмыстық істер бойынша – шағым берілуі) мүмкін.

Сот функцияларын жүзеге асырумен қатар сот алқаларында сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмыстар жүргізіледі, оларды қарау үшін материалдар дайындалады және т.б.

Жоғарғы Сот алқасының төрағасы

1. Жоғарғы Сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) алқаның сот отырыстарында төрағалық етеді;

2) сот статистикасын жүргізу, заңдарды қолданудағы сот практикасын зерделеу мен жинақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы ақпарат береді;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі (Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 21-бабы).

ҚР Жоғарғы Сотының Қадағалау алқасы Жоғарғы Соттың Төрағасынан және жалпы отырыста жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік даусымен жыл сайын сайланатын судьяларынан тұрады. Қадағалау алқасының сот алқаларынан айырмашылығы сот істерін тек қадағалау сатысы ретінде қарайды; сотпен қатр ұйымдастыру функцияларын да жүзеге асырады.

Қадағалау сатысындағы сот ретінде қадағалау алқасы:

1) бірінші саты бойынша істі қарау кезінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты алқасының үкімдеріне, қаулыларына;

2) апелляциялық және қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде шығарылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа қаулыларына;

3) Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 458-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулысына қадағалау наразылықтары, ұсынымдар бойынша істерді қарайды.

Тұрақты жұмыс істейтін сот алқасынан айырмашылығы Қадағалау алқасының отырысы жиі, қажеттілігіне қарай кемінде айына бір рет өткізіледі.

Қадағлау алқасы оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысқанда заңды болып табылады. Қадағалау алқасының қаулысы дауыс беруге қатысқан Қадағалау алқасы мүшелерінің көпшілік ашық дауыс беруімен қабылданады және оған төрағалық етуші қол қояды.

5. Жалпы отырыс

Ол ҚР Жоғарғы Соты төрағасының, сот алқалары төрағаларының және барлық судьялардың жиналысын білдіреді. Жалпы отырыс үнемі жұмыс істемейді, қажеттілігіне қарай жиі, бірақ кемінде бір жылда екі рет шақырылады. Оның құрамының кемінде үштен екі қатысса, отырысы заңды болып есептеледі.

Жалпы отырыстың қаулысы дауыс беруге қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс санын есептеуді жалпы отырыстың хатшысы жүргізеді. Жалпы отырыстың қаулысы жазбаша түрде ресімделеді және оған Жоғарғы Соттың төрағасы мен жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

Заңнаманы қолдануға байланысты мәселелр бойынша жалпы отырыстың қаулысы республикада бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге олар тек соттардың ғана емес, сонымен бірге қаулыда түсінік берілген, заңды қолданатын басқа да органдар мен лауазымды адамдар үшін міндетті болып табылады. Бұл ҚР Конституциясының 4-бабының 1-тармағынан туындайды, яғни Жоғарғы Соттың жалпы отырысының нормативтік қаулылары қолданылатын құқық көздеріне жатады. Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларына заңнаманы (оның нормаларын) қолдану мәселелері бойынша соттың түсініктері қамтылған және сот ісін жүргізу саласында субъектілердің белгіленген мінез-құлық ережесі тұжырымдалған қаулылар жатады. Республикадағы барлық соттар үшін міндетті болып табылатын мұндай нормативтік қаулылар сот практикасында тек заңнаманы, соның ішінде ҚР Конституциясын қолдану мәселелері бойынша шығарылуы мүмкін. Бұл орайда Жоғарғы сот Конституцияны ресми түсіндіру 72-бапқ сәйкес ҚР Конституциялық Кеңесінің құзыретіне жатқызылғандығын негізге алуға тиіс.

Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 72-бабында былай делінген:

«Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

1) алқа құрамының санын белгілейді және қадағалау алқасының құрамына судьялар сайлайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот практикасында заңдардың қолданылу мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды;

4) Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының хабарламасын тындайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық сот төрағасы мен облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына кандидатураларды талқылайды және тиісінше қорытындылар береді;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыс Хатшысын және ғылыми-консультациялық кеңестің құрамын бекітеді;

8) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

3. Жоғарғы Сот жалпы отырысының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен белгіленеді».

6. Ғылыми-консультациялық кеңес

Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес құрылады, оның құрамы Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша сайланады. Оған Жоғарғы Сот мүшелері, тәжірибелі қызметкерлер мен құқық саласындағы ғалымдар кіреді. Оның құрамына ғылыми-консультациялық кеңестің төрағасы, оның орынбасары, ғалым хатшы, екі секция: конституциялық, азаматтық, еңбек, неке-отбасылық және азаматтық процесс, қылмыстық, әкімшілік құқық және қылмыстық процесс кіреді. Ғылыми-консультациялық кеңес сот тәжірибесін, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының жобаларын, сот тәжірибесі шолуларының жобаларын, әдістемелік хаттар мен басқа да құжаттарды зерделеуге және жинақтауға байланысты материалдардың дайындалуын қамтамасыз етуге арналған кеңесші орган болып табылады. Ғылыми-консультациялық кеңес соттар мен ғылыми заң мекемелері арасындағы байланысты нығайтуға жәрдемдеседі.

Жоғарғы соттың аппараты. Жоғарғы Соттың оны ұстауға бөлінген қаражат шегінде Жоғарғы сот Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Президенті бекітетін өз аппараты, құрылымы мен штаттары болады. Бүгінде жұмыс істейтін 110 адамнан тұратын Жоғарғы Соттың аппараты ҚР Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы № 3315 Жарлығымен⁸⁸ бекітілген.

Аппарат өз өкілеттіктерін жүзеге асыру, сот тәжірибесін жинақтау және сот статистикасын талдау, судьялар мен процеске қатысушыларды қорғау, сондай-ақ соттың басқа да функцияларын орындау бойынша Жоғарғы Сот судьяларының қызметін қамтамасыз етеді.

Жоғарғы Соттың аппараты мынадай құрылымдық бөлімшелерден тұрады:

- Жоғарғы Соттың аппараты;
- Жоғарғы Сот төрағасының хатшылығы;

⁸⁸

ҚР ПУАЖ-ы. – 1997. - № 1- 1-құжат.

- жалпы бөлім;
- ұйымдастыру-талдау басқармасы;
- кадр жұмысы басқармасы;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы;
- баспасөз қызметі;
- халықаралық байланыс және хаттама бөлімі;
- заң шығару жұмыстары жөніндегі сектор;
- редакциялық-баспа бөлімі;
- қаржы бөлімі.

Аппараттың құрылымдық бөлімшелері мынадай функцияларды орындайды: іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру, келіп түсетін істерді, материалдарды, хаттарды, арыздар мен шағымдарды қабылдау, есепке алу және бақылау;

шығыс істерді, құжаттар мен басқа да хат-хабарларды ресімдеу және жөнелту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіру, судьяларды құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету;

Жоғарғы сот жұмысының жұмыс жоспарларын дайындау және әзірлеу; сот тәжірибесін зерделеу және жинақтау, сот статистикасын талдау; сот алқалары, Жоғарғы Сот қызметі туралы есептер, ақпараттық, шолу және басқа да анықтамалар дайындау;

жалпы отырыстар үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау және т.б. Жұмысты бөлімдерде және басқа да құрылымдық бөлімшелерде меңгерушілер, ал аппараттың барлық жұмысын – аппарат басшысы бақылайды және ұйымдастырады.

Аппарат қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мен жұмыстан шығару Жоғарғы Сот Төрағасына жүктелген.

7. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
3. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998
4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998
5. ҚР Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы № 3315 Жарлығы // ҚР ПҰАЖ-ы. – 1997. - № 1.
6. *Судейменова Г.Ж.* Суд и судебная власть в РК. 1-б. – Алматы, 1999.
7. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
8. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
9. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
10. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
11. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.

12. Нарикбаев М. Дорога к правосудию (запечатленные мгновения). – Алматы, 1997.
13. Верховный суд Республики Казахстан / М.С. Нарикбаевтың редакциялығымен. – Алматы, 1998.
14. Высший судебный орган СССР / Л.Н.Смирновтың және т.б. редакциялығымен. – М., 1984.
15. Борисова Е.А. Апелляция в гражданском и арбитражном процессе. – М., 1997.
16. Скворцов О.Ю. Кассационная инстанция в арбитражных судах. – М., 1988.
17. Чистякова Н.Ф. Верховный суд СССР / М.С. Строговичтің редакциялығымен. – М., 1984.
18. Нарикбаев М.С. Казахстан: судебно-правовая реформа и дальнейшие пути ее совершенствования. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
19. Скитович В.В. Судебная власть как системное образование // Правоведение. – 1978. - № 1.
20. Жуйков В.М. Статус суда, его полномочия, судебная система и виды судопроизводства как условия обеспечения права на судебную защиту. Жинақта: Судебная реформа: итоги, приоритеты, перспективы. – М., 1997.
21. Комментарий к Федеральному Конституционному закону «О судебной системе РФ» / В.И.Радченконың редакциялығымен. – М., 1998.
22. Палеев М.С., Пашин С.А., Савицкий В.М. Закон о статусе судей в Российской Федерации: Научно-практический комментарий. – М., 1994.
23. Суды и их роль в укреплении государственной независимости. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана. – 2001. – 15-16 наурыз.
24. Нарикбаев М. Дорога к правосудию. – Алматы, 1997. – 232-бет

8-тарау. ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ СОТ БИЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. Қазіргі шет елдердегі соттың ролі. Соттарды ұйымдастырудың және қызметінің негізгі қағидаттары

Сот билігі барлық өркениетті мемлекеттерде тұтас сот органдарына жүктелгені белгілі, олардың әрқайсысы жүйедегі орнына қарамастан нақты істерді дербес шешеді.

Демократиялық қоғамда сот билігінің әлеуметтік ролі түрлі заңи тартыстарда құқық үстемдігін қамтамасыз етуде көрінеді. АҚШ-тың француз зерттеушісі Алексиса де Токвила «Демократия в Америке» кітабында әлеуметтік ролін өте дәл келтірген: «Сот төрелігінің ұлы мақсаты зорлық мұратын құқық мұратына өзгертуден, үкімет пен олар пайдаланатын күш арасында құқықтық бөгет орнатудан тұрады»⁸⁹. Сот төрелігі мемлекеттік зорлықты өркениет шеңберіне шығарып қана қоймай, құқық негізінде жеке субъектілер арасындағы тартыстарды да шешеді. Осылайша, сот билігі қоғамдық қарым-қатынасқа әсер ететін пәрменді құрал болып табылады. Қоғамның құқық танымы деңгейі жоғары батыс мемлекеттер үшін сот шешімінің орындалмауына жол беру мүмкін емес әрі кешірілмейді.

Шет мемлекеттердің басым көпшілігінің сот жүйесі неғұрлым кең тараған екі модельдің біреуіне жатады: англосакс (англо-американ) немесе роман-герман (еуропа континенті). Соңғы кездері екі модельдің жақындасу үрдісі байқалғанын атап өткен жөн. Англосакс елдерінде құқық барған сайын сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді заңнамалық реттеуге айналуға, ал континентальды жүйедегі елдерде судьяларға қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеудегі проблемаларды өз шешімдерімен толықтыру құқығы беріледі, яғни соттарға кейбір шамада құқық шығару функциясы берілгенін білдіреді.

Әлемдегі барлық елдердің дерлік Конституциясы сот жүйесінің немесе соттардың түрлерін белгілейді, қандай арнайы соттар жалпы заң құзырындағы соттармен қатар құрыла алатынын көрсетеді.

⁸⁹

Токвил А. де. Демократия в Америке. – М. Прогресс, 1992. – С. 120.

Сот билігі басшылыққа алатын басты ұйымдастыру қағидаты барлық жерде бірдей тек заңға бағынатын судьялардың тәуелсіздігі, оның кепілдіктерінен ажырамас тұтастығында; қызмет атқарған уақытында ауыстырылмайтындығы, иммунитеті, көтермелеудің азаймайтындығы болып табылады.

Бірқатар елдердің Конституциясы халықтың ең алдымен, алқа биі ретінде сот төрелігін атқаруға қатысуын көздейді.

Сот төрелігін атқаруды сапалы ұйымдастыру үшін сот шешімдеріне шағым беру құқығы түрінде көрінетін сатылық қағидатының маңызы зор.

Төтенше соттарға тыйым сала отырып, заңды түрде белгіленген соттардың ғана сот төрелігін атқаруының конституциялық қағидаты кең таралған.

Сот процесінің негізгі қағидаты ретінде сот жүйесі қызметі қағидатын бөліп көрсеткен жөн. Сот процесінің кең таралған конституциялық қағидаты жариялылық болып табылады (сот отырыстарының жариялығы, ашықтығы). Бұл қағидат АҚШ, Жапония, Италия, Испания сияқты көптеген демократиялық мемлекеттердің конституцияларында бекітілген. Судьялардың тек заңмен байланыстылық қағидаты өте кең таралған. Осы қағида судьяның істі шешу кезінде кімнен болсын ешқандай нұсқау алуға тиіс еместігін білдіреді, заңға қатысы бойынша төмен тұрған нормативтік актілердің қаншалықты заңға сәйкес келгенінше маңызы бар.

Сот билігінің континентальды үлгісінің негізгі белгілері соттарды ұйымдастыру мен оның қызметін айқындайтын күшті дамыған заңнамалық база; құқық көзі ретінде сот прецедентін шартты түрде мойындамау, сот шешімдеріне шағым берудің апелляциялық нысанымен қатар кассациялық және теледидарлық нысандарын пайдалану; процесте судьяның белсенді ролі; алқабилері мен әлемдік судьялар институттарының аз таралуы; төмен деңгейдегі кәсіпқой судьяларды ерекше тағайындау; кадрлық функциялар мен өкілеттіктермен бірге толық немесе ішінара судьялық өзін-өзі басқару органдарын құру болып табылады.

Белгілі ресей ғалымы В.Е.Чиркин шет елдердегі сот органдарының мынадай түрлерін бөліп көрсетеді.

1) *Сотқа дейінгі іс қарау* органы, мысалы Франциядағы, Италиядағы медиаторлар, консилиаторлар (делдалдар, бітімшілер). Оларды әдетте муниципалитет-жергілікті өзін-өзі басқару органдары отставкадағы мемлекеттік қызметшілердің ішінен құқық негіздерін білетін және көршілер арасындағы ұсақ дауларды, жалға алу төлемі мәселелерін шешетіндерді тағайындайды. Үндістанда көбінесе көлік бұзушылықтары істерді қарайтын халық соттары; тоталитарлы социализм елдерінде ұсақ дауларды, құқық бұзушылықтарды қарайтын жолдастық соттар қолданылған. Тараптар келіспеген кезде осы соттардың шешімдері бірінші сатыдағы сот бекіткеннен кейін ғана күшіне ие болады. Жолдастық соттардың шешімдеріне сотқа шағым беруге болады.

Мәнісі бойынша, әсіресе беделді әрі өкілеттіктері жоғары қоғамдық соттардың ролін АҚШ-та мекемелердегі әкімшілік соттар, ал Ұлыбританияда - әкімшілік трибуналдар орындайды. Екеуі де әдетте әкімшілік әділетке жатады,

бірақ, мысалы Францияда немесе Италияда әкімшілік әділеттің бірыңғай жүйесін құрамайды. Сонымен қатар, олар тек таза әкімшілік істерді ғана емес, басқа да мәселелерді қарайды (Ұлыбританияда – еңбек, салық даулары, пәтерақы туралы даулар, денсаулық сақтауға байланысты мәселелер және т.б.). Қоғам қайраткерлері, заңгерлер трибунал мүшелері болып табылады, ал мемлекеттік қызметшілер бола алмайды. Осы санаттағылардан АҚШ-та көбінесе әкімшілік судьялар іріктеледі, бірақ соңғылары әдетте осы мекеменің қызметшілері болып табылады. Әкімшілік судьялар мен трибуналдардың шешімдеріне сотқа (мемлекеттік) шағым берілуі, ал АҚШ-та мекеме бастығымен күші жойылуы мүмкін.

2) Қылмыстық істерді, азаматтық және еңбек дауларын және т.б. қарайтын *жалпы құзырлы соттар* («жалпы соттар»). Әкімшілік соттар жоқ кейбір постсоциалистік елдерде олар әкімшілік әділеттің кейбір функцияларын орындайды. Жалпы соттар жүйесі жоғарыда төменге дейінгі соттардың түрлі буындарын қамтиды, бірақ оларды құру тәсілдері әртүрлі. Жалпы соттар төрт үлгі бойынша топтастырылуы мүмкін: англо-американдық (англосаксондық), роман-германдық (еуропалық континентальдық), социалистік және мұсылмандық.

Англосаксондық үлгіде әдетте жоғары соттардың басқаруымен бірыңғай сот жүйесі қолданылады (АҚШ-та жеке федералдық жүйе мен штат соттарының жүйесі бар, бірақ олардың әрқайсысысын бір орган – федерацияның жоғарғы соты немесе штаттың жоғарғы соты басқарады). Англосаксондық үлгіде сот прецеденті кеңінен пайдаланылады, осыдан заң шығару ролі едәуір төмендейді. Судья сот процесінде бәсең, ол тек отырысты жүргізеді және қылмыстық істерде судья мен алқабилерінің өкілеттігі бөлінгендіктен, кінәлілігі туралы мәселені шешеді.

Роман-германдық үлгіде әдетте сотта бір жүйе жоқ, ол - жартылай жүйе. Мамандандырылған әртүрлі сот жүйесінде өздерінің жоғары органдары болады. Сондықтан олар толығымен алғанда ғана «жалпы соттарды» білдіреді. Мысалы, Германияда – бес жоғары федерация соты, Бразилияда да жоғары федералды соттар бірнеше. Бұл орайда сот қызметінің жүйесі кең дамыған заңнамамен айқындалады, сот прецеденті жиі қолданылады; апелляциямен қатар кассациялық және ревизиялық шағым беру тәртібі қолданылады, англосаксондық үлгіде ол жоқ; процесте судья белсенді, ол баға беріп қоймай, дәлелдемелерді өзі де жинайды; «халықтан шыққан судьялар», «кәсіпқой емес судьялар» (ассиздер, шеффендер) судьямен бірге жазаны белгілеуге қатысады.

Әлеуметтік үлгіде: барлық судьялар мен халық заседательдерін таңдау; судьялар мен халық заседательдері құқықтарының теңдігі; әкімшілік-аумақтық бөліністер мен сот округтері шекараларының сәйкес келуі (арнайы сот округтері құрылмайды) тән. Жергілікті кеңес сайлаған сот оның аумағында әрекет етеді, осы аумақтық шекараларында тиісті коммунистік партия (басқарушы) органы да әрекет етеді.

Мұсылмандық үлгі дербес сипатқа ие: мұсылмандық сотқа тек діндес немесе осындай сотқа келіскен адамдар жатады; халық заседательдері, ассистер, алқа билері болмайды; азаматтық, қылмыстық құқықта да процесс жауапкершіліктің өзгеше нысандарымен шариғат ережелері бойынша жүзеге асырылады. Кейбір мұсылман елдерінде сот шешімдеріне шағым беру рәсімі болмайды, тек имамға - қосымша монарх болып табылатын жоғары дін иесіне жүгінеді, мысалы Нигерияда жоғары тұрған мұсылман соттары болады.

3) *Арнайы соттар*: әскери (әскери қызметшілер үшін), жасөспірімдер, еңбек, жер және су даулары, наразылық, коммерциялық (сауда-саттық істері бойынша) және т.б. істері жөніндегі соттар. Осы соттардағы судьялардың кейде заңгерлікпен қатар, басқа да білімдері болады (мысалы, жасөспірімдер істері жөніндегі соттарда педагогикалық), еңбек даулары бойынша соттарда судьялар көбінесе кәсіподақ қайраткерлері болып табылады. Осындай соттарда істер кәсіпқой судьялардың алқасында заседательдерсіз қаралады, процес жеделдетілген, оларда әдетте жоғарыда тұрған ұқсас соттар жүйесі жоқ, кейде жалпы соттар жанындағы бөлімшелер болып табылады. Алайда кейбір елдерде арнайы соттар жүйесі сатылық құрылымда болып келеді (мысалы Германияда).

4) Азаматтардың құқықтары бұзылуына байланысты басқару мәселелері бойынша азаматтың мемлекет шенеуніктері мен органдарымен дауларын қарайтын *өкімшілік соттар* (ерекше тектес арнайы соттар). Бұл соттар кейде министрліктердің, басқару органдарының жанынан құрылады, бірақ олар әдетте тұтас жүйені құрайды: Францияда, Швецияда, басқа елдерде жоғарғы өкімшілік соттар (Францияда – Мемлекеттік кеңес), ірі аумақтық округтердің өкімшілік соттары (бірқатар жағдайларда олар елдің өкімшілік-аумақтық бөліністеріне, облыстардың, провинциялардың шекараларына сәйкес келеді), төменгі өкімшілік соттар. өкімшілік соттар жүйесі кейбір постсоциалистік елдерде де құрылады. Өкімшілік соттарға, егер шенеунік заңды бұзбаса, шағым беруге болмайды, өйткені нақты істерді шешу кезінде шенеунік өз қарауынша қарайды және заң шегінде дербес әрекет етуге құқығы бар (дискрециялық өкілеттіктер).

5) *Кәдімгі құқық соттары* – көсемдер, ақсақалдар қатысатын тайпа соттары. Олар көршілер арасындағы дауларды, жерді, орманды, жайылымдарды пайдалану туралы дауларды, тайпа дәстүрінің негізінде кейбір отбасылық құқық мәселелерін қарайды. Қылмыстық істерді мұндай соттар қарай алмайды. Егер олар заңға қайшы келсе, олардың шешімдері танылмайды. Тайпа соттарының шешімдеріне жалпы құзырлы соттарға шағым беруге болады.

Конституциялық соттар, сондай-ақ жоғары лауазымды адамдардың конституциялық жауапкершілігі мәселелерін қарайтын соттар ерекше орын алады (мысалы, Франциядағы Жоғары сот төрелігі соты, Польшада Мемлекеттік трибунал). Кейбір елдерде священниктердің ісін қарайтын *шіркеу соттары* әрекет етеді, бірақ келушілерді жазалай алады (тәубе ету, шіркеуден аластап шығару). Конституцияда *төтенше соттарды*, яғни конституцияда және заңдарда белгіленгеннен өзгеше тәртіппен құрылатын, сот рәсімдері ережелерінен тыс

әрекет ететін, кейде қылмыстық кодексте көзделмеген жаза қолданатындарды құруға тыйым салынады. Алайда әскери режим жағдайында мұндай соттар әдетте құрылады⁹⁰.

2. Америка Құрама Штаттарының сот жүйесі

Қазақстан Республикасын құқықтық мемлекет ретінде жариялау қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау тетіктерін жасауды жорамалдайды. Осыған байланысты республикада жүргізіліп отырған сот-құқықтық реформасы шетелдік құқықтық құрылыс тәжірибесіне құқықтық институттар мен рәсімдердің өз тиімділігі мен өміршеңдігімен танысу және дәлелдеу мақсатын ескере отырып, осындайларды пайдалану мақсатында қарау қажеттілігін қамтиды.

Ең алдымен АҚШ-тың сот жүйесі мен қылмыстық процесінің оң жақтарына назар аударғым келеді. Бізге осы елдің кез келген саладағы қоғамдық тұрмысының түрі жақтарын құқықтық реттеудің жинақталған тәжірибесін талдау, сынмен қарау, тіпті пайдалану үшін жақсы мүмкіндіктері бар сияқты көрінеді.

Америкалық соттар біртұтас сот жүйесін немесе мемлекеттік құрылымды құрамайды. Мәні бойынша біртұтас америкалық сот жүйесі деп айта алмайсың⁹¹. Америкалық сот жүйесін айтқанда, көптеген бір-бірінен тәуелсіз жүйемен бетпе-бет келеміз. Осы сияқты америка құқығының қайнар көздері де көп. Бір жүйедегі соттар басқа жүйеде әзірленген заңдарға жиі қолданады және түсінік береді. Оның үстінебір және сол іс екі немесе бір-бірін қайталайтын сот жүйесінде қаралуы мүмкін. Осы және басқа да мән-жайлар Құрама Штаттарда сот ісін жүргізу жүйесінің ерекше күрделілігімен байланысты.

Федералды сот жүйесі мен елу штаттың сот жүйесінің құрылымы өзіндік пирамиданы білдіреді. Жалпы бұл жүйелер ұқсас, олардың арасындағы айырмашылық нақты ұйымдастыру мен қызметіне қатысты. Пирамиданың негізі - бірінші сатыдағы соттар. Пирамиданың ең басында - әдетте Жоғарғы сот деп аталатын жоғары сатыдағы соттар. Көпшілік штаттар мен федералдық жүйеде аралық деңгей – аппеляциялық соттар жұмыс істейді. Барлық осы соттар өз сипаты мен сот билігінің тұжырымдамасын ағылшынның жалпы құқық және әділ құқық сотынан алған.

Америкалық соттардың Англия және басқа елдердің соттарынан екі негізгі белгімен: биліктерді бөлу және конституциялық қадағалау құқығымен

⁹⁰ Чиркин В.Е. Конституционное право зарубежных стран. – М.: Юристь, 1997. 301-304-беттер.

⁹¹ Мидар Д. Дж. Американские суды. – Сент-Пол, миннесота, 1991. – 3-бет

ерекшеленеді. Америкалық билікті бөлу тұжырымдамасына сәйкес барлық мемлекеттік билікті үш бөлікке – заң шығару, атқарушы және сотқа бөлуге болады. Билікті осылай бөлудің мақсаты азаматтарды шамалы адамдардың не жеке ұйымның қолына жинақталған билікті теріс пайдалануынан қорғаудан тұрады. Америка саясаты құпиясының ішінде осы қағидатқа құқықтық мемлекеттің де бостандығына кепілдік ретінде негізгі мағына беріледі. Ол АҚШ-тың барлық құрылымдарына тартылған. Сондықтан, штаттардың федералдық соттары мен штат соттары биліктің жеке тармағы, заң шығару және атқарушылық билік тармағына тәуелсіз ретінде әрекет етеді⁹².

Америкалық соттарға тән тағы бір белгі – бұл конституциялық қадағалау құқығы. Америкалық соттар басқа елдердің соттарынан билікті бөлумен ғана емес, сондай-ақ конституциялық қадағалау құқығымен де ерекшеленеді. Құрама Штаттарда жекелеген конституциялық соттар жоқ, кез келген сот федералдық деңгейде немесе штат деңгейінде заң актісінің конституциялығы туралы шешім не штат деңгейінде немесе федералды деңгейде, егер бұл талқыланатын іс бойынша шешім қабылдау үшін қажет болса, атқарушылық билік шешімін қабылдай алады.

Осылайша, сот билігі өз функцияларын нақты сот істерін шешу нысанында жүзеге асырады. Америкалық құқық теориясы сот өз қызметінде тек заңда жазылған қағидаттар ғана сүйенеді деп есептейді. Бұл ретте, судьялар конституциялық заңдарды жасауға тікелей қатыспайды, тек нақты іс бойынша сот шешімдері нысанында халықтың еркін білдіреді деп есептеледі⁹³.

Бірінші сатыдағы соттар. Барлық штаттарда бірінші сатыдағы соттар сот билігі пирамидасының негізін құрайтын төменгі соттар болып табылады. Бұл соттардың саны көп, штатта судьялардың саны үлкен және көптеген істерді қарайды. Олар барлық қалаларда және штаттың графтіктерінде болады. Осы соттарға алғашында талап арыз беріледі, сондықтан олар «бірінші сатыдағы» соттар не «өзіндік құзырлы» органдар деп аталады. Егер заң актілерінде немесе конституция ережелерінде өзгеше көзделмесе, олар кез келген істі қарай алады.

Жалпы құзырлы соттардан төмен «шектеулі құзырлы» соттар тұрады. Жалпы құзырлы соттардан айырмашылығы бұл соттардың құзыреті шектеулі. Әдетте, мұндай соттардың шағын мәселелер бойынша, кейде бір нақты іс бойынша шешім қабылдауға құқығы бар. Мәселен, кейбір штаттарда жол қозғалысы соттар жұмыс істейді, олардың қарауына көше қозғалысы ережелеріне қатысты ұсақ бұзушылықтар жатады.

Федералды соттар. Федералды сот билігі жүйесі штаттағыдай үш қабатты пирамиданы білдіреді. Оның негізінде – бірінші сатыдағы соттар жатады, ең ірісі округтік соттар болып табылады. Орта деңгейде – апелляциялық соттар, жоғарғы басында – Жоғарғы Сот болады.

⁹² Мидар Д. Дж. Американские суды. – Сент-Пол. Миннесота, 1991. – 4-бет.

⁹³ Джекебаев У. Место и роль суда в системе органов государственной власти. Жинақта.: Проблемы реализации судебно – правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. - Астана, 1998.- 29 бет.

Федералдық соттардың құзыретіне федералдық заңнамада көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді және федералдық билікке талап арыздар бойынша және федералдық заңдарды қолдануға байланысты немесе түрлі штаттарда тұратын азаматтар арасында туындайтын, егер бұл ретте талап сомасы 10 000 доллардан асса, даулар бойынша азаматтық істерді қарау кіреді⁹⁴.

Округтік соттар. Федералды сот жүйесін әзірлей отырып, Конгресс Құрама Штаттар мен олардың аумақтарын 94 федералды сот округтеріне бөлді. Әрбір штатта қалай болғанда да осындай бір округ болады. Ірі және көптеген елді мекенді штаттарда бірнеше округтер болады. Әрбір округте Құрама Штаттардың округтік соттары жұмыс істейді. Осы 94 сот федералдық жүйеде бірінші сатыдағы негізгі сот болып табылады. Олардың әрқайсысында кемінде екі судья, ал көбісінде – судьялардың саны екіден жоғары, ал көптеген халқы тығыз орналасқан округтерде 24-тен де көп болуы мүмкін. Округтік сотта бірнеше судья болса да, әрбір нақты істі бір судья штаттың бірінші сатыдағы сотында да жүргізеді.

Округтік соттарда федералды бітімгерлік судьялар деген атпен белгілі лауазымды сот тұлғалары болады. Бұл лауазымды адамдар федералдық сот жүйесінде штаттың сот жүйесіндегі шектеулі құзырлы соттар сияқты роль атқарады. Алайда бітімгерлік судьялар шығарған шешім төменгі соттың емес, округтік соттың қабылдаған шешімі болып саналады.

Апелляциялық соттар 1891 жылы АҚШ Жоғарғы соты мен округтік соттар арасындағы аралық саты ретінде құрылды⁹⁵. Бірінші сатыдағы соттарды ұйымдастыру бірлігі ретіндегі 94 округке қосымша Конгресс тағы да аралық сатыдағы соттардың федералды жүйесінің негізі ретінде 13 федералды сот округін белгіледі. Әрбір мұндай округте осы округ үшін Құрама Штаттардың Апелляциялық соты деп ресми аталатын апелляциялық сот жұмыс істейді.

Апелляциялық сот әрбір географиялық округте азаматтық, қылмыстық істер бойынша да аудандық сот округтерінен келіп түскен шағымдарды қарайды.

Аталған 13 апелляциялық сотта судьялардың сандық құрамы әртүрлі. Көптеген округтерде судьялардың саны 10-нан 15-ке дейінгі аралықта. Судьялардың ортақ санына қарамастан әрбір апелляциялық сот үш судьядан тұратын алқамен шешімді тыңдайды және қабылдайды. Алқа құрамы ұдайы өзгеріп тұрады әрбір айда судьялар «жаңа үштікті» құрайды. Екі немесе одан да көп алқалар арасында бір немесе сол заңдық мәселе бойынша келіспеушілік болған жағдайда соттың істі толық құрамда тыңдауға құқығы бар. басқаша айтқанда, іс тыңдалып, ол бойынша осы соттың барлық судьялары шешім қабылдайды.

⁹⁴ Боботов С.В. Жигачев И.Ю. Введение в правовую систему США. – М: НОРМА, 1997. – 157 бет.

⁹⁵ Правовые системы стран мира / А.Я.Сухаревтің редакциялығымен. – М.: НОРМА, 2001. – 611-бет.

Жоғарғы сот. Федералды сот билігі пирамидасының жоғарғы жағын Құрама Штаттардың Жоғарғы соты құрайды. Бұл АҚШ-тың Конституциясында тікелей аталған жалғыз сот⁹⁶.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Жоғарғы Соттың саны 9 адам болып белгіленді. Судьялардың бірі Құрама Штаттардың Жоғарғы Судьясы болып тағайындалады. Сот Вашингтонда Капитолийден шығысқа қарай орналасқан өз ғимаратында отырыс жасайды.

Жоғарғы Соттың федералдық апелляциялық соттың барлық шешімдерін қадағалау құқығы бар. Ол, егер осы соттар «федералдық мәселелер» бойынша шешім қабылдаған жағдайда, штаттың жоғарғы соттарының шешімдерін қайта қарауға да құзыретті. Штат соттары сияқты, федералдық соттардың да шешімдерді қайта қарау құқығы америкалық сот жүйесіндегі Жоғарғы соттың бірегей ережесіне байланысты еді. Сирек жағдайларда Жоғарғы сот қандай істерді қарау керектігіне өзі шешім қабылдайды.

Жалпы Құрама Штаттардың Жоғарғы соты 65 апелляциялық сотты қадағалау құқығына ие: Құрама Штаттардың 13 апелляциялық соты (барлық мәселелер бойынша) және штаттың 50 жоғарғы соты. Біздің көзқарасымызша, басқа апелляциялық соттарға қатысты осындай ауқымды құқықтарымен тағыда бір апелляциялық сотты дүние жүзінде табу өте қиын.

3. Францияның сот жүйесі

Сот жүйесінің негізі Бесінші республика режимі орнаған кезде, үкімет өтпелі ережелер негізінде (Конституцияның 91-бабы) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу саласында бірқатар реформалар жүргізілгенде 1958 жылы қаланды. Француз сот төрелігі бірнеше қағидаттарға негізделген: алқалы (бірнеше ерекшеліктермен) – бірнеше судьялар шешім қабылдайды; кәсіпқойлық (кейбір ерекшеліктермен, атап айтқанда, алқабилері қатысқанда); кепілдіктермен қатар қамтамасыз етілетін тәуелсіздік (ауыстырылмаушылық әкімшілік әділеттің магистраттарына қолданылмайды). Заң 1977 жылы сот төрелігінің тегін болу қағидатын белгіледі: оны жүзеге асыру кезіндегі шығыстар азаматтық және әкімшілік істерді қарау кезінде мемлекетке жүктеледі. Бұл ереже қылмыстық әділетке қолданылмайды: оны жүзеге асыру кезінде сотталған адам қоғамға және жекелеген адамдарға келтірген залалға қатысты шығыстарды көтеруі қалыпты болып есептеледі. Тағы да бір қағидат – сот төрелігі алдындағы теңдік және судьялардың бейтараптығы, істерді жариялы қарау (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) және істі екі жақты, яғни бірінші және апелляциялық сатыларда кейбір ерекшеліктерді қоспағанда (елеулі емес тәртіпсіздіктер бойынша, 7 мың франктен аз сомамен талап арыз бойынша), қарау мүмкіндігі. Әрқашанда кассациялық шағым беруге мүмкіндік бар.

⁹⁶

Францияда - сот төрелігін жүзеге асырудың бес түрлі тамағы бар:

1) қоғамдық соттар, ұсақ дауларды қарауды кәсіпқой емес судья-медиаторлар (делдалдар) жүзеге асырады; негізінен бұлар отставкадағы судьялар, юриспруденцияны білетін шенеуніктер. Оларды жергілікті кеңес-муниципалитеттер тағайындайды, елде олар мыңға жуық адам; қылмыстық және азаматтық істерді қарайтын жалпы құзырлы соттардың сатылы жүйесі; істі не бір судья, не бірнеше кәсіпқой судьялар алқабилерінің қатысуынсыз қарайды; 2) түрлі арнаулы соттар (кәмелетке толмағандар, әскери қызметшілер үшін және т.б.); 3) әкімшілік соттардың сатылы жүйесі; 4) алқа билері соттарының ерекше буыны; 5) сонымен қатар, кейбір квази сот органдары әрекет етеді (мысалы, Есеп палатасы жанындағы – бюджеттік және қаржы тәртібі соты).

Сот төрелігі жүйесінде негізгі рольді жалпы құзырлы соттар атқарады. Олардың жүйесіндегі ең төменгі саты – кіші сатыдағы трибуналдар (қылмыстық істерді қарау кезінде оларды полиция соттары немесе полиция трибуналдары деп атайды). Оларды департаменттің бас қаласында (егер департамент шағын болса), орталық қалада сот округінде немесе кантонда құрылады. Трибуналдың құрамында бірнеше судья болады, бірақ істерді судья жеке-дара қарайды.

Жалпы тәртіп бойынша (алқабилері соттарын қоспағанда) қылмыстық және азаматтық істер бір сот мекемесінің қарауында болады. Францияның сот жүйесі көп сатылы, оларды екі тармаққа – жеке сот жүйесі және әкімшілік соттар жүйесіне бөлуге болады. Сонымен қатар, арнаулы мақсаттағы соттар да болады. Кіші сатыдағы трибуналда істерді судьялар жеке дара қарайды, бірақ соттар бірнеше магистранттардан тұрады. Осы соттағы магистраттар үш жылға іссапарға жіберілетін (мерзімді ұзартуға болады) үлкен сатыдағы трибуналдың судьялары болып табылады. Кіші сатыдағы трибунал 20 мың франктен аспайтын талап арыз сомасымен барлық азаматтық істерді қарайды, әрі бұл жағдайда 7 мың франкке дейін талап арыз бойынша апелляциялық шағым беру мүмкіндігі жоқ, Қылмыстық істерді қарау кезінде осы сот полиция трибуналы деп аталады. Оның екі айға дейін бас бостандығынан айыратын және (немесе) 6 мың франктен төмен айыппұл салатын бұзушылықтарды қарауға құқығы бар. Кейбір жағдайларда трибунал бірқатар нотариаттық іс-әрекеттерді орындай алады, мүлікті мүлікке белгі соға алады, азаматтық туралы құжаттар бере алады және т.б.

Үлкен сатыдағы трибунал бір департаментке келеді, үлкен департаменттерде осындай трибуналдардың бірнешеуі бар (барлығы 181). Бұл трибуналдар палаталарға бөлінеді (аз дегенде азаматтық істер бойынша және түзеу соты). Трибунал азаматтық істерді, меншік туралы талап арыздарды, айрылысу туралы істерді, азаматтық туралы дауларды және т.б. қарайды. Үлкен сатыдағы трибуналдардың жанынан қайта тағайындау мүмкіндігімен үш жылға тағайындалатын тергеу судьялары жұмыс істейді. Кейбір осындай трибуналдарда бірнеше судьялар болуы мүмкін (Парижде - 70). Болмашы істер бойынша тергеуді полиция жүргізеді. Үлкен сатыдағы трибунал түзеу соты ретінде отырыс

жасағанда, ол алқалық құрамды жұмыс істейді, кейбір істер бойынша құрамында бір судьямен де отырыс жасай алады.

Францияда құзырына 2-ден 4-ке дейін департамент кіретін 34 апелляциялық сот әрекет етеді. Мұндай соттардың құрамы әртүрлі: Парижде мұндай соттардың 25 палатасы бар, ал төрт сотта – тек біреу, ол қаралатын істің сипатына қарай атауын өзгертіп тұрады. Апелляциялық сот өз шешімін әрқашан алқалы түрде шығарады. Апелляциялық соттың азаматтық-құқықтық бөлігі ең аз дегенде, екі палатаны – азаматтық бойынша және әлеуметтік істер бойынша қамтиды. Саудасаттық істері бойынша палата жиі болады. Осындай соттың құрамында айыптау палатасы болады, оның функцияларының бірі сот полициясының офицеріне (ІМ офицерлері мен әскери жандармерия және т.б.) қатысты тәртіптік сот функциясы болып табылады. Осы сотта сондай-ақ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі палата да жұмыс істейді. Апелляциялық сотқа қарамастан әрбір департаментте алқабилері соты болады; кәмелетке томағандардың істері жөніндегі алқабилерінің соты да болады; осы соттардың шешімдеріне шағым беру Кассациялық сотта жүргізіледі. Алқабилері сотының құрамы – үш мүшесі болады, оның төрағасы міндетті түрде апелляциялық соттың мүшесі болып табылады. Соттың құрамына сайлаушылардың тізімі бойынша іріктелетін 9 алқабии кіреді. Сот сессиялық тәртіппен жұмыс істейді. Сессия ашылар алдында соттың бірінші төрағасы жеребе арқылы 35 алқабиин және 10 орынбасарды таңдайды; осы адамдардан алқабилерінің алқасы жасақталады. Алқабиинің міндеттерін орындаудан бас тарту айыппұлмен жазаланады.

Францияда арнаулы мақсаттағы сот органдарының едүәір саны жұмыс істейді: екі дәрежедегі сайлау арқылы коммерсанттар жасақтайтын сайда-саттық соттары, үйлердің жанындағы кеңестер (барлығы елде 281). әрбір кеңес саудасаттық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласында, қызмет көрсету саласында істерді қарайтын 5 секцияны қамтиды. Басымды негіздерде жалданушы қызметкерлердің өкілдері мен кәсіпкерлерді қамтитын кеңестер еңбек келісімдеріне қатысты істерді қарайды. Сонымен қатар, басымды негізде құрылатын және жалға беруші мен жалға алушының арасындағы дауларды қарайтын жалға алу істері жөніндегі 409 сот әрекет етеді.

Әскери соттар – түзеу трибуналы және алқабилерінің соты - Әскер әділет кодексiне сәйкес істерді қарайды. Соғыс кезінде, сондай-ақ қоршауда қалған уақытта немесе төтенше жағдайда аумақтық қарулы күштер трибуналдары және жоғары қарулы күштер трибуналы әрекет етеді.

Францияда жеке ретінде Мемлекеттік кеңес басқаратын әкімшілік әділет тармағы жұмыс істейді; оған әкімшілік және апелляциялық әкімшілік соттар кіреді.

Жоғары сот төрелігі соты. Бұл орган республика Президентінің мемлекеттік опасыздығы үшін жауапкершілігін іске асыру үшін құрылды. Ол Францияның сот жүйесіне кірмейді.

Конституцияның 67-бабының 2-тармағына сәйкес Жоғары сот төрелігі сотының мүшелерін Ұлттық жиналыс пен Сенат өз құрамынан әрбір толық немесе ішінара палаталарды жаңартқаннан кейін бірдей сайлайды. Сот өз мүшелерінің ішінен төрағаны сайлайды.

Жоғары сот төрелігі соты туралы органикалық заңды қамтитын 1959 жылғы 2 қаңтардағы Ордонанс соттың Парламент палаталарының жасырын дауыс беруімен және тиісті палаталар мүшелерінің абсолюттік көпшілік даусымен сайланатын 24 тұрақты судьядан және 12 орынбасардан тұратынын белгіледі. Ұлттық жиналыстан Соттың мүшелері осы палаталардың өкілеттік мерзіміне сайланады. Сенат өз мүшелерін әрбір тұрақты өзінің ішінара жаңартуынан кейін сайлайды. Осындай тәртіппен Сот төрағаны және оның екі орынбасарын сайлайды. Прокурорсыз кеңесетін Кассациялық сот Бюросы жыл сайын Жоғары сот төрелігі соты үшін бес тұрақты мүшеден және екі орынбасардан тұратын тергеу комиссиясын тағайындайды. Оның кезінде прокурордың міндеттерін ол тағайындаған бірінші бас адвокат пен екі басқа бас адвокаттан тұратын Кассациялық сот жанындағы Бас прокурор орындайды.

Жоғары сот төрелігі соты Парламент палаталары Президентті сотқа тартқанда және тергеу комиссиясы жүргізген тергеуден кейін Президенттің, оның бірге қатысушылары мен дем берушілерінің айыптылығы туралы және айыбы анықталса, жазалау шарасы туралы құпия дауыс берумен және абсолюттік көпшілік дауыспен шешім шығарады. Бұл шешімдер шағым беруге жатпайды. Жоғары соттың тәжірибесінде қандай да бір істерді қарау болған жоқ.

Республиканың сот төрелігі соты. Бұл орган Үкімет мүшелерінің лауазымды қылмыстары немесе қылықтары үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы істерді қарау үшін конституциялық қайта қарау нәтижесінде 1993 жылы құрылды. Бұрын Үкімет мүшелерінің жауапкершілігі республика Президентінің жауапкершілігіне ұқсас болды, ал азаматтар министрлердің өз міндеттерін бұзуына шағым жасай алмады. Республиканың сот төрелігі соты сот жүйесіне де кірмейді, ал оның мәртебесі 1993 жылғы Республиканың сот төрелігі соты туралы Органикалық заңмен мұқият реттелген.

Конституцияның 68-2-бабының 1-бөлігіне сәйкес Сот оларды толық немесе ішінара жаңартқаннан кейін Ұлттық жиналыс пен Сенат бірдей сайлайтын 12 парламентарийден және үш сот магистранттан тұрады, олардың біреуі төраға болып табылады.

Сотқа министрдің әрекетімен оның мүддесіне нұқсан келді деп санайтын кез келген адам жүгіне алады. Арыз Кассациялық соттың үш судьясынан, екі мемлекеттік кеңесшіден (яғни Мемлекеттік кеңестің мүшелерінен) және Есептік соттың екі кеңесші-мәрінен тұратын шағымдар жөніндегі комиссияға жіберіледі. Комиссия істі тергеп, сондан кейін оны Кассациялық сот жанындағы Бас прокурорға беру туралы шешім қабылдайды. Ол өз кезегінде Республиканың сот төрелігі сотына жолдайды. Сұрауды алғаннан кейін Сот Кассациялық соттың үш кеңесшісінен тұратын тергеу жөніндегі комиссияға Үкімет мүшелерінен жауап

алуды жүргізуді және шешім қабылдауды – істі сотқа жіберуді немесе қудалауды тоқтатуды тапсырады. Істі қарау кезінде Сот қылмыстардың немесе қылықтардың сипатына қатысты Қылмыстық кодекстің нормаларымен байланысты. Республиканың Сот төрелігі сотының шешіміне Кассациялық сотқа шағым бере алады.

Сот билігіне арналған Конституцияның тарауы өте келте. Егер сот органдары тәуелсіздігінің кепілі және Жоғары магистратура кеңесі мәртебесінің негізі ретінде Президенттің функцияларын есептегенде, Конституция тек судьяның ауыстырылмайтындығын (64-баптың 4-бөлігі) және сот билігі жеке бостандық күзетінде (66-баптың 4-бөлігі) тұратынын белгілейді. Конституцияның өзге бөлімдері Жоғары сот төрелігі соты (67, 68-баптар) мен Республиканың сот төрелігі соты (68-1-68-3-баптар) мәртебесінің негіздерін реттейді. Қалған соттардың мәртебесі 1978 жылы декретпен бекітілген және түрлі заңдарда қамтылған заң ережелерінің жүйелендірілген ережесін басқаратын (жоғарыда аталған Сайлау кодексіне ұқсас) Сот құрылысы кодексімен реттеледі.

Жанжалдар жөніндегі трибунал. Сот жүйесі тармақтарының түрлі болуы олардың арасында қайшылықтардың пайда болуына мүмкіндік туғызады. Құзыреті туралы дауларды шешу Жанжалдар жөніндегі трибуналға арналған. Оның мүшелерді сегіз, үш-үшеуден тиісінше Кассациялық сот пен Мемлекеттік кеңесші сайлайды. Осы алты мүше тиісті органдағы өз әріптестерінің ішінен Трибуналдың тағы екі мүшесі мен екі орынбасарын сайлайды. Әрбір үш жылда қайта сайлау жүргізіледі. Әділет министрі нақты Трибуналдың төрағасы болып саналады, ал нақтығында оған ол тағайындайтын вице-төраға басшылық етеді. Сонымен қатар, декретпен Трибуналдың құрамына прокуратурадан Мемлекеттік кеңестің баяндамашылары мен Кассациялық сот жанындағы бас адвокаттардың ішінен екі мүше мен екі орынбасар тағайындалады.

Прокуратура органдарының лауазымды адамдары Францияның судьялық корпусына өте жақын екенін атап өткен жөн, өйткені олар бірдей дайындықтан және өз карьерасының барысында кейде прокурордан судьялыққа және керісінше өтеді⁹⁷.

2000 жылы саяси күнтізбе Францияда елдегі алдағы болатын қолданылып жүрген юриспруденцияны атқару жүйесіне елеулі түзетулер енгізетін заңнамалық құжаттарды қабылдау мен қолдануға байланысты қызу дебаттар ашылды.

Юриспруденция жүйесін реформалау қажеттігі туралы алғашқы ойды 1996 жылы желтоқсанда Франция Президенті Ж.Ширак айтты. Содан бері ол бірнеше мәрте өзінің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде осы тақырыпқа қайта оралып отырды.

Реформа маңызы бойынша ерекшеленетін жеті құжатты қабылдауды жобалайды, олардың ішінен төртеуі ерекше маңызды:

⁹⁷

1. «Жоғары Судья Кеңесі туралы (ЖСК)» - Конституцияның ережелеріне аса маңызды өзгерістер көздейтін негізгі реформа құжаты, құжат судья қызметіне мемлекеттің әсерін бәсеңдетуге, Кеңесте судьялық корпусстың үш кәсіподағының өкілдігін міндетті түрде енгізе отырып, ЖСК тенгерме құрамын өзгертуге бағытталған.

2. «Кеңсе мен прокуратураның өзара қарым-қатынастары туралы» - осы құжатқа сәйкес Әділет министрлігінің прокуратураға әсері едәуір бәсеңдейді, оның әрбір қаралатын іске араласуы тоқтатылады. Алайда Министрліктің қылмыстық саладағы жалпы саясат саласындағы ролі сақталады.

3. «Кінәсіздік презумпциясы туралы» - қамауға алынған сәттен (алдын ала қамау) бастап адвокаттың қатысуы тәжірибесін енгізу арқылы заң саласындағы осы жағдайды бекітуге, қамауға алу және қамауда ұстау (соның ішінде уақытша) мәселелеріне жауапты судья институтын енгізуге арналған.

4. «Судьялардың жауапкершілігі туралы» - құжат судьяларды ауыстыру, тәртіптік жазаның жариялығы тәжірибесін енгізуді және сотталғандар мен сотталушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссия институтын құруды көздейді.

Осылайша, Францияның сот жүйесі қызметін демократияландыру және тиімділігін арттыру процесі қарқынды даму сатысында тұр.

4. Венгриядағы сот билігінің моделі

Венгрияның Конституциясына сәйкес соттар конституциялық құрылысты, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды және қамтамасыз етеді, қылмыс жасаған адамдарды жазалайды. Олар жариялы әкімшілік шешімдерінің заңдылығына бақылау жасайды. Судьялар тәуелсіз және тек заңға бағынады. Олар партияларда бола алмайды және саяси қызметпен айналыса алмайды⁹⁸.

Венгрия Республикасының сот органдары мәртебесінің негізі Венгрия Конституциясында және 1997 жылы қабылданған «Соттарды ұйымдастыру және басқару жөніндегі» Заңда жазылған. &50 параграфқа сәйкес соттар конституциялық құрылысты, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды және қамтамасыз етеді, қылмыс жасаған адамдарды жазалайды. Олар жариялы әкімшілік шешімдерінің заңдылығына бақылау жасайды.

Республика Президенті барлық кәсіпқой судьяларды тағайындайды (& 48 2-бөлік).

Судьялар тәуелсіз және тек заңға бағынады. Олар партияларда бола алмайды және саяси қызметпен айналыса алмайды. Соттар туралы заңында халық заседательдері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде қандайда болмасын саяси қызметтен қалыс қалуға міндеттілігі көзделген. Сот төрелігін атқаруға қатысуға

⁹⁸

Правовые системы стран мира / А.Я.Сухаревтің редакциялығымен. – М.: НОРМА, 2001. –135--бет.

байланысты әрекеті үшін кәсіпқой судьялар мен халық заседательдері Республика Президентінің келісімінсіз Бас прокурордың бастамасы бойынша берілетін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартыла алмайды; осы жағдайларда әділет министрінің, ал егер сөз Жоғарғы соттың судьясы туралы болса, Жоғарғы сот төрағасының пікірі сұралады.

Сотталмаған, 24 жасқа толған және сайлау құқығы бар венгер азаматы судья және халық заседательсі бола алады (ассессор) бола алады. Судьялыққа үміткерлерден тиісті мамандығы бойынша аяқталған университеттік білімі де талап етіледі. Халық заседательдерін партиядан басқасы, тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері ұсынады. Оларды тиісті өкілетті жергілікті өзін-өзі басқару органы төрт жыл мерзімге сайлайды.

Венгрия Республикасында сот төрелігін мынадай судьялар атқарады:

Жоғарғы сот, Өңірлік сот, Округтер соттары, немесе астанадағы Будапештің Муниципалды соты (бұдан әрі округтік сот деп аталады), жергілікті және аудандық соттар (бұдан әрі – жергілікті сот), Еңбек соты. Жергілікті судьялар бірінші саты болып табылады. Еңбек соттары еңбек қатынастарына тән сипаттағы еңбек және заң қатынастарына байланысты туындаған істерде бірінші саты болып табылады. Еңбек соттары астанада және округтерде әрекет етеді.

Округтік соттар Заңда белгіленген жағдайларда бірінші сатыдағы соттар болып табылады және екінші сатыдағы жергілікті соттардың шешімдеріне қарсы берілген апелляцияларды қайта қарайды. Округтік соттар палаталар, топтар, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, экономикалық алқалар құрамында әрекет етеді. Алқалар бірлесіп әрекет ете алады. Әскери палаталар Заңда белгіленген жағдайларда бірінші сатыдағы процесті тағайындалған округте және тиісті заң құзыры кезінде жүргізеді.

Өңірлік сот Заңда белгіленген жағдайларда жергілікті немесе округтік соттардың шешіміне қарсы берілген құқықтық қорғау құралдарын қолданылуы туралы шешім шығарады, сондай-ақ оның құзырлығына қатысты басқа да істерді тергейді. Өңірлік соттың құрамында палаталар, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық сот алқалары болады. Будапештің муниципалды өңірлік соты әкімшілік сот алқасын да пайдаланады.

Венгрия Республикасының жоғары сот органы – Жоғарғы сот.

Жоғарғы сот:

- Заңда тұжырымдалған жағдайларда округтік соттың немесе жергілікті соттың шешіміне қарсы берілген соттың қорғау құралдарын қолданылуы туралы қорытынды шығарады;

- өтінішті қайта қарау туралы шешім шығарады;

- соттарға қолданылатын міндетті бірыңғай шешімнің қабылдануын бекітеді;

- оның құзырлығына жататын істер бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырады.

Барлық деңгейдегі соттарды Президент басқарады.

Сот кәсіпқой судьялар мен халық заседательдерінен құралған құрамда шешім шығарады, алайда заңда осы ережеден ерекшеліктерді көздеуі мүмкін (Конституцияның & 46). Бірінші сатыдағы сот істі қарау кезінде олармен тең кәсіпқой судьялардан (төрағалық етушіден) және екі халық заседательдерінен тұрады; жекелеген жағдайларда істерді кәсіпқой судьялардың жеке-дара қарауына жол беріледі. Екінші сатыдағы соттың құрамы үш кәсіпқой судьяны қамтиды.

Соттар туралы заңға сәйкес сот ісі, әдетте, ашық жүргізіледі. Сот ісін жүргізу тілі – венгерше, бірақ оны білмейтін процеске қатысушыларға зиян келтірмеуге тиіс және ана тілдерін пайдалана алады. Айыпталушының қорғау және қорғаушыны таңдау құқығы бар. іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда қорғаушының тағайындалуы міндетті. Бірінші саты бойынша шығарылған сот шешімі, әдетте, шағым беріле алады.

Жоғарғы сотта қылмыстық, азаматтық, экономикалық, еңбек және әкімшілік салаларға маманданатын бірыңғай сот ісін жүргізу палатасы әрекет етеді.

Сот басқаруына судьялар қоғамдастығы қатысатын органдар облыстық судьялар кеңестері мен Венгер судьялар кеңесі сайлайтын жыл сайынғы облыстық судьялардың кеңесі болып табылады.

Венгрияның құқықтық жүйесінде Конституциялық соттың ролі жоғары. Осы органның мәртебесінің негізі Конституцияның & 32-а параграфында реттелген. Оның құзыретіне құқықтық нормалардың конституциялығын тексеру және оларға заңмен жүктелген басқа да міндеттерді шешу кіреді. Конституциялық емес нормаларды сот күшін жояды. Конституциялық сотта заңда көзделген жағдайларда кез келген адам іс қозғай алады.

Конституциялық сот депутаттардың 2/3 көпшілік даусымен Мемлекеттік жиналыста сайланатын 11 мүшеден тұрады. Үміткерлерді комитет ұсынады, оның құрамына әрбір партиялық депутаттық топтардан бір-бір мүшеден кіреді.

Конституциялық соттың мүшесі осы органның құзыретіне байланысты шектерден тыс партияларда бола алмайды және саяси қызметпен айналыса алмайды.

Конституциялық сотты ұйымдастыру мен оның қызметін реттейтін заң Мемлекеттік жиналыстың депутаттары қатысатын 2/3 даусымен қабылданады. Қазіргі кезде 1989 жылғы өзгерістермен бірге Конституциялық сот туралы ХХХІІ заң қолданылады.

Осы заңға сәйкес Конституциялық сот жекелеген заң жобаларының, қабылданған, бірақ жарияланбаған заңдардың, Мемлекеттік жиналыстың регламентінің, халықаралық шарттар ережелерінің конституциялығын алдын ала бақылауды және құқықтық нормалар мен өзге де мемлекеттік басшылықтың құқықтық құралдарын конституциялығын кейіннен бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ құқықтық нормалар мен өзге де мемлекеттік басшылықтың құқықтық құралдарының халықаралық шарттарымен айырмашылықтары туралы істерді шешеді және абайсызда жіберілген конституциялық еместі жояды. Ол

конституцияда кепілдік берілген құқықтардың бұзылуына, сондай-ақ жариялы билік органдары арасындағы құзыретті тартыстарға конституциялық-құқықтық шағымдарды қарайды. Конституциялық соттың құзыретіне сондай-ақ Конституцияның ережелерін түсіндіру кіреді.

Заң білімі бар және сотталмаған, 45 жастағы венгер азаматы Конституциялық соттың мүшесі бола алады. Құқық білімдері бар адамдардан, университеттік профессорлардан, заң ғылымдарының докторынан немесе заң мамандығы бойынша кемінде 20 жыл жұмыс стажы бар адамдардан сайлау керек. Өтіп кеткен төрт жыл ішінде Үкіметтің мүшесі не партиялық функционер болған, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілікте басқарушы қызмет атқарған адам Конституциялық соттың мүшесі етіп сайлауға болмайды. Конституциялық сот мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 9 жыл және қайта сайлауға жол берілмейді. Конституциялық соттың мүшелері үшін шекті мерзімі – 70 жыл.

Өз құрамынан Конституциялық соттың мүшелері үш жылға өз мандаты мерзімі шегінде Конституциялық сотта қайта сайлануы мүмкін төрағасы мен оның орынбасарларын сайлайды.

5. Ресей Федерациясының сот жүйесі

Сот жүйесі - заңда белгіленген нысанда (яғни сот ісін жүргізу нысанында) сот төрелігін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесін сипаттайтын ұғым⁹⁹.

Ресей Федерациясының сот жүйесі Конституцияның 2-бабына сәйкес РФ Конституциясында және федералды Конституциялық заңда белгіленген.

1996 жылғы 31 желтоқсандағы «Ресей Федерациясының сот жүйесі туралы» федералды конституциялық заңда елдің сот жүйесінің құрамы аталған, онда былай деп жазылған: «Ресей Федерациясында Ресей Федерациясының сот жүйесін құрайтын федералды соттар, конституциялық (жарғылық) соттар және субъектілердің бітімгерлік судьялары әрекет етеді».

Бір мезгілде осы Заң сот жүйесін ережені бекітіп, федералды соттарға және Федерация субъектілерінің соттарына бөлді: федералдық соттарға: жалпы құзырлы федералдық соттар жүйесін құрайтын РФ Конституциялық соты, РФ Жоғарғы соты, республиканың жоғарғы соттары, өлкелік және облыстық соттар, федералдық маңызы бар қалалардың соттары, автономиялық облыстардың және автономиялық округтердің соттары, аудандық соттар, әскери және мамандандырылған соттар, федералды төрелік соттар жүйесін құрайтын Ресей Федерациясының Жоғары төрелік соты (РФ ЖТС), федералды төрелік сот округтері, Федерация субъектілерінің төрелік соттары («Ресей Федерациясындағы төрелік соттар туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі РФ Конституциялық заңы) жатады.

⁹⁹ Кавешников Е.М., Марченко М.Н., Стешенко А.А. Конституционное право стран Содружества Независимых Государств. – М.: НОРМА-ИНФРА, 1999. – 360-бет.

«Ресей Федерациясының сот жүйесі туралы» федералды контситуциялық заңда жалпы құзырлы сот жүйесінің құрылымы тұтастай айқын жазылған. Онда төрт буынды ретінде көзделген, сонымен қатар, оған буындылықтың ең жоғары деңгейінде біріге отырып, әскери соттардың автономдық жүйесі кіреді.

Жалпы құзырлы сот жүйесінің орталығы азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және жалпы құзырлы соттардың қарауына жататын өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылатын РФ Жоғарғы соты болып табылады; федералды заңда көзделген іс жүргізу нысандарында әскери және мамандандырылған федералды соттарды қоса алғанда, жалпы құзырлы соттардың қызметіне сот қадағалауын жүзеге асырады; өз құзыреті шегінде екінші сатыдағы сот ретінде, қадағалау тәртібімен және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша, ал федералды заңда көзделген жағдайларда – сондай-ақ бірінші сатыдағы сот ретінде істерді қарайды, сонымен қатар республиканың жоғары соттарына, өлкелік (облыстық) соттарға, федералдық маңызы бар қалалардың соттарына, автономиялық облыстардың және автономиялық округтердің соттарына, әскери округтердің, теңіз, әскер түрлері мен топтарының әскери соттарына қатысы бойынша тікелей жоғары тұрған сот сатысы болып табылады, сондай-ақ сот тәжірибесі мәселелер бойынша түсінік береді.

РФ Конституциясының 46-бабында жазылған әркімнің құқықтары мен бостандықтарын соттың қорғау құқығы бұзылған немесе даулы құқықтарын немесе заңмен қорғалатын мүддесін қорғау үшін сотқа жүгіну мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ әркімнің заңда белгіленген тәртіппен шығарған заңды күшіне енген, күшіне енген шешімдерге шағым беру мүмкіндігін де қамтиды.

Наразылықтар бойынша істерді қадағалау тәртібімен қарайтын соттардың бірі РФ Жоғарғы сотының Төралқасы болып табылады. РФ АІЖК-нің 321-бабының 3-тармағының негізінде РФ Жоғарғы Сотының Төралқасы Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының, РФ Әскери алқаның және Әскери соттың шешімдері мен ұйғарымдарына наразылық бойынша істерді қарайды. Кейбір ерекшеліктерімен бірге қылмыстық істерді қарау жөніндегі Төралқаның өкілеттігі ұқсас.

Егер бұрын қадағалау тәртібімен істерді қарау өкілетті және атқару билік органдарының хаттары, БАҚ материалдары және сот тәжірибесінің қорытындылары бойынша орын алса, қазіргі кезде қадағалау тәртібімен наразылық келтіру үшін негіздердің болуы туралы мәселені шешу үшін істі талап етуге себеп тек шағым жасалған сот қаулыларымен мүдделеріне нұқса келтірілген адамдардың шағымдары бола алады. Осы мүдделі адамдардың шеңбері кассациялық тәртіппен сот қаулыларына шағым беруге құқығы бар адамдардың шеңбері ауқымды.

Қадағалау тәртібімен наразылық келтіру үшін негіздердің тізбесі қолданыстағы РФ АІЖК-нде қамтылмаған. Осыған байланысты Пленум соттарға АІЖК-нің 330-бабына сәйкес талап етілген іс бойынша шешімге, ұйғарымға немесе қаулыға наразылық келтіруге негіз материалдық құқық нормаларын дұрыс

қолданбау немесе түсіндірмеу не заңсыз шешім, ұйғарым, қаулы шығаруға әкеп соққан процессуалды құқық нормаларын елеулі бұзу болып табылатынына жөн сілтейді.

РФ Жоғарғы сот азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және жалпы құзырлы соттардың қарауына жататын өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады. Ол жалпы құзырлы соттардың қызметіне сот қадағалауын жүзеге асырады және сот тәжірибесі мәселелері жөнінде түсінік береді (РФ Конституциясының 126-бабы). РФ Жоғарғы соты жоғары буын ретінде жалпы құзырлы федералды сот жүйесін бақарады.

Жоғарғы сот оның құзыретіне жатқызылған барлық істер бойынша соңғы сот сатысы болып табылады; қадағалау тәртібімен әскери және мамандандырылған соттарды қоса алғанда, кез келген іс бойынша төменгі тұрған соттың кез келген шешімін тексеруге құқылы; заң шығару бастамасының құқығына ие; РФ Президенттің іс-әрекеттерінде қылмыс белгілерінің болуы туралы қорытынды шығарады (ресім шеңберінде Президентті қызметтен аластату)¹⁰⁰.

6. Қазақстан Республикасында сот-құқықтық реформасын жүргізу барысында шет елдердің сот жүйесін ұйымдастыру тәжірибесін жалпы және ерекше пайдалану

Қазіргі түрлі басылымдардағы жарияланымдарды қатар талдау Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ бұрынғы КСРО мемлекеттері жасаған жаңа сот жүйесін конституциялық таңдауды жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болар сәтте еліміздің конституциялық саясаты үшін кейбір батыс еуропалық дәстүрлердің жолын қуу, ең алдымен Францияның құқықтық жүйесі тәжірибесінің рецепция мүмкіндіктерін пайдалану тән болса, қазіргі кезеңде, біздің көзқарасымызша, коммунистік өткен кезеңдердің бедерін сақтаған елдердің конструктивтік тәжірибесін ескеру орынды болар еді. Құқықтық реформа барысында туындаған проблемалар құқықтық мемлекеттің құрылысына ғана емес, коммунизмнен, социализмнен басқарудың демократиялық нысанына өту сияқты аралық және іргелі міндеттерге қол жеткізуге байланысты. Сот билігі тармағындағы аса маңызды міндеттердің бірі тоталитарлық жүйеге байланысты ескі басқарушы қабатты жаңа құндылықтар енгізуге тырысатын жаңа күштермен ауыстыру болып табылады.

Елімізде құқықтық реформаның басым бағыттарының бірі ҚР Конституциясында жария етілген сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Осы міндеттің маңызды қыры сот персоналын ұйымдастырушылық басқару проблемасы болып табылады.

¹⁰⁰

Сот органдарының тәуелсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ете алатын көптеген ұйымдастырушылық үлгілерді жорамалдауға болар еді. Алайда мұның барлығы тек үлгі, мысал екенін ұмытпауымыз керек. Түрлі елдердің конституциялары мен заңдарының мәтіндері конституцияларды әзірлеушілер мен сот жүйесінің негізгі нормаларын тұжырымдайтын заң шығарушылардың кеңінен таңдауына мүмкіндік береді.

Өзін-өзі басқару сотының үлгісі кейбір батыс еуропалық мемлекеттердің (Италия, Испания, Франция) конституциясының тәжірибесімен әзірленгені белгілі. Тәжірибе көрсеткендей, «өзін-өзі басқару» терминін байқап пайдалану керек. Толыққанды өзін-өзі басқару туралы, егер жоғары сот кеңестерінің барлық мүшелерін судьялар қоғамдастығының айрықша органы сайлағанда ғана айтуға болады. Екінші жағынан, егер судьялар өз құқығында сот кеңестерінің мүшелерін тікелей сайлау құқығы шектелсе де, бұл өз-өзінен туындайтын сот табын қалыптастыру қаупін алдын алуға бейім. Болгариядағы және Румыниядағы сот билігін ұйымдастыру тәжірибесі, кез келген мүмкіндіктің биліктің басқа тармақтары бола алатын, жанама жолмен жүзеге асырылатын, сот қызметкерлерін басқаруға жауапты органдарды қалыптастыруды және құрамын бақылау арқылы әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Әрине, мұндай шешім сот билігін басқару органдарымен қарым-қатынастарда басқа билік тармақтарының өкілдері тарапынан алауыздықтар мен сындардың болуын жоққа шығармайды. Мысал ретінде Румыния Президенті Илиескудың белгілі бір сот шешімдеріне оның сынына жауап ретінде импичменті туралы ұсынысын келтіруге болады. Президентті қызметінен аластату туралы істі қозғау туралы ұсынысты Конституциялық сот негізсіз деп тауып, содан кейін Парламент кейін қайтарды. Хорватия сот жүйесін басқару органы сот билігінің атқарушылық билік тарапынан болатын қысымнан сақтандырылмағанын көрсетті.

Осы аяда, біздіңше, Венгрия Ұлттық сот кеңесінің жұмыс тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Батыс еуроплық мемлекеттер танадаған өзін-өзі басқару үлгісі әдетте саяси органдарды заң шығарушы және атқару билікке бөлсе, онда сот билігінің жұмыс істеуіне байланысты бірқатар өкілеттіктер жүзеге асырылады. Қазақстанның құқықтық жүйесі үшін де, басқа мемлекеттер үшін де осы мәселе өзекті болып табылады. сондықтан Венгрияның тәжірибесін мемлекеттік жоғары сот органы ретінде сот билігі ұсынған жылдық бюджетті қолдау, түрлі сот органдарына жәе судьялардың жалабысын төлеу қорына қаражат бөлу тұрғысынан қабылдаған орынды. Осындай шешімдер кең мағынада сот билігінің дербестік тұжырымдамасына да саяды. Ол сот билігіне араласудан барынша шет болу және биліктің басқа тармақтары тарапынан қысымның болмауына бағытталған, сондай-ақ сот қызметін ұйымдарудың халықаралық қағидаттарына да сай келеді.

7. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған қылмыс және билікті теріс пайдалану құрбандары үшін сот төрелігі негізгі қағидаттарының декларациясы.
2. 1985 жылғы 13 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданған Судьялар тәуелсіздігінің негізгі қағидаттары.
3. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (Минск, 22 қаңтар 1993 жыл). Қараңыз: Халықаралық құқық бойынша жинақ. 1-том.- Алматы: «Сақ» АҚ, 1998. – 506-533-беттер.
4. *Мидор Д. Дж.* Американские суды. – Сент-Пол, Миннесота, 1991.
5. Конституционное (государственное) право зарубежных стран /Б.А.Страшунный редакциялығымен. – М., 1995. – 610-бет.
6. *Чиркин В.Е.* Конституционное право зарубежных стран. – М., 1997. – 296-бет.
7. *Токвил А. де.* Демократия в Америке. – М.: Прогресс, 1992. – 120-бет.
8. *Гуценко КүФ., Ковалев В.М.* Правоохранительные органы. – М.:Зерцало, 2000.
9. *Стецовский Ю.И.* Судебная власть. – М.:Дело, 1999.
10. *Радченко В.* Вопросы независимости суда в Российской Федерации. Жинақта: Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998..
11. *Максуддов О.* Судебно-правовая реформа в Азербайджанской Республике. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
12. *Баекова Ч.* Судебно-правовая реформа в Кыргызской Республике. Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
13. *Каженов А.* Механизм исполнения договоров, заключенных в рамках Содружества Независимых Государств, Союза Беларусь – Россия и «Союза четырех». Жинақта: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана, 1998.
14. *Махов В.Н., Пешков М.А.* Уголовный процесс США (досудебные стадии). – М., 1998.
15. *Морщакова Т.Г., Швецоа В.И.* Судостроительство в Российской Федерации. – М., 1996.
16. Судебные системы западных государств / В.А. Тумановтың редакциялығымен. – М., 1991.
17. Конституции 16 стран мира. / Құрастырғандар Ж. Баишев, К?Шәкіров. – Алматы, 1995.
18. Права человека и судопроизводство (Собрание международных документов). – Варшава, 1996.
19. *Решетников Ф.М.* Правовые системы стран мира. Справочник. – М., 1993ү
20. Рене Д., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности. – М., 1996.
21. *Боботов С.Ф.* Правосудие во Франции. – М., 1994.
22. *Власов И.* Как происходит назначение на судебские должности в различных странах // Российская юстиция. – 1993. - № 14.
23. *Ржевский В.А., Чепурнова Н.М.* Судебная власть в Российской Федерации. – М., 1998.
24. *Уолкер О.* Английская судебная система. – М., 1980.
25. Уголовная юстиция. Проблемы международного сотрудничества. – М., 1995.
26. *Радутная Н.* Суд присяжных в зарубежных правовых системах // Советская юстиция. – 1993. - № 4-5.